

*Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шайпақ...*  
АБАЙ.

ISSN 2410-6712



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**5/2020**

**МАМЫР**

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

### Тарих тағылымы

<b>К. ҚАЙЫРБЕК.</b>	
<b>М. ӘДІЛХАН.</b>	Телжан Шонанұлы – ел ескілігін жинаушы.....3

### Өнегелі өмір

<b>К. АБЫЛКАСЫМОВА.</b>	Ұстаз ғалым ұлағаты .....11
-------------------------	-----------------------------

### Абай әлемі

<b>Ж. М. АЛДАБЕРГЕНОВА.</b>	Абай Құнанбайұлы – ұлы ақын.....18
<b>К.К. КУМПЕИСОВА.</b>	Абай – дана, Абай – дара қазақта.....22
<b>Б. Т. МУРЫНБАЕВА.</b>	“Біржан мен Сара” айтысының поэтикалық тілі.....33

### Авторлық бағдарлама

<b>Б. Ғ. ҒАЛЫМЖАНОВ.</b>	“Мәшһүртану”элективті курсы бойынша тақырыптық-
<b>М. Ә. ӘБУОВА.</b>	күнтізбелік жоспар.....43

### Ұстаз ұсынысы

<b>Б. С. БАЙДИЛЬДИНА.</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында белсенді оқыту әдістерін қолданудың тиімділігі.....58
<b>Г. Ж. НАУШИНА.</b>	Қашықтан оқыту – оқу формасының жаңа түрі.....64

### Ізденген жетер мұратқа

<b>С. С. БЕКБЕНБЕТОВА.</b>	Поэма жанрының ерекшелігі.....67
<b>А. М. МЫРЗАБАЕВА.</b>	
<b>Д. А. САТЕМИРОВА.</b>	Кейіпкер жасаудағы жазушы шеберлігі.....77

### Колледж кеністігінде

<b>М. Е. АҚТАЖИЕВА.</b>	Синонимдер.....84
-------------------------	-------------------

### Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

<b>З.Т. МУХАМЕДЬЯРОВА.</b>	Бердібек Сокпақбаев “Менің атым – Қожа” .....95
<b>Т.К. БАЙМУРЗИНА.</b>	М.Сәрсекке “Қаныш Сәтбаев” роман-эссесі.....102
<b>А.С. ГУМАРОВА.</b>	Махамбет “Мен, мен едім, мен едім” .....110
<b>Н. Г. МУХАНГАЛИЕВ.</b>	Қазақ балуандары.....116
<b>Ж. А. САҒЫНОВА.</b>	С. Мұратбеков “Жусан иісі” .....121

### Қазақ тілі: ортақ әдіс, озық тәжірибе

<b>Б. Қ. ТЕМЕРХАНОВА.</b>	Бесікке салу.....130
---------------------------	----------------------

К. ҚАЙЫРБЕК,  
Филология ғылымдарының  
кандидаты, қауымдастырылған  
профессор.

М. ӘДІЛХАН,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия  
Ұлттық университеті,  
филология факультетінің  
4-курс студенті.  
Астана қаласы

## ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫ – ЕЛ ЕСКІЛІГІН ЖИНАУШЫ

### **Аңдатпа:**

Бұл мақалада Алаш ұранды әдебиеттің көшбасшыларымен бірге тізе қосып, халқының саяси да, рухани да дамуы жолында тер төккен Алаш білімпаздарының бірі де бірегейі Т.Шонанұлының халық арасындағы ел ескілігін жинаушы, фольклортанушы ғалым, жан-жақты азамат ретіндегі тұлғасы туралы сөз болады.

### **Түйін сөздер:**

Алаш қайраткері, фольклортанушы, қазақ ауыз әдебиеті.

### **Summary:**

*In this article "Alash-Orda" together with the leaders of literature, who made a huge contribution to the political and spiritual development of the people, is one of the outstanding experts of Alash-Orda. We are talking about personality Connoly as a scientist-folklorist, full citizen, collector of ancient people.*

### **Key words:**

*public figure, folklorist, kazakh folklore.*

Ауыз әдебиеті нұсқаларын жинау, жариялау ісі алаш дәуірінде ыждағаттылықпен қолға алынды. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары ауыз әдебиеті материалдарында елдің тарихы, рухани қазынасы, дидактикалық ой-тұжырымы сақталған деп білді. Ауыз әдебиеті нұсқаларын ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басында жарық көрген алғашқы қазақ газеттерінде жариялау жолға

қойылды. Ағартушы Т.Шонанұлы да өз еңбектерінде ауыз әдебиеті материалдарын көп қолданды, барынша ел ескіліктерін молынан жинауға тырысты.

«Ел ескілігі» деген сөз академик жазушы М.Әуезов еңбектерінде аталады. Бұл ең алдымен халықтың ауыз әдебиеті, фольклоры. Ол – жазу-сызу өнері болмаған ерте кезде халықтың тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық өмірін, шаруашылығын, кәсібін, қуанышы мен күйінішін, дүние танудағы көзқарасын білдіруде қолданған ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі. Осы турасында ағартушы ғалым өз еңбектерінде сан-салалы ой қозғап, тіпті кейбір бөлшектерін пайдаланған.

Мәселен ағартушы ғалымның «Жаңалық (әліппе)» атты оқу құралынан мынадай санамақты кездестіруге болады:

<i>Т. Шонанұлы «Жаңалық (әліппе)»</i>	<i>Бабалар сөзі</i>	<i>Қасқабасов С.А., Аймұхамбет Ж.Ә. «Қазақ фольклоры»</i>
<i>Саусақ санау Жұмбақ Бірім – бірім; Екім – екім; ...Он бірім; Оны тапшы Ай күнім! Шешуі Бір дегінің – білеу; Екі дегінің – егеу; ...Он дегінің – оймақ; Он бір – қара жұмбақ [1, 248].</i>	<i>Санамақ ( III түрі )  Бірім – бір, Екім – екі, ...Он бірім, Оны тапшы ай- күнім? Бір дегінің – білеу, Екі дегінің – егеу, ...Он дегінің – оймақ Он бір – қара жұмбақ [2, 183].</i>	<i>Бір дегенім білеу, Екі дегенім егеу, Үш дегенім үскі, Төрт дегенім төсек, Бес дегенім бесік, Алты дегенім асық, Жеті дегенім желке, Сегіз дегенім серке, Тоғыз дегенім торқа, Он дегенім оймақ, Он бір қара жұмбақ [3, 60].</i>

Жұмбақ түрінде жасалған бұл санамақ әдістемелік еңбек негізінде оқушыға түсінікті, ықшам, естір құлаққа да, жаттар ауызға да онай құрылған. Дыбыстық үйлесімде жасалған мұндай өлеңдер баланы қызықтырып қана қоймай, соның негізінде сандарды жаттауға да жеңілдік туғызады. Міне, сондықтан да автор әдістемелік еңбегінде балалар фольклорына тиесілі осындай ойнақы, жеңіл санамақты баланың қызығушылығын оятып, ой-өрісін ұштау үшін пайдаланған.

Ауыз әдебиетінің бірден бір артықшылығы – варианттарының көп болуы дейтін болсақ, демек, Т. Шонанұлы келтірген санамақтың да қазіргі таңда бірнеше нұсқасы бар деген сөз. Осыған орай, біз Т. Шонанұлының 1931 жылы жарық көрген «Жаңалық» атты әліппе кітабындағы кездестірген санамағымызды қазіргі таңдағы оқулықтардағы нұсқасымен салыстырған болатынбыз. Өздеріңіз көріп тұрғандарыңыздай, айырмашылық бірлі-жарым ғана. Айта кетерлік бір жайт, Т. Шонанұлы нұсқасында санамақтың үшінші тармағындағы «үшкі» дұрысында «үскі» болуы шарт. Себебі «үшкі» деген сөз жоқ. Ал *«үскі дегеніміз – ағаш кесу үшін қолданылатын құрал»*. Одан бөлек біз бұл санамақты мектеп оқулықтарынан іздестірдік. Қызығы – еш өзгеріс жоқ, тек алғашқы тармақтағы «білеу» сөзін, «білім» сөзімен алмастырған. Шалғы, орақ жону үшін қолайлы қайрақтың атауын біліммен ауыстыруда да бір мән жатқан болар. Назар аударар болсақ, Т. Шонанұлы нұсқасында санамақ басында кездесетін алғашқы үш санның екеуі егіншілік шаруашылығында пайдаланылатын құрал-сайман атауымен байланысты. Ол сол кезеңдегі тарихи жағдайдың ықпалынан десек, бертін келе осы нұсқаның «біліммен» ауысуы да тарихи жағдай, яғни қазіргі заман талабынан болар. Дей тұрғанмен, Т. Шонанұлының нұсқасы да қазіргі қолданысқа енсе екен дейміз. Себебі қазірде қолданылу аясы тар, тек кәсіби сөз ретінде ғана қолданылатын қайрақ атауын оқушылар ерте бастан біліп, оның одан әрі қарай дәріптелуіне ықпал етсе, нұр үстіне нұр болушы еді.

Жоғарыда атап өткеніміздей фольклор халықтың тұрмысына, өмір қалыбына сай құрылады. Сондықтан ауыз әдебиетінде «ғұрыптық фольклор» деген ұғым қалыптасқан. Сондай ғұрыптық фольклордың бірін ағартушы ғалым еңбектерінен молынан кездестіруге болады. ***Солардың бірі – «Жау, жаңбыр» өлеңі.*** Аталмыш өлең ғұрыптық фольклордың магиялық түріне жатады. Себебі өлеңде ауа райына магиялық әдіс арқылы ықпал жасалған. Оны өлеңдегі мынадай жолдармен дәлелдеуге болады:

*Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбыр!*

*Жау, егіннің көгі өссін! [1, 174]*

Негізінен мұндай өлеңдер бұрын сол тасаттық жасалған кезде орындалатын болған. Бұл өлеңдердің бірден-бір ерекшелігі – қайталау сөздердің көп болуында. Ондағы мақсат әрбір қайталанып отырған сөз магиялық жүкті арқалайды. Мұндай ғұрыптарда магиялық, анемистік сенім іздері жатады. Бұл белгілі бір таңда табиғаттан тыс күштің рақымын түсіру мақсатында орындалады. Жоғарыда атап өткеніміздей, ауыз әдебиетіндегі нұсқалардың көптігіне орай біз бұл жолғы өлеңімізді «Бабалар сөзімен» салыстырған болатынбыз [2, 78]. Айырмашылықтар кездесті. Тек алғашқы екі тармақ қана барлығына ортақ болды да, қалған жолдар өзгешеленді. Алайда мағына еш өзгермеген. Бұл дегеніміз, ауыз әдебиеті нұсқалары көптігінің тағы бір дәлелі. Арбау өлеңдерінен бөлек ағартушы ғалымның еңбегінен төрт түлікке қатысты да небір-небір ғұрыптық фольклорды кезіктіруге болады. Солардың бірі: «Бөбектің өлеңі».

*Тоқтышығым, тоғыз тап!*

*Саулық қойым, сегіз тап,*

*Сегізін де семіз тап! [1, 174]*

– деп басталатын бұл өлең қазақ халқының көшпелі жағдайда болғандығын, мал шаруашылығын кәсіп еткендігін аңғартады. Сол кездерде жесе – азық, кесе – киім, мінсе – көлік болатын төрт түлік мал экономиканың басқа түрі дамымаған көшпелі жағдайда өмір сүретін халық үшін тіршілік тірегі болатын. Сондықтан да өзінің тұрмыс-тіршілігінде ерекше орын алған, пайдасы тиіп, қызметі сіңген төрт түлік мал жайында қазақ халқы ерте заманда-ақ осындай неше түрлі әңгіме, жыр, өлеңдер шығарған. Сондай-ақ бұл өлеңдерде мал шаруашылығын кәсіп еткен адамның ой-арманы, тілек-мүддесі көрінеді. Мәселен:

*Тоқтышығым, тоғыз тап!*

*Саулық қойым, сегіз тап,*

*Сегізін де семіз тап!...*, – деген өлең жолдар арқылы мал басының өсімтал болуын тілейді.

<i>Т. Шонанұлы «Қазақ тілі. Грамматика мен емле»</i>	<i>Бабалар сөзі</i>
<i>Бөбектің өлеңі Тоқтышығым, тоғыз тап! Саулық қойым, сегіз тап, Сегізін де семіз тап!  Бөкен жүнді, бөрте ешкім...</i>	<i>Бөбектің тілегі Тоқтышағым, тоғыз тап, Саулық қойым, сегіз тап, Сегізін де семіз тап! Құла бием, құлын тап, Құлын тапсаң, құнан тап! Бөкен жүнді бөрте ешкім... [2, 95]</i>

Шығарманың «Бөбектің өлеңі» немесе «Бөбектің тілегі» деп аталуы да тегін емес. Себебі қазақ баланы періштеге теңеген. Сондықтан да бала тілегі жерде қалмайды деп білген. Т. Шонанұлы мен Бабалар сөзіндегі айырмашылықтарға келер болсақ, ауыз толтырып айтарлықтай айырмашылық жоқ. Бабалар сөзінде Т.Шонанұлымен салыстырмалы түрде тармақ саны басым, былайша айтқанда, толық жасақталған. Сондай-ақ, дыбыстық өзгерістер тұрғысынан да бірлі-жарым айырмашылықтар бар. Мәселен: «тоқтышығым-тоқтышағым», «әукелері-әукесі оның», «егіз-өгіз», «елемесін қайысып - көрмесін бір қайысып», «атымтай- атамдай». Соның ішінде «егіз-өгіз» дегендерге тоқталар болсақ, қай жағдайды алып қарасаңыз да екеуі де бір-бірінен кем түспейді. Мәселен, «егіз» дер болсақ, мал басының көбеюін тілеп тұр, ал «өгіз» дер болсақ, төрт түлігінің қонды болуын қалап тұр. Десек те, өлең мағынасына «өгіз» сөзі көбірек үйлеседі. Ағартушы ғалымның еңбегіндегі төрт түлік мал туралы шығармалар бұнымен бітпейді.

<i>Т. Шонанұлы «Жаңалық (әліппе)»</i>	<i>Бабалар сөзі</i>
<i>Ешкі Ешкі қойды бастаған. Қойды артына тастаған Сойса, қаны қалақтай, Сауса, сүті бұлақтай. Тастан тасқа секіріп, Ойнағанын қайтесің Жауын жасуа қозғалып, Шек! десе де иесі Болмағанын қайтесің [1, 241].</i>	<i>Ешкі Ешкі қойды бастаған, Қойды артына тастаған. Ешкі деген жануар, Сойса, саны қалақтай, Сауса, сүті бұлақтай. «Баста!» десең, бастаған, Қайырып мүйізін тастаған. Жанына лақ келгенде, Сүзіп-сүзіп тастаған. Жалғыз қонақ келгенде...[2, 105]</i>

Мәселен, жоғарыда келтірілген мына бір өлең төрт түліктің, соның ішінде, ешкі малының, жекелік қасиетін айғақтап тұр. Оның отарды бастап, жайылымға апарып, әкелетін қасиетін аңғартуда. Сүтінің бұлақтай, санының қалақтай екендігінен хабар беруде. Сонымен қатар етінің қаншалықты қонды, қанша қонаққа жарамдылығынан да хабардар етуде. Осы турасында халық арасында «ешкі сойып жесең – бір күндік, сауып ішсең – мың күндік» деген мақал да бар. Мал бағуды ежелден кәсіп еткен біздің халық ешкіні негізінен төрт түлік қатарына қоспаған, тек қойға қосақтап айтқан. Десе де ол ешкінің қадірін түсінуге еш кедергі болмаған. Керісінше халық өте өсімтал болып келетін ешкінің өзін-өзі ақтап шығатын мейлінше тиімді түлік екендігін білген.

Халқымыздың малды жоғары бағалағаны бұрыннан белгілі. Түйені – байлық, салтанат, жылқыны – сәндік, мақтан, сиырды – ақтық, қанағат, қойды – қазына, мырзалық санаған. Тіпті бауыр еті балаларын да құлшына сүйіп, өбектеген аналарымыз «Айналайынына» жалғастырып, төрт түлік малдың төлдерінің атауымен «Ботам, құлыным, қозым, қошаканым» деп атаған. Дәл осылай төл атауларымен атай отырып сүйсінуде де философиялық терең мағына жатса керек-ті. Біздің халық төрт түлік малдың өз төлін қалай және қаншалықты сүйетіндігін, оларды қалай атайтындығын да жырларына қосқан. Мәселен:

<i>Т. Шонанұлы «Жаңалық (әліппе)»</i>	<i>Бабалар сөзі</i>	<i>Қасқабасов С.А., Аймаұхамбет Ж.Ә. «Қазақ фольклоры»</i>
<i>Баласын сүйу Қой сүйеді баласын: «қоңырым» деп, ...Түйе сүйер баласын: «тайлағым» деп, Жабу жапса жарасқан жайнағым деп.</i>	<i>Баласын сую Қой сүйеді баласын «қоңырым» деп, ...Түйе сүйеді баласын «боташым» деп, «Жаудыраған көзіңнен тоташым!» деп.</i>	<i>Қой сүйеді баласын «қоңырым» деп, ...Түйе сүйеді баласын «боташым» деп, Жаудыраған көзіңнен «тоташым» деп [3, 69].</i>



<p><i>...Жылқы баласын деп, Жүгіруден тұлпарым 259).</i></p>	<p><i>сүйер «шұбарым» жазбаған деп [1,</i></p>	<p><i>...Жылқы баласын деп, «Тұлпар болып жүгірер жұрыным!» деп... [2, 96]</i></p>	
--	--	--	--

Мұндай өлендер бұғанасы қатпаған жас балаларға төрт түліктің тұқымдық жүйесінен өрбитін атауларын жаттауға, жадында сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар әрбір төрт түліктің өзіне ғана тән ерекшелігін аңғартады, қасиетін, мінезін айыруға мүмкіндік береді. Онысын қоя бергенде, адам бойындағы ең асыл қасиет – мейірімділікті дарытады. Мал екеш малдың өзі төліне мейірленетіндігін түсінген бала, жалпы әлемге мейірімді болуды үйренеді, нұрын шашады. Ал енді айырмашылықтарға келер болсақ, әдеттегідей Бабалар сөзінде толық нұсқа сақталған. Бірлі-жарым айырмашылықтар кездеседі. Мәселен: Т. Шонанұлы нұсқасында түйенің төлі «тайлағым» деп аталса, Бабалар сөзінде ол «боташым» деп өзгереді. Негізінен келгенде екеуі де түйе төлінің атауы. Тек жас айырмашылығына байланысты атаулары өзгерген. Бабалар сөзіндегі «боташым» түйенің жас төлі болса, ал «тайлағым» екіге толмаған түйе төлі. Келесі тармағындағы «Жабу жапса жарасқан жайнағым деп» пен «Жаудыраған көзіңнен тоташым!» дептің мағынасында айтарлықтай айырмашылық жоқ, яғни екі жағдай да төлінің сұлулығына, сүйкімділігіне негізделген. Десек те, мектеп оқулықтарында Т.Шонанұлының нұсқасы көбірек пайдаланылады. Келесі кезекті «шұбарым» мен «құлынымға» берсек, жоғарыда келтірілген мысалдағыдай мұндағы айырмашылық жас ерекшелігіне байланысты емес, мағына кәдімгідей өзгерген. «Шұбарым» дегендегі «шұбар» алабажақ түс атауы, ал «құлыным» жылқының алты айға дейінгі төлі. Байқағанымыздай екеуі екі бөлек сөз. Дегенмен де Т. Шонанұлы нұсқасындағы «шұбар» жылқының жекелік қасиетіне, яғни түр-сипатындағы ерекшелігіне байланысты аталуы мүмкін ғой. Дәл осы шумақтың келесі тармағында да едәуір айырмашылық бар:

«Жүгіруден жазбаған тұлпарым деп» ол енді түсінікті, пайымдауды қажет етпейді. Ал «Тұлпар болып жүгірер жұрыным!» деп» дегендегі «жұрыным» түсіндірмені қажетсінеді. «Жұрыным» дегендегі «жұрын» – тігілген киімдерден қалған не иленген терінің қиындысы:шап, бақай, мойын терісінің атауы. Мұндағы «жұрыным» сөзінің қолданысы, біздің ойымызша, «қарға баласын «аппағым» деп, кірпі баласын «жұмсағым» деп» қолданылатын халық мақалындағы қолданысқа негізделіп жасалған. Міне, осындай сынды өлеңдер ең алдымен «Жан-мал аман ба?» деп емес, «Мал-жан аман ба?» деп сұрайтын «Құланның құлағына ойнаған» малжалды қазақ ұрпағы үшін аса қажет.

Қорытындылай келе айтарымыз, Т. Шонанұлы – халқының ертеңі үшін еңбек еткен ерен тұлға. Ол – көптеген ғылым салалардың тізгінін ұстап бір арнаға тоғыстыра білген тағылымы мол тұлға, нағыз тарих. Біз өз мақаламызда Т. Шонановтай ардақты азаматтың бір ғана қырын ашып көрсеттік. Ол – Т.Шонанұлының ата-бабаларымыз қалдырған мол қазынаға бей-жай қарамай оны жинап, ел игілігіне жарата білуі, ел арасындағы ескіліктер, фольклорлық мұраларды жинауы деп білеміз. Т.Шонанұлы – дарынымен даралай шыққан жан-жақты тұлға. Оның еңбектері қай саланың болса да кәдесіне жарап, қадірлейтін құрметтісіне айналар құнды деректер. Сондықтан да Т.Шонанұлының өмір жолы мен еңбек жолын, құнды еңбектерін зерттеп, зерделеу, ғылымның көкжиегіне көтеру – біз үшін кезек күттірмес мәселе болмақ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: – Мемлекеттік тілді дамыту институты. – 2015.
2. Бабалар сөзі:Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т. 72:Балалар Фольклоры. – 440 бет.
3. Қазақ фольклоры. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық/Қасқабасов С.А.,Аймұхамбет Ж.Ә. -Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2017. – 300 бет.

## ҰСТАЗ-ҒАЛЫМ ҰЛАҒАТЫ

Ұстаз және ұстаздық ұлағат... Осы бір өзара үндескен сөз тіркестерінде қаншама терең де мазмұнды ой, өткен өмір белестерінің қиындығы мен қызығы, жемісті жылдар нәтижесі көрініс тапқандай. «Ұстаз» сөзінің мағынасы өте кең, әрқашанда жоғары дәрежеде болғанын М.Жұмабаевтың: *«Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдікі»*, – деп мұғалімнің халықтық дүниетанымды қалыптастырудағы, жас ұрпақты қоғам талабына сай тәрбиелеудегі рөлін ерекше бағалаған пікірі айғақтайды. Әрбір мұғалімнің өсу, өрлеу жолы әр қилы болғанымен, олардың бойындағы ортақ қасиет – халықтың мүддесіне қызмет ету. Міне, осындай абзал жандардың бірі, еңбек жолын ауыл мектебінің қарапайым мұғалімдігінен бастап, бүгінде еліміздегі жоғары оқу орындарының санатындағы – Құрлық әскерлері әскери институтының мемлекеттік тіл кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент **ТАМАЕВА Биғат Ғайсақызы**.

Үлкенге – құрметі, кішіге – ізеті мол қазақтың қайсар қызына сай жігермен білім саласында еңбек етіп жүрген жанның өмір деректеріне көз жіберсек: 1960 жылы 5 наурызда Алтай өлкесі, Құлынды ауданы, Қаракөл ауылында дүниеге келген екен. Ресей Федерациясының аумағына өтіп кеткен Қаракөлдің жері құнарлы, суы мол, ауасы таза, жазда соққан самалдан жұпар исі аңқып тұрады. Биғат Ғайсақызы отбасының кенжесі болғанымен, жастайынан

жігерлі, қайсар, есті қыз болып өсті. 1986 жылы жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін бітіріп, 1986-1988 жылдары Ақтөбе облысы, Шалқар ауданындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып орналасады. Сонымен қатар өзінің қызметіне деген жауапкершілігі мен іскерлігінің арқасында мектеп директорының оқу жұмыстары бойынша орынбасары болып тағайындалады.

1988-1990 жылдары Алматы қаласындағы Қазақ ССР Ғылым Академиясы А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі ғылыми-зерттеу институтына ғылыми қызметкер болып орналасады. Тіл білімінің күрделі лексикология, грамматика, этнолингвистика, тіл мәдениеті, бір сөзбен айтқанда, жалпы тіл теориясы саласында уақыт тынысымен келген жаңа бағыттағы ізденушілік жұмыстарды жүргізумен айналыса бастайды. Ғылыми ізденістерінің нәтижесінде 1992 жылы Түркі тілдерінің арнайы мамандандырылған кеңесінде Б. Тамаева **«Қазақ тіліндегі сый-құрмет мағыналы сөздердің семантикалық топтары» тақырыбында** кандидаттық диссертация қорғайды. 1991-2001 жылдар аралығында Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде аға оқытушы, филология факультеті деканының оқу-ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарады. 2002 жылы Қазақстан Республикасының Жоғары Аттестациялық кеңесінің шешімімен «доцент» атағы беріледі. Университетте тіл теориясынан студенттер мен магистранттарға дәріс оқи жүріп, Б. Тамаева сол жылдардағы қазақ халқы үшін ұлттық жаңғыру мен егемен мемлекет ретінде қалыптасу процесіндегі игі бастамалардың біршамасына жетекшілік жасайды. Атап айтсақ, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын студенттердің оқу-әдістемелік жұмыстарын, әлеуметтік жағдайларын ұйымдастыру, кафедралардың ғылыми-лабораториялық тұрғыдан қамтамасыз ету, студенттердің қазақ ақын-жазушыларымен кездесулерін, ғылыми-тәжірибелік конференцияларды, әртүрлі мәдени шараларды өткізу сынды қомақты істердің атқарылуына

қосқан үлесі мол болғаны мәлім. Осы мәселеге байланысты баспасөз беттерінде шыққан мақалалары да ана тіліміздің теориялық мәселелерін жеткізе отырып, көпшілікті қазақ сөз өнерімен, салт-дәстүрімен таныстыру мақсатына жарап отырды. Филология факультетінде **«Елбасы – елдің тірегі», «Егемен болмай ер болмас», «Ұстаздық жол – өшпейтін із»** деген тақырыпта ұйымдастырған іс-шаралары мағыналы, мазмұнды, тартымды сипатымен айрықша әсер қалдырды.

2003-2006 жылдары Б.Тамаева Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Жалпы тіл білімі және салғастырмалы грамматика кафедрасының доценті ретінде тіл білімінің Жалпы тіл теориясы, Тіл біліміне кіріспе, Мәтін лингвистикасының негіздері, Тіл білімінің өзекті мәселелері, Лингвокультурология, Тіл мәдениеті ғылыми курстарынан студентер мен магистранттарға дәріс оқып, семинар жүргізеді. Осы жылдары докторлық диссертациясы талқылаудан өтіп, ғылыми диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынылды. Диссертациясының негізгі тұжырымдарымен байланысты жазылған ғылыми мақалалары Түркия, Қытай, Қырғызстан мемлекеттеріндегі халықаралық ғылыми-лингвистикалық, философиялық басылымдарда жарыққа шықты.

2006 жылы Биғат Ғайсақызы Қазақстан Қорғаныс министрлігінің Құрлық әскерлері әскери институтының мемлекеттік тіл кафедрасына жалпы конкурс бойынша сайланып кафедра меңгеруші қызметіне тағайындалады. Осы қызметке келуін өзі үшін ерекше рухани маңызды деп есептегені туралы ол сұхбатында: *«Елге барғанда ауыл мектебінің мұражайында әкемнің аты-жөні жазылған жалғыз құжат «Қызыл әскер билеті» көзіме оттай басылды. Әкем Ғайса Сәкенұлының жорық жолдарын айғақтайтын құжат ішінде талай тарихи деректер баршылық. Әсіресе, Ұлы Отан соғысында кеңес әскерлерінің тарихи жорық жолдары да осы құжаттан орын алған. Соғыстың төрт жылдан астам уақытындағы*

кезеңдері белгілі бір ірі шайқастардағы жеңістермен байланыстылығын тарих беттерінде қалғаны анық. Ірі ұрыстарда талай ер ел үшін, ұрпақ үшін жер жастанып, боздақтар қатарынан орын алды. Қарулас жолдастарының қиылған өмірі үшін жан аяспай жаумен бет-бет келіп шайқасқан Ғайса Сәкенұлының аталған құжаты әкеміздің майдан жолын деректейді. 1941 жылдың шілде айында Алтай өлкесі Құлынды ауданындағы жалғыз қазақ аулынан аттанған 42 азаматтың бірі болып майданға жол тартты. Осы алғашқы аттанған 42 азаматтың ішінен екеуі ғана туған ауылға оралады. Сол екеудің бірі – Ғайса Сәкенұлы 1945 жылдың 25 қыркүйегінде 1910 жылы туылғандығына орай әскери міндеттен босатылып елге қайтады», – деп ағынан жарылды. Елі мен жерін шынайы сүйетін патриот жастарды тәрбиелеудің қадірі мен жауапкершілігі айрықша деп түйіндеген Б. Тамаева қызметке келген күннен бастап, кафедраның моральдік-психологиялық ахуалын талапқа сай құра отырып, мемлекеттік тілдің әскери саладағы пәндері мен оның оқу-әдістемелік мазмұнын кеңейтуге бағыт ұстайды. Сол кезде іргесі енді ғана қалана бастаған кафедраны тиісті оқу-әдістемелік жабдықталуымен қамтамасыз етуге, ғылыми-әдістемелік ізденістерді жүргізуге, институт көлемінде қазақ тілінде мәдени шаралар өткізіп, асыл мұраларымызды курсанттардың рухани азығына айналдыруға мол үлес қосқан кафедра жұмысын кешенді түрде ұйымдастыруда Биғат Ғайсақызының еңбегі ерекше болды. Арнайы ғылыми дайындығы бар мамандар жоқ болғанмен озық ойлы, тәжірибелерімен танымал мұғалімдерді іздеп, институт талабына сай келетіндерімен кафедраның жұмысын атқарып келеді. Солардың қатарында Күлпаш Сейітқалиқызы, Ағия Сүгірәліқызы, Шынар Болатқызы, Бану Мұхтарқызы, Тілеужан Амангелдіқызы, Гүлнұр Жазылтайқызы, Айнұр Омарқызы мен Айгүл Нұғманқызы сияқты білікті педагогтарды айтуға болады.

Курсанттарға әр пән бойынша терең білім берумен қатар оқытушылардың кәсіби дәрежесін қалыптастыру ісі қатар

жүріп отырды. Кафедра меңгерушісінің оқытушыларды іске жұмылдыра білуінің, оқытушылық, зерттеушілік жақтарына талап қоя отырып, олардың өз саласы бойынша жазған еңбектерін, ізденімпаздығын, ғылымға деген қызығушылығын қолдауының нәтижесін кафедраның бүгінгі бағыттарынан, оқытушылардың ғылыми дәрежелерінің үнемі ілгерілеп отыруынан байқауға болады.

Б.Тамаеваның басшылығымен мемлекеттік тіл кафедрасы 2010 жылы **«Әскери қазақ тілі» оқулығын** шығарып қолданысқа енгізді. Құрлық әскерлері институтының курсанттарына әскери-патриоттық тәрбие беру мақсатында Биғат Ғайсақызының ұйымдастыруымен өткен Халық жазушысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Ә. Нұршайықовпен «Жалындап өткен жастық шақ» тақырыбында өткен кездесу кешінің тәрбиелік, мәдени маңызы жөнінде «Хабар» телеарнасында көрсетілім де берілді. Осы сынды кафедра меңгерушісінің басшылығымен «Әскери саладағы Мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері», «Тәуелсіздік – ерлік пен елдіктің ұстанымы», «Мемлекеттік тіл – жауынгер абыройы» және т.б. тақырыптағы дөңгелек үстелдер мен ғылыми конференциялар туған жерге, ана тілімізге деген курсанттардың құрметін, шығармашылық ізденісін оятуға мол септігін тигізгендігі ақиқат. Мысал ретінде осы кезеңде Республикалық деңгейде өткен «Ана тілі» атты байқауында институт курсанттарының бірінші орынды жеңіп алғандарын айтуға болады.

«Инемен құдық қазған тәріздес» соқтықпалы-соқпақсыз жолға түскен ұстаз, ғалым 2018 жылы **«Рухани жаңғырудың тірегі – мемлекеттік тіл» тақырыбында** институтта кезекті ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысын ұйымдастырып өткізді. Аталған ғылыми конференцияға ҚР Ғылым академиясынан, Алматы әкімшілігі жанындағы Тілдерді дамыту департаментінен, Радиотехника және байланыс әскери институтынан ғалымдар мен ұстаздар қатысып, осы іс-шараның мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудегі, жастардың бойында ұлттық

патриотизмді қалыптастырудағы маңыздылығын атап, ұйымдастырушыларға ыстық ілтипатарын білдірді.

Өз кезегінде Б.Тамаева Алматы қаласында өтетін мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты жиындар мен конференцияларда, институт курсанттарының алдында сөз сөйлеп, баяндамаларымен шығып отырады.

Бірде белгілі жазушы, бауыржантанушы Мамытбек Қалдыбай ағамыздың «Ерлерсіз ел – жетім» деген кітабын оқып отырып, кітаптағы Биғат Ғайсақызының мына пікірі мені біраз ойға жетеледі. *«Сіздің «Мен – халқымның Бауыржанымын» деген кітабыңызда Баукеңнің философиялық ой-толғамдары, түйіндері керемет көрсетілген. Ондағы соғыс философиясы, адамгершілік философиясы, тәртіп философиясы, ауылдың философиясы, өмірді, адамдарды танудағы Баукең тәжірибесі кеңінен ашылған. Бәрінен ол кісінің күрескерлік философиясы таңқаларлық, әлемге үлгі боларлық. Бұл сала – сала ғылым. Өкінішім: мұны зерттеуге әлі ешкім мән бермей жүр»* – деген ғалым пайымдаулары – батыр танымы ел үшін қызмет ету керек, ол болашақ ұрпақтың ұлттық дүниетанымындағы бірегей ұстаным екендігін ғылыми-методологиялық тұрғыдан таратып жеткізуі ғалымның ғылыми сараптамасы екенін айқын көруге болады. (М.Қ.86)

2010 жылдан бері Мемлекеттік тіл кафедрасының меңгерушісі Биғат Ғайсенқызы – Құрлық әскерлері әскери институтының профессоры. Бірнеше оқу құралдары мен сөздіктердің, ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша монографияның және 150-ден аса ғылыми-лингвистикалық, сондай-ақ публицистикалық мақалалар мен очерктердің авторы. Аталған еңбектерінде ұстаз, ғалым тіл саласының теориялық қырларына тоқтала отырып, жастарды адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу, патриоттық рухын көтеру, оларды бірлікке, сыйласымдылыққа үндеу мәселелерін әрқашанда назарында ұстайды.

Бүгінгі күнде 60 жастың асуына жеткен ұлағатты ұстаз, ғалым Б.Тамаева *«Өткен өмір белестерінен өзіңізге ең*



қымбат кезеңдерге тоқталсаңыз» – деген сауалымызға: «Менің өмірімдегі сәулелі сәттердің бастамасы – атамның сенімін ақтап, жоғары білім алғаным, еңбекке араласқаным, отбасын құрып, ұл-қызды болуым, өмір деректе көрсетілген қызметтерім. Соңғы жылдары туған ауылыма барып, мектебімде болған сәттерімді де айтар едім. Бұл мектеп өзге мектептен бөлек – қазақ мектебі. Өйткені мектеп тарихы кең, әрі заманның қандай желі соқса да мүжілмей, бүгілмей тұрған қазақ білімінің қара шаңырағы, талай талантты жастың қанатын биікке самғатқан өрісі кең білім ұясы. Өзіме бала кезден таныс мектеп дәлізіне кіргенде, оқушы кезім еріксіз есіме оралады.

Мектеп ішінің әр сыныбы, әр бұрышы балдәурен шақтың сан алуан қызықты сәттерін есіме түсірді. Бірінші қабаттағы ана бір бұрыштағы су ішер жерге үзіліс сайын жиналып, су ішуді ойынға айналдырып жіберетініміз, мұғалімдер бөлмесінен кім бірінші шығады дегенді білу үшін сынып болып кезекке тұратынымыз да балалық шақтың тарихына айналып, ол тарих мектеп шаңырағының еншісінде қала беріпті» – деп, өз ойын аса бір адами ізгі толғаныспен ортаға салды.

Өз ісіне берік, жауапты, айналасына абыройлы, іскер ұйымдастырушы, ізгілікті оқытушы Б.Тамаева ҚР ҚМ мен Құрлық әскерлері әскери институтының Құрмет грамоталары мен **«ҚР ҚҚҰ – 20жыл» мерейтойлық медалімен, «Еңбек ардагері» медалімен** марапатталған.


Иә, отбасында бір ұл, бір қыз тәрбиелеп өсіріп, Аруна, Айшолпан атты немерелерге «әже» атанған, Алпысбай Тамайұлындай абзал азаматқа аяулы жар бола білген, еңбек жолында жеткен жетістіктеріне көңіл тоярлық осынау рухани ұстанымы биік ұстаз, ғалым Бигат Ғайсенқызын 60 жасқа келуімен құттықтай отырып, отбасына амандық, зор денсаулық, еңбекте жаңа жетістіктер мен шығармашылық табыстар тілейміз!

## АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – ҰЛЫ АҚЫН

Дағды	Тыңдалым, айтылым
О қ ы т у мақсаттары	Т. 4.1.3.1 тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/ кластер құрастыру; А. 4.2.4.1 жоспар/ жазбаларын қолданып, мәтінді толық мазмұндау А. 4.5.1.2 көптік/тәуелдік/ септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/ жазбаша тілде қолдану;
Тілдік міндеттер	<i>Құжат, баспа, қолжазба, мақтаныш, ұлы, ақын, жазушы</i>
Алдыңғы білім	Ата, бата беріңіз!


### Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі	Жоспарланған оқыту іс-әрекеттер	уақыты	Оқыту ресурстары
Кіріспе	Оқушыларға « <b>Миға шабуыл</b> » ретінде мұғалім өзі бастап бірінші топқа өткен сабақтардағы жаңа сөздердің аудармасын сұрайды. <i>Бірінші топ-екінші топқа, екінші топ-үшінші топқа жаңа сөздерді жасайрады. Мейірімді- ..... шыдамды-..... Ақылды-..... жақсы-.....</i> Оқушылар адам бойында кездесетін қасиеттер туралы сөздерді қайталайды.	3 мин.	

	<p>Мұғалім оқушыларды мұқият тыңдайды. Оқушылар бір-бірін <b>«Шапалақ»</b> әдісі арқылы бағалайды.</p> <p><b>Жаңа сөздермен жұмыс.</b> <i>Құжат, баспа, қолжазба, мақтаным, ұлы, ақын, жазушы</i></p> <p><b>1. Осы сөздердің мағыналарын түсіндіру.</b> Қарапайым анықтама беру, сөйлем құру әдісі арқылы Мысалы, «ақын» деген сөзді меңгерту керек болса «өлең жазады» деп түсіндіріп, ары қарай мысалдар арқылы сөйлемде қолданылуын көрсеткен дұрыс.</p> <p><b>2. Дұрыс айтуға дағдыландыру:</b></p> <p><b>3. Жаңа сөздерден сөз тіркестерін құрастыру:</b></p> <p><b>4. Сөйлемдер құрастыру.</b></p> <p><b>5. Жаңа сөздерді сөздік дәптерге жазу.</b></p> <p>Мұғалім <b>«Жақсы! Тамаша! Керемет!»</b> – деп бағалайды.</p>	2 мин.	
Негізгі бөлім	<p>Жаңа тақырыпты түсіндіру үшін <b>«Ассоциация»</b> әдісі арқылы Ұлы Абайды сипаттап айтады. Интербелсенді тақтадан Ұлы Абайдың суретін көрсетеді.</p> <p><b>Айтылым. «Ойлан»</b> – <i>Суретке қара. Бұл кім?</i></p> <p>Сипаттаманы үлгі бойынша әр оқушы жалғастырып айтады.</p>  <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Қандай? сұрағына сәйкес жауап береді.</i></li> <li>• <i>Адамның бойындағы жақсы әдеттердің қазақша атауын біледі.</i></li> <li>• <i>Берілген әріптерге сәйкес сөзді тауып айтады.</i></li> </ul>	15 мин.	Суреттер, портрет, Оқулық, интербелсенді тақта, кестелер, қима қағаздар

<p>Абай Құнанбайұлы туралы 2 минуттық бейнематериал тамашалау. Берілген бейнематериалды тыңдата отырып, мұғалім оқушыларды ақынның өмірімен, таныстырады.</p> <p><b>Тыңдалым</b>  <b>«Бірін-бірі оқыту» стратегиясы</b> бойынша мәтін таратылады, мәтінді іштей оқиды. Әр топ өз тобында талдайды. Берілген кестелерді толтырады.</p> <p><b>Абай Құнанбайұлы – ұлы ақын</b>  <i>Абай Құнанбайұлы – қазақтың ұлы ақыны, сазгер, аудармашы. Ол әжесі Зере мен анасы Ұлжанның әңгіме, ертегі, аңыздарын тыңдап өскен.</i>  <i>Абай алғашқы өлеңін 10 жасында жазды.</i>  <i>Абайдың өлеңдері: «Әсемпаз болма әрнеге», «Қыс», «Жаз», «Жазғытұрым», «Күз». Ол араб, парсы тілдерінде кітап оқыған.</i>  Орыс тілінде жазылған мысалдарды қазақ тіліне аударған.</p> <p><b>Аудармалары:</b> <i>«Есек пен бұлбұл», «Піл мен қанден», «Қарға мен түлкі», «Әке мен бала», «Шегіртке мен құмырсқа».</i> Мысалдар адамды ақылды, өнерпаз, еңбекқор болуға шақырады.</p> <p><b>Абай Құнанбайұлы – ұлы тұлға.</b>  <b>1-топ.</b> Мәтін бойынша берілген ақынның кім екендігін анықтайды.  <b>2-топ.</b> Мәтіннен ақынның аудармаларын тауып оқып, ойын дәлелдейді.  <b>3-топ.</b> Мәтіннен ақынның өлеңдерінің атын тауып оқып, ойын дәлелдейді.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.</i></li> <li>• <i>Тақырыпқа қатысты сөздерді тауып, сөйлеу барысында қолданады.</i></li> <li>• <i>Өз ойларын дәлелдейді.</i></li> </ul> <p><b>Тыңдалым, айтылым</b>  Абай Құнанбайұлының жыл мезгілдері туралы өлеңдері тыңдалынып (немесе парақшалардан оқып), өлеңдерінің тақырыптарына сәйкес сурет салу.</p> <p><b>1-топ.</b> «Қыс» тақырыбына сурет салу;  <b>2-топ.</b> «Күз» тақырыбына сурет салу;  <b>3-топ.</b> «Жаз» тақырыбына сурет салу;</p>	<p>16 мин.</p>	<p>Топпен жұмыс</p> <p>оқулық</p>
---	----------------	-----------------------------------

	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тақырыпқа сәйкес суреттер салады.</li> <li>• Өз ойларын суретте бейнелеп,оны ауызша айта алады.</li> <li>• Жыл мезгілдерін ажырата біледі.</li> </ul>		
--	--	--	--

	<p><b>Рефлексия</b>  <b>«Білім себеті»</b> бүгінгі сабақтан үйренген, есте қалған 3 сөзді стикерге жазып, білім себетінің ішіне салады.</p>  <p><b>Үй жұмысы:</b> 4-тапсырма (ә)  120-121 беттер.Өленді жаттау.</p>	<p><b>4</b>  <b>мин.</b></p>	
--	--	----------------------------------	--

Оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеру.  
Мұғалім оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергендерін міндетті түрде тексеруі керек. Сабақтың өн бойында қалыптастырушы бағалау элементтері көрініс табуы тиіс. Мұғалімнің оқушыларды бағалауы (мадақтау сөздерін қолдануы), оқушылардың өздерін және бір-бірін бағалаулары болуы керек. Кері байланыс жүргізудің маңызы зор.

<p><b>Бағалау критерийлері</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұлы ақын Абай туралы біледі.</li> <li>• Тақырыпқа қатысты сөздерді дұрыс қолданады.</li> <li>• Жаңа сөздерді меңгереді.</li> <li>• Мәтінді мазмұны бойынша сұрақтар құрастырып, жауап береді.</li> </ul>	<p><b>Пәнаралық байланыстар</b>  Әдебиеттік оқу</p>
--	---

<p><b>Рефлексия</b></p>
<p>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары қол жетімді болды ма?</p>
<p>Бүгін оқушылар нені үйренді?</p>
<p>Оқыту ортасы қандай болды?</p>
<p>Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба?</p>
<p>Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</p>

**К.К. КУМПЕИСОВА,  
Семей қаласының  
№15 жалпы орта білім  
беретін мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.**

## **АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА ҚАЗАҚТА**



*Адамның адамишылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата,  
жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын жүзеге асыруға арналған тұжырымдамада «Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін, ең алдымен адамгершілік, ізгілік, имандылық тәрбиесін бойына жинаған білімді, парасатты ұрпақ тәрбиелеу керек» деп көрсетілген. Осы мақсатта ұлттық сана-сезімі жетік, қазіргі заман талабына сай ойлау қабілеті жоғары азаматтар тәрбиелеу – ұстаздар міндеті.

Биыл – қазақ халқының ұлы ойшылы, кеменгер ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл.

*Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе,*

*Адалдықты көздесең, жаттап тағы көңілге... – деп ақын С.Торайғыров жырласа, Жан-Жак Руссо «Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзінің уақытын аямау» деп айтқандай, жылдан-жылға оқушыларымыздың Абай атамызды танып-білуге деген ынтасы артып келеді. Сондықтан да біздің мақсатымыз – жас ұрпаққа Абайдың даналығы туралы кең түсінік беріп, шығармалары мен асыл сөздерінің мәнін ұғындыру.*

Шәкірт жүрегіне жол тауып, оның көкірек көзін оятып, ұлы Абай әлеміне құштарлығын арттыру үшін аямай тер төгіп жүрген ұстаздар еңбегі айтарлықтай.

Абай халқымыздың мақтанышы ғана емес, біздің ұлттық ұранымыз. Ол туралы айтылар сөз, жасалар істер әрқашанда өз арнасын табуы тиіс. Абай өлмес мұра қалдырды, оны алдымен өзіміз танып, сосын әлемге таныту – біздің ғұмырлық парызымыз.

Бүгін мен баяндама тақырыбын *«Абай – дана, Абай – дара қазақта»* деп тектен-тек алып отырған жоқпын. Осы жерде Тұңғыш Елбасымыздың мына сөзіне назар аударайықшы: *«Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағым Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс»*. Қаншама сыр, қаншама ой жатыр осы сөзде?! *«Болмасаң да ұқсап бақ»*, – деген Абай атамыздың асыл сөзін еске ала отырып, болашақ ұрпағымыздың бойына данышпан бабаларымыздың асыл қасиеттерін сіңіруді, Абайдай халық қамын ойлайтын саналы азамат тәрбиелеуді қазіргі өмір талабы біздерге, соның ішінде ұстаздар қауымына жүктеп отыр. Сондықтан Абай туралы бар білгендерімізді бүгін сарапқа салғалы отырмыз.

Мен қазақпын дейтін әрбір адамның жүрегінің түкпірінде Абайға деген бір жылы сезім жататыны мәлім. Оның терең мағыналы өлеңдері мен әндерін, қара сөздері мен дастандарын оқып, жаттап, айтып өскен әрбір адам Абай десе елең ете қалары сөзсіз.

Абайдың зиялылық шығармашылығы оның педагогикалық көзқарасымен ажырамас бірлікте. Абай адам

баласының тіршілігіндегі тәлім мен тәрбиеге ерекше мән беріп, өмірінің ақырына дейін ағартушылық міндетін терең сезінген. Мәселен,

*«Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай, баптанба,  
Құмарланып шаттанба*

*Ойнап босқа күлуге,»* – дей келіп, адам мінезіне жақсы да жаман әсер ететін сипаттарды тарата жіктеп, даралап түсіндіріп береді. Жас ұрпақтың ақыл-ой тәрбиесін жан-жақты жырлап, адамзат баласының ең асыл қасиеті білім-ғылымға ұмтылу деп бағалайды. Ғылым-білімге талпыныс адамның жан дүниесімен қоса сыртқы айнала қоршаған экономикалық-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысты екендігіні айтады.

***Абай – кемеңгер!*** Бүкіл халықтың бетке ұстар данышпаны. Сондай-ақ, Абай көзі тірісінде өзінен кейінгі өнерлі ұрпақты әдебиетке, поэзияға жетелеген өрелі Ұстаз, Хәкім!

Ақынның соңында қалған шығармашылық мұралары ана тілімізде, сондай-ақ басқа тілдерге тәржімеленіп, әлемдік деңгейде танылуда, зерделі зерттеу еңбектері де өз оқырманын тауып жатыр. Бұл күні Абай мұрасын зерттейтін өз алдына дербес «Абайтану» ғылымы кең өріс жаюда. Абай мұрасын танып білу, терең меңгеру оңай іс емес. Абайдың осы тереңнен тартқан әдебиет саласындағы тамырын насихаттауды жаңа талап тұрғысынан түлетіп, жаңа серпінмен көрсете білу керек.

Қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгері – Абай Құнанбаев. Дана ақын Абай 1845 жылы тамыз айында қасиетті Шыңғыс тауында туған. Абайдың әкесі Құнанбай өз еліне атағы шыққан аға сұлтан. Зерделі зерек ел ағасы, ірі тұлға. Абайдың анасы – Ұлжан, әжесі – Зере.

Он үш жасында Абайды әкесі Құнанбай оқудан шығарып, ел билеу әдісін үйретеді. 60-шы жылдардың аяқ



кезінен бастап Абай аздап оқыған орысшасын өз бетімен оқу арқылы дамытып, орысша кітаптарды көп оқиды. Семей кітапханасынан кейде өзі барып, кейде арнайы кісі жіберіп кітаптар алдырады. Сөйтіп жүріп, ол 1870 жылы Петербургтен жер аударылып келген жас революционер Е.П.Михаэлиспен кездеседі. Кітапханада Л.Толстой кітабын сұрап тұрған қазақты көріп, таңырқаған Михаэлис оған таяп келіп, жөн сұрайды. Екеуінің таныстығы осыдан басталып, кейін үлкен достыққа айналады.

Бұл жылдары Абай орыстың ұлы классиктері Пушкин, Толстой, Лермонтовтармен қатар революционер-демократтар Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов, Салтыков-Щедрин, Некрасовтардың және Еуропаның ақын, ғалым, философтарының да еңбектерімен танысып, әдеби білімін, философиялық ой-пікірін, дүниетану көзқарасын кеңейте түседі. Абай орыс әдебиеті мен публицистикасын тек оқушы, үйренуші ғана болып қойған жоқ, оларды қазақ даласына насихаттаушы, өзінің мазмұнына түрі сай, көркем аудармалары арқылы оның идеясы мен мазмұнын да, эстетикалық қасиеттерін де қазақ оқушыларына дәл жеткізуші болды.

1886 жылы Абай «Ғылым таппай мақтанба, «Интернатта оқып жүр» өлеңдерін жазды. Ақынның бұл өлеңдерінің күні бүгінге дейін мәні зор. Ақын айтқан: өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, орынсыз мал шашу сияқты теріс әрекеттер әлі де бар. Ал, талап, еңбек, ғылым, қанағат, рақым да біздің қазіргі тәрбиеге дәл келеді.

*Абай қазақ поэзиясын жаңа биікке көтерді.* Ол өзіне дейінгі қазақ әдебиетіндегі кемшіліктерді қайталамады. Шығыс, батыс, орыс мәдениетін өз шығармаларына үлгі етіп, сол арқылы өз өлеңдерінің сапасын жоғарылатты, ұлттық түрді сақтай отырып, оған интернационалдық нәр берді, әдебиетімізді шын өнер дәрежесіне жеткізді.

*XIX ғасырдың екінші жартысында Абай қазақ әдебиетінің тарихында сыншылдық реализмнің негізін қалаушылардың бірі болды.* Өзінің аса жоғары табиғи

дарынымен ол барлық ақын-жазушылардың алды болуымен қатар, өз еңбектерінде тек қана халқының мақсат-мүддесін қорғай отырып, оған көркемдік образ бере білді. Қазақ әдебиетінің демократиялық бағытын негіздей отырып, Абай дәл сол кезде қазақ әдеби тілінің тууын зерттеген. Оның поэзиясы ойға қонымды, әрі жинақы, аса бай әдеби тіл мәнерін шебер қолдануы арқылы белгілі.

Қазақ халқының қоғамдық ортасында дамып жетілген Абай поэзиясы халықтың әдеби бай қазынасынан нәр алып отырды. Ақын 1880-1900 жылдардағы халық өмірінің елеулі өзгерістерінің бірі болып саналатын сол кездегі қоғамдық-тарихи жағдайдың қазақтарға тигізген әсерін жан-тәнімен түсіне отырып, өз шығармасында қазақ қауымының даму барысын әрі терең, әрі шыншылдықпен суреттей білді.

Өнер жолындағы жоғары, аса керемет жетістіктер мен ескілікті біржолата сыпырып, жаңашылдықты тарихи түрде мойындатуы және халық өмірінің ішкі дүниесін жан-тәнімен түсінуі, өлеңдерінің бай қоры Абай шығармаларының классикаға көтерілуіне, әлем әдебиеті мен орыс әдебиетінің бай қазынасынан нәрлі қорек ала білген Абай қарапайым қазақ халқын реалистік түрде жырлай бастады. Оған жұртшылыққа кеңінен танымал: «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қақтаған аң күмістей кең маңдайлы», «Қартайдық, қайғы ойладық ұйқы сергек», «Интернатта оқып жүр» атты, сол кездегі ел басқарушылар, жыл мезгілдері, махаббат лирикасын қамтыған өлеңдері куә.

Абай өлеңдерінің ең негізгі тақырыбы қазақ халқының бүгінгі жағдайы мен әрі қарай даму жолдары еді. Халқы туралы ой олардың аянышты да ауыр тұрмысын көре отырып жазған өлеңдеріндегі жан күйзелісі: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Күз», «Сегіз-аяқ» және т.б. өлеңдерінде айқын білінеді. Абай лирикасында әлеуметтік тақырыптың көрнекті орын алуын Абай еңбегін зерттеушілердің көпшілігі атап өткен. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қалың елім, қазағым! Қайран жұртым», «Адасқанның алды

жөн, арты соқпақ» өлеңдерінде азамат ақын ел арасында кең етек алған зұлымдықтан арылуды аңсаған еңбекші халықтың жоғын жоқтап, күйін күйттеген өз өлеңдерін әлеуметтік күресте ең қарулы күш ретінде танытты. Нақ осы шығармаларының бәрінде халықты қанаушы, езуші «халқының қамын жегендердің» екі жүзді, арам пиғылдары мен еңбекші қарапайым халықтың ақ көңілін салыстыра келе былай сөз қозғайды:

*«Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?  
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,  
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың»,* – деп күңіренеді.

Абай тек қана халқының жоқтаушысы, тек қана ащы тілімен әшкерелеуші сатирик болған жоқ, сонымен қатар ол халық арасындағы өріс алып келе жатқан тың бастаулар: адамгершілік, өнер-білімге деген құштарлық, жаңа өмірге талпыныс сияқты даму көрсеткіштерін де тілге тиек ете білді:

*Егіннің ебін,  
Сауданың тегін  
Үйреніп, ойлап мол ізде,  
Адал бол - мал тап,  
Қуансаң, қуан сол кезде.  
Біріңді, қазақ, бірің дос  
Көрмесең істің бәрі бос,* – деп **«Сегіз**

**аяқ»** өлеңінде жырлаған екен.

Абайдың табиғатты суреттеп жазған бір топ өлеңдері тек түр жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да ерекше. Ол өлеңдерінде ақын еліне, жеріне, шексіз сүйсіне отырып, өмір шындығын кеңінен, дамытып көрсетеді: онда ел өмірі, жалпы тұрмысы, бай серуені бірге қамтылады. «Желсіз түнде жарық ай», «Қыс», «Жаз», «Күз» т.б. өлеңдерінде жыл мезгілдерінің әрбір кезеңін қазақ ауылының өмір тіршілігіне қабыстыра суреттейді. Ақын табиғатқа жан бітіре суреттейді, ерекше мейірлене жырлайды.

Ақынның, әсіресе жастарға арналған өлеңдері ерекше

айшықты. Жастық шақ – адам өмірінің ең бір думанды кезеңі, сондықтан да «*Ойлансаңшы, бос қаңқай елең-селең*» – деп, уақытын арзан күлкімен өткізбеуді тілейді. «*Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат*», «*Сап, сап, көңілім, сап, көңілім*», «*Жас өспірім замандас қапа қылды*» т.б. өлеңдерінде жастарды мәрттікке, татулық, береке, бірлікке шақырады.

Абай жастарды надандық, тоғышарлық, жалқаулық сияқты жаман әдеттерден аулақ жүруге тәрбиелейді, сонымен қатар, олардың «босқа өтіп бара жатқан» өмірлеріне күйзеледі және өткір сынға алады.

*Заман ақыр жастары  
Қосылмас ешбір бастары.  
Біріне бірі қастыққа  
Қойнына тыққан тастары.  
Саудасы - ар мен иманы,  
Қайрат жоқ бойын тыйғалы,  
Еңбекпен етті ауыртпай,  
Құр тілменен жиганы.*

**(«Заман ақыр жастары»)**

*Абай – мөлдір махаббат, адал достық жаршысы.*

Алғашқы махаббат сезімін табиғаттың көркем бесігіне бөлеп, қоршаған ортамен байланыста әлдилейді.

*Желсіз түнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп,  
Ауылдың жаны – терең сай,  
Тасыған өзен күрілдеп.  
Қалың ағаш жапырағы,  
Сыбырласып өзді-өзі,  
Көрінбей жердің топырағы,  
Құлтырған жасыл жер жүзі.*

**(«Желсіз түнде жарық ай»).**

Абайды халқымыз ішкі жан сарайының рухани байлығы, сезім пәктігі, сезім мөлдірлігі, шынайылығы, ақындық мәдениеті үшін қатты қадірлеп, құрмет тұтты. Тіршілікті, дүниені, адамның ішкі жан-дүниесінің қыры мен сырын дөп басып, туған халқының жүрегіне жеткізу.

Өзі үстем таптан шықса да, Абай бұқарашыл тілектегі халық ақыны болды. Ол шығармаларында сол халықтың мүддесін, арман мұңын жырлады. Соның жарқын болашағын аңсады. Ақын адамның адамдық қасиеті еңбекте, ғылым-білім үйренуде, адамгершілік мінез-құлықта деп ұқты. Сондықтан елін еңбекке, өнерге үндеді. Қазақ әйелінің бас бостандығын жырлады.

Қазақтың ұлттық музыкасының алғашқы қадамынан бастап, оның қалыптасып өркендеу тарихында Абай мұрасының алатын орны ерекше. Абайдың композиторлық, ақындық мұрасы халқымыздың мәдени тарихының ажырамас бөлігіне айналып, музыкалық жанрды дамытуға жаңа жол салды.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген Абай музыканың да адам өміріндегі орнын, оның поэзиямен күші арта түсетінін сезген. Абай әнді ермек үшін де, қосымша кәсіп болсын деп те шығармаған. Ол жан сырын халыққа тек поэзия тілі арқылы ғана жеткізуді місе тұтқан, сонымен бірге халқымен музыка арқылы да тілдесуді жөн көрген.

***Абай тек ән шығарушы ғана емес, ән-күйдің әділ сыншысы да.*** Ол ән-күй жөнінде көптеген терең, үлгілі пікірлер айтты.

*Туганда дүние есігін ашады өлең,*

*Өлеңмен жер қойнына кірер денең...*

Бұл арада өлең деген сөз ән мәнісінде айтылып тұр. Ол музыканың адам туғаннан бастап, өмірінің соңғы күніне дейін ілесе жүретінін аңғартады.

***Абай қазақтың ұлттық әдебиетін мазмұны жағынан ғана емес, түр жағынан да байытты.*** Қазақтың әдеби тілінің негізін салды.

Қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы Мұхтар Әуезов Абайды «қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі» деп орынды атаған.

*«Абай сөзі – қазақтың бойтұмары. Абай мұрасы-қазақтың ең қасиетті қазынасы. Заманалар ауысып, дүние өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта*

*уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, газырлар бойы қазақ елін жаңа биіктерге, асқарасуларға шақыра береді. Абайдай данышпан перзентті дүниеге әкелген қазақ халқы ата-бабаларының арманы болып келген ел тәуелсіздігін көзінің қарашығындай сақтайтындығына, қорғайтындығына сенемін. Ылайым, халқымыз Абай армандаған өмірге жетсін деп тілеймін» – деген Тұңғыш Елбасы.*

Абайдың мұрасын ғылыми тұрғыдан меңгеруде тарихи еңбек атқарған академик М.Әуезов болатын. Ұлы жазушы артына ұлан-асыр көркем туындыларын, әсіресе, «Абай жолы» эпопеясы мен Абай шығармалары жайлы ұзақ жылдар бойы ізденуден туған зерттеу еңбектерін қалдырды. Жазушының «Абай жолы» эпопеясы қазақ әдебиетін бүкіл әлемдік даңққа бөледі. Мұхтар Әуезовтің ұлы Абайға деген махаббаты - оның туған халқына, туған мәдениетіне деген махаббат еді.

*Сөзімнің тобықтай түйінін айтар болсам,*

*Бәрімізге қасиетті Абай ақын,*

*Оқып-біліп өзіне болдық жақын.*

*Жылы тиіп жүрекке өлеңдері,*

*Әр сөзінен ұғамыз ақыл-нақыл.*

*Үйретті ол ұрпағын жақсылыққа,*

*Қара сөзі әркімге басшы-нұсқа.*

*Қаншама жыл өтсе де сөзі өлген жоқ,*

*Өсиетін аламыз басшылыққа,* – дей отырып, міне, «Абай – дана, Абай – дара» деп бекер айтпайды екенбіз. Қазақ елінің ақыны көп болғанымен, Абайы біреу-ақ. Абай тереңіне әлі де толық бойлай қойғанымыз жоқ. Оны алдағы уақыттарда да терең білуге тырысарымыз хақ. Абайы бар қазақ бақытты. Абайы бар ел қай халықпен де терезесі тең. Абайы бар елдің – мерейі үстем.

Абай мұрасы мәңгі өлмейді. Ол таусылмайтын рухани азық, мөлдір бұлақ, құнарлы нәр, асыл қазына. Ендеше, Абай мұрасын мектеп бағдарламасында пайдалануда жас

ұрпақтың санасына жететіндей етіп түсіндіру үшін Абайды оқып, өмірді Абайша түсіну керек деп ой бөлісер едім.

Абай өлеңдеріне жай ғана үңіле салу мүмкін емес екенін барлық адам мойындайды және ол ақиқат.

*...Жүрегімнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма!..*

Абай болашаққа сөзін осылай арнады. Даланы торлаған надандық түнегіне ол шамшырақтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Абай: Жинақ.-Алматы: Жазушы, 1976.
2. Абай: Таңдамалы өлеңдер жинағы.-Алматы: Жазушы, 1985.
3. Абай лирикасы //Абай: Энциклопедия.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, Атамұра, 1995.-Б. 382.
4. Абай: Энциклопедия / Ред. Р.Н.Нұрғалиев.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы.-Алматы: Атамұра, 1995.-720 б.
5. Абетаева Е. Абайдың педагогикалық және психологиялық көзқарастары.  
//Ұлағат.- 2003.- N3.- Б.49-55.
6. Әуезов М. О. Абай Құнанбаев: Монографиялық зерттеулер мен мақалалар.-Алматы: Санат, 1995.- 320 б.
7. Бақтыбаева Г.О. «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе» //Ұлағат.-2004.-N2.-Б.27-30.
8. Есім Ғ. Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман... // Абай.-2003.-N3.-Б.1-5.
9. Есім Ғ. «Ата-анаға көз қуаныш»: Әр өлеңі бір әлем // Абай.-2004.-N1.- Б.12-13.
10. Жарылғапов Ш. Кемеңгер Абай көрсеткен тағы бір жол //Қазақстан мұғалімі.- 2002.-1 қаңтар. - Б.6
11. Жолдасбекұлы М. Елтұтқа: Ел тарихының әйгілі тұлғалары.-Астана: Күлтегін, 2001.-356 б.

12. Кәрібаева Б. Қара өлең және лирика: Оқу құралы.- Алматы: Республ. баспа кабинеті, 2001.- 173 б.
13. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия: Т.1: А-Ә/ Ред. Ә. Нысанбаев.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. - 720 б.
14. Қазақтың бас ақыны //Қазақ әдебиеті.- 2004.-11 маусым.- Б.4-5.
15. Майтанов Б. Абай.- Алматы: Аруна, 2004.- 92 б.- (Шығыстың ұлылары).
16. Мұқанов С. Жарық жұлдыз: Абай Құнанбаевтың шығармашылығы туралы. Монография және ғылыми мақалалар.-Алматы: Санат, 1995.-272 б.
17. Смайылова С. Абай және оның поэзиясы //Ұлағат.- 2005.-№2.- Б.22-25.
18. Су Бэйхай. Қазақтың ұлы ақыны - Абай //Абай.- 2003.-N1.-Б.1.
19. Сұлтанова Н. Абайдың музыкалық мұрасын оқыту // Қазақстан мектебі.- 2010.-№3.- Б.37-39.
20. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы.-Алматы: Ғылым, 1994.-280б.





Б. Т. МУРЫНБАЕВА,  
М.Шоқай атындағы  
№187 ІТ-мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Қызылорда қаласы

## “БІРЖАН МЕН САРА” АЙТЫСЫНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ТІЛІ

*Қызы едім Тастамбектің, атым – Сара,  
Ішінен ер Қаптағай шықтым дара.  
Он үште домбыра алып, сөз сөйлеп ем,  
Келемін бір сүрінбей жеке дара.*

Сара Тастамбекқызы Біржанмен он сегізінде айтысқан,  
Арслан, сал Ниязбекті жеңген.

Тұрысбектің аулында отырғанда, Жүнісбек іздеп тауып,  
Біржанмен айтыстырған.

*Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,  
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.  
Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,  
Аулында Тұрысбектің өлер жері.*

*Ақ иық, мұз балақпын жерге түспес,  
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес.  
Басайын аптығыңды тез шық, Сара!  
Сен түгіл әкеңдеймен болдым істес.*

Айтыс Сараның өзін таныстырудан басталып, Құлагердей жеке шыққан өнер жүйрігі екені, Сараның тіл мен жақты сүріндірер қарсыласы жоқ болғанмен, тұрмыс-тіршілікте алты ауыл бай ағалары болғанмен, борышына Жиенқұл сияқты өнердің мәнін білмес құнысқа қалың малға сатуы жеке өмірін сүйсіндірері жоқ қапалықта күн кешкенін көрсетеді.

Айтыс болған жердің аты – «Ешкі өлмес». Есімбек Сараның ағасы. Рулары – Найман. Тұрысбек – қажы болған

кісі.

Сара қасына Тұрысбектің төрт қызын ертіп, қажының «Өнері ұлдан артық, қарағым-ай, тұрайын мен де тілеп бір құдайдан» деген сөзімен айтысқа шығады.

Сара Дулат, Сабыр, Кеншімбай, Сұртай, Жылтыр, Жанұзақ ақындардың атын атап сыйынады.

Қасында 32 жолаушы кісісі бар Біржанның басында кәмшат бөрік, күлдәрі белбеуі бар, көк торғын шапанды сары сұр адам екен, тым өңді емес, бірақ тоты құстай құбылып тұрғанын сипаттайды.

Қолына сырлаған домбырасын алып, жүндей сабап, толықсып, төңкерліп ән шырқаған Біржанды бірден таниды.

*Сайраған орта жүздің бұлбұллымын,  
Арғынның Алтай-Қарпық ақтан кері.  
Пара-пар сөзі теңдес адам болса,  
Көңілімнің тарқаушы еді қайғы-шері.*

*Қырандай аспандағы желді күнгі,  
Даусымның көтерілер шықса тері.  
Болжаған жер шаршысын майталманмын,  
Жасынан маған мәлім қыз не дері.  
Алтын менен күмістің нақысындай,  
Міні жоқ бізден шығар сөз бедері...*

*Ақ иық, мұз балақпын жерге түспес,  
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес.  
Басайын аптығыңды тез шық, Сара!  
Сен түгіл әкеңдеймен болдым істес.*

*Бұл үйде Сара бар ма, отыр неғып?  
Қарсы ұшпай, тоты құстай қанат қағып.  
Жел қабыз, жез тағылы еңіреумін,  
Қара тер шыққан сайын кетем ағып ...*

«Біржан мен Сара» айтысының өлең құрылысын талдағанда өлеңнің 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылғанын, ұйқастарды **а,а,б,а** болып келіп, яғни бірінші,

екінші және төртінші өлең тармақтары ұйқасып, үшінші тармақ бос қалғанын көреміз.

Өлең ұйқасы толымды болып келіп, соңғы дауысты дыбысқа, не жартылай дауысты дыбысқа, не дауыссыз дыбысқа бірыңғай аяқталып отырады.

Біржан:

*Осы ма бұл Матайдың бұлбұл құсы?  
Көп іздеп бүгін таптым жазы-қысы.  
Әуелі қазақшалап көріселік,  
Жарқыным, берірек кел, жасың кіші.*

Сара:

*Ей, Біржан, жасың үлкен, өзің аға,  
Қымбаттығым белгілі білсең баға.  
Қамысты терең көлдің сұқсырымын,  
Қаңғырған ілдірмеймін қаршығаға.*

*Жылқының арығындай Аргын кедей,  
Тойғансып мас боласың ішпей-жсемей.  
Құр айғай салғаныңа кім шошиды?  
Жеңермін иттей қылып, адам демеі.*

Біржан:

*Ыбырай жас жолбарыс білектенген,  
Дұшпанға арыстандай жүректенген.  
Өзінің заманының бозбаласы,  
Перінің жігітіндей реңктенген.  
Ей, Сара, қайсының бар оған жетер,  
Өнерін көрген жанның есі кетер.  
Адамның жалғыз басты білімпазы,  
Оны да жамандайсың Найман бекер.*

*Орта жүз Абай қойды атын батпай,  
Үйіне ояз кірмес, жауап қатпай.  
Аргынның асылдығы міне осындай,  
Наймандай ағайынын жүрген сатпай.*

Айтыс шумағы төрт тармақтан да, одан көп тармақтан да аяқталып бітіп отырады. Шумақ жағынан тармақтары көбейгенде кара өлең ұйқасынан ауытқып, кезек ұйқасқа ауысып кете барады.

Сара:

*Хиуаға бұрын барған Адам ата,  
Бұл салттан кетпекшісің қалай аттан?  
Данышпан, білгіш қой деп ойлаушы едім,  
Арғында тантиды екен жоқты мақтап.*

*Найманда екі жүзді наркескенмін,  
Желкеңді қимақ үшін қойған сақтап.  
Тозаңың анда-санда бір бұрқ етер,  
Саулатсам бейпіл желді екі жақтан.*

*Күн көргелі келдің бе құрдым Арғын,  
Жинауға сынық малта Найманды ақтап.  
Абыройың ашыларын білмейсің бе?  
Көрпеңді көсілсейші бойға шақтап.*

Өлеңнің өлшемі – буын, бунағы айтыстың басынан аяғына дейінгі ұзын ырғағында сақталып отырады. Бунағы 11 буынды өлеңдерге тән 3 бунақты болып келеді.

Айтыстың көркемдік тіл ерекшелігін талдағанда айтыскер ақынның өзі шығарманың басты кейіпкері екенін білеміз.

Кейіпкер тілінде монолог, диалог, хат, мақал-мәтел, канатты сөздер – афоризмдер жататыны белгілі. Олай болса, ақындардың айтыста суреттеу тәсіліне диалог ерекше басты орын алады. Айтыста сипаттау, суреттеу және әңгімелеу де кездеседі.

Жырдың бас жағында Сараның өзінің Біржанмен танысу кезеңін айтуы – сипаттау тәсіліне жатса, Біржанның қандай өнерпаз екенін, оның портретін беру суреттеу тәсіліне жатады. Біржанның Сара қызды көрмей өзінің кім екенін таныстырып айтысқа шақырған жері – монолог. Біржанның ішкі ой дүниесін тікелей сыртқа шығару болып табылады.

Мақал-мәтелдер екі ақын сөзінде де кездесіп қалады. «Қарны ашқан қырсығы бар еркек мысық, сасық дер аузы жетпей майдан жеріп», «Жауды аяған жаралы болар», «Өлі тілін тірі алмас» деген тіркестер арқылы екі ақынның да қажетті жерде мақал-мәтелдерді орынды қолданатынын көрсетеді.

Суреттеу тәсілі арқылы екі ақынның да портреттік бейнесі жан-жақты ашылып, сомдалған өнерпаз ақындардың образы көркем сөз құдіретімен ашыла түседі.

*Кәмиат бөрік, күлдәрі белбеуі бар,  
Көк торғын шапанды адам қарсы жүрді.*

*Түрінен мен таныдым осы Біржан,  
Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған.  
Сары сұр адам екен, тым өңді емес,  
Құбылар тоты құстай әлгі ант ұрған.*

*Өз басым ұрғашының қара тілі,  
Иранбақ бет бітісім – қызыл гүлі.*

*Майысып нәзік белім бұраң қаққан,  
Қырық түрлі дана кеудем өнер тапқан.  
Сөйлесе май тамызған бұлбұл тілім,  
Сықылды гауһар сағат нақыс шапқан.*

*Ажымсыз он саусағым бәрі де аппақ,  
Болғанда аузым – сағат, ернім – қақпақ.  
Міні жоқ отыз тісім меруерттей,  
Ерінбей тіздіргендей адамзатқа-ақ.*

*Мойным сұңғағындай жүзген құдың,  
Лебізім шырынындай шәрбат судың.  
Қаққанда төңкерілген қас бітісім,  
Ашылған айбатындай жібек тудың.*

*Қырмызы қызыл жібек маңдайым кең,*

*Арғынның айтшы кәне, қай қызы тең?  
Тал бойым ұзын да емес, қысқа да емес,  
Азар дұшпан болсам да қай жерім кем?*

*Тамағым жас баланың білегіндей,  
Иығым тік сандалдың тірегіндей.  
Бет алдым қоңыр қаздың кеудесіндей,  
Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей.*

Біржан мен Сара портреті, сын-сипаты сөз зергерлерінің сипаттауымен көз алдымызға сұлу тұлғалы ажар-көркі ішкі мінез бітімімен қабаттаса тұра қалады.

Адам образын жасауда кейіпкердің сомдалған тұтас портретін жасау – Біржан мен Сараның өткір де шешен тапқырлығын, сөз өрнегін кестелеу шеберлігін айқын көрсетеді.

Қазақ поэзиясында, тарихи кезеңіндегі сөз өнерінде мұндай әсем де әсерлі жанды суреттеу кездесе бермейді. «Біржан мен Сара» айтысының кейінгі кезеңдер айтысына үлгі-өнеге болатыны осыдан болса керек.

Айтыста Біржан мен Сара сөздерінің қайсысын алып карасақ та, сөздердің ауыспалы мағынада берілуі айтыстың өн бойына көркемдік қуат беріп, сөздің нәрлі де әсерлі, екпінді күшін сездіреді.

*Теңеу мен эпитетке* көз сүрініп, көңіл сүйсінсе, *троптың метафора, метонимия, синекдоха, кейіптеу, сарказм, ирония, гиперболла, литота сияқты элементтері* жырдың өн бойында асылдың сынығындай төгіле құйылып отырады.

*Тамағым жас баланың білегіндей,  
Иығым тік сандалдың тірегіндей.  
Бет алдым қоңыр қаздың кеудесіндей,  
Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей,* –

деген өлең жолдары тегіс *теңеуге құрылса*, осындағы «*жас бала, тік сандал, қоңыр қаз, тал бойым*» дегендер ақындық анықтауыш болып тұрған эпитеттер.

*Ақ иық, мұз балақпын жерге түспес,  
Кең қолтық, арғымақпын алқымы іспес.*

*Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,  
Арғынның Алтай-Қарпық ақтан кері.*

*Қамысты терең көлдің сұқсырымын,  
Қаңғырған ілдірмеймін қаршығаға.*

*Өз басым ұрғашының қара тілі,  
Иранбақ бет бітісім – қызыл гүлі, –*

деген өлең тармақтары **метафораның ұлғайтылған дамыған түрі**.

Мұндай метафоралық сөз қолданыстар екі ақынның да бір-біріне қайтарған жауаптарында үзіліссіз туындап, буырқана дамып отырады.

Біржан мен Сара бейнелі сөздерді сәуірдің нұрлы жаңбырындай төгілте, нөсерлете қолданумен бірге **ақындық синтаксисті де, фигураларды рет-ретімен, орынды қолданады**.

Фигура элементтерінен **арнау, қайталау, сөздің орнын ауыстыру, шендестіру, дамыту, сөз тастап кету және параллелизмдердің** өлеңдерде, кара сөздерде қолданылу арқылы сөз образын жасауға күшті көркемдік әсер беретінін білеміз.

Осы тәсілдердің сөз қолданыстарында **арнау түрі** жиі пайдаланылады.

*Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,  
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.*

*Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,  
Аулында Тұрысбектің өлер жері.*

*Шатыр тік көк майсаға, бір тайды сой,*

*Кешікпей шықсын үйден болса өнері, –* деген өлең шумақтарынан Біржанның Сарамен айтыс бастауы үшін көрермен қауым мен ақын Сараға арнап айтқан өлеңі екенін білеміз. Бұл арнаудың **жарлай арнау** деген түріне

жатады. Көрермен халық пен ақын Сараның назарын өзіне аудару үшін пайдаланғаны белгілі.

*Білгенің кәне сенің, ақын Сара?  
Қолыңды ұстатпайтын ерке болсаң,  
Келісім әкең неге берді құлға?  
Өзі түгіл ел қамын жеген Сара,  
Мырзаңды Жиенқұлдай шапшаң шақырт.*

Ұялып бөгелесің неге, Сара? – деген жыр жолдарынан **сұрай арнау**ды көреміз.

Біржан мен Сарадан өзінің негізгі мақсатты ойын сұрау арқылы, оны жеңудің жолын, қарсыласын тоқтатудың тәсілін сұрай арнау арқылы пайдаланып отыр.

Айтыста қарсы ақынды тоқтату үшін кемшілігін алдына тартып, жауабын беруді сұрау **сұрай арнау** деп аталады.

Айтыста Сара да жарлай арнау мен сұрай арнауы кеңінен қолдана отырып, **зарлай арнау** арқылы өз басындағы қоғамдық өмірдің берген ауыр қайғысын, аянышты халі мен азапты мұңын көрсетуге пайдаланады.

*Тақсыр-ау, күні құрысын ұрғашының,  
Билігі болмаған соң бір басының.  
Тері-терсек берген соң ит те алады,  
Пұлындай берекесіз арбашының.*

*Әкемнің төрт түлігі бәрі де сай,  
Алты ауыл аруақты үш ағам бай.  
Бұлаңдап асау кердей жүрсем-дағы,  
Тоқтыдай борышқа кеттім, уа, дариға-ай, –*

деген сөздерінен Сараның өмір сүрген кезіндегі қоғамдық жағдайдың қыздардың бас бостандығы жоқ, қалың малға сатылған ауыр тұрмыс халін толық көреміз.

Үстемдік жүргізген бай таптың өкілі Сара ақындай өнер бұлбұлын надандықпен шырмалған әдет-ғұрыптың құрбандығына шалып, басының еркіндігі мен бостандығын жояды. Бұл зарлай арнау арқылы Сараның өз басындағы қоғамдық ауыр хал бүкіл қазақ қыздарының басындағы бар қайғы-қасіреті типтік бейнеде Сара басына жинақталып



беріліп отыр.

*Қажеке-ау, мынау қалай ақырады?  
Жиенқұл тез келсін деп шақырады.  
Арғынға жол бермеген есіл тілім,  
Күн өтпей қор боп ұшиқан қызыл гүлім.*

*Сіздерден ұялғаннан үндемеуші ем,  
Есекке қосақтаулы өтті-ау күнім.  
Алтайдың саңлағымен сөйлесем де,  
Жоқ екен жүйрік иттей өлсем құным, –*

деген Сара ақын сөзінде арнаудың тағы бір түрі шешендік арнау – **риторикалық арнау** берілген.

Ақын Сара Тұрысбекке сұрақ қоя отырып, оның жауабын өзі айтады. Сара ақынның жауабы арқылы үстемдік етіп, зорлық-зомбылықтың негізгі қарғыс таңбасын қарсы сілтейді.

*Өздерің Жиенқұлды көріп едің,  
Құдайдан қорықпай шыдап беріп едің.  
Шақырған Найман шалдың аруағына,  
Бәріңе қыз да болсам серік едім, –*

деп әділетсіздіктерін көздеріне шұқып, бетпе-бет айтады.

**Ақындық синтаксистерді** ақындардың орынды қолдануы кейіпкерлер образын ашудың бірден-бір әдістік құралы болмақ.

Көркем әдебиеттің жаны – сөз, сөздің жаны – дыбыс болса және сөздің мағынасы болса, ол осы айтыста молынан ұшырасады.

*Көзімді аш, көңілімді ала қылмай,  
Кетсең де өкпеледім бала қылмай.  
Сыртынан өлеңменен шақырайын,  
Біржанға өзімді-өзім таба қылмай, –*

деген шумақ тармақтарының «қылмай» болып соңында қайталануы сөздердің сөйлем ішіндегі қуатын арттырып, ұйқастың кіріге байланысып күшеюіне әсер етіп тұр.

**Мұны сөз соңында қайталау – эпифора деп атайды.**

*«Көзімді, кетсең де» деген сөздердегі дауыссыз дыбыстардың алдында к дыбысының бірыңғай қайталанып келуі, дауыссыз дыбыстардың қайталануы – аллитерация деп аталады.*

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қ.Ж.Жұмалиев «Әдебиет теориясы» «Мектеп» баспасы, Алматы 1969 жыл.
2. Ә.Қоңыратбаев «Әдебиетті оқыту методикасы» «Мектеп» баспасы Алматы 1966 жыл.
3. Ә.Қоңыратбаев «4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы» «Мектеп» баспасы, Алматы 1987.
4. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» Алматы «Ана тілі» 1991 жыл.
5. З.Ахметов «Өлең сөздің теориясы».
6. Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетін зерттеу жолы» Жұлдыз №5 1958 жыл.
7. Ә.Рахымжанов «Бүгінгі заман айтыс өнері жайында бірер сөз». «Қазақстан мектебі» №7 1964 жыл.
8. Ә.Молдақанов «Қазақ әдебиетіндегі айтыс жанры туралы бірер сөз» «Қазақстан мектебі» №7 1964 жыл.



## Авторлық бағдарлама

Б. Ғ. ҒАЛЫМЖАНОВ,  
– Phd докторант,  
«Өрлеу» Біліктілікті арттыру  
Ұлттық орталығы,  
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша  
педагогикалық кадрлардың  
біліктілігін арттыру институтының  
аға оқытушысы.

М. Ә. ӘБУОВА,  
Нұр-Сұлтан қаласы  
№ 57 орта мектептің директоры,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

# “МӘШҲҮРТАНУ” ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫ БОЙЫНША ТАҚЫРЫПТЫҚ-КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР

*(Жалғасы. Басы өткен санда)*

## ТАНЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

**(8-сынып)**

1. МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ ӨМІРІ МЕН  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫ

*(М.Жүсіптің өмірі мен шығармашылығы турасында  
жалпы мағлұмат) (1 сағ.)*

2.ШОҚАННАН КЕЙІНГІ ФОЛЬКЛОРШЫ (М.Жүсіптің  
халық ауыз әдебиетін жинаудағы ерен еңбегі хақында)

*(1 сағ.)*

3.М.ЖҮСІПТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ («Шайтанның  
саудасы», «Ағашсыз жапырақ» өлеңдерінің мазмұнына  
үңілу, өлеңдерге талдау)

*(1 сағ.)*

4.М.ЖҮСІП АРАЛАСҚАН АДАМДАР

*(аталас Ж.Аймауытов, Ақан сері, Абай, Шәкәрім,  
Қажымұқан т.б.адамдармен байланысы) (1 сағ.)*

5. М.ЖҮСІП ШЕЖІРЕЛЕРІ

*(«Қазақ шежіресі», «Әбілғазы шежіресі» бойынша ойқозғау)* (1 сағ.)

6. М.ЖҮСІП ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

*(М.Жүсіп еңбектеріндегі жер-су атауларын тарихына үңілу, тану, білу)* (1 сағ.)

7. АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ СИЯҚТЫ М.ЖҮСІПТІҢ ЖАЗБАЛАРЫ

*(М.Жүсіп жазбаларының философиялық мәнін тану, Абайдың қарасөздерімен салыстыру, талдау)*

(1 сағ.)

8. ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН КӨП ЖИНАҒАН ІРІ ФОЛЬКЛОРШЫ

*(«Мес» жинағы бойынша ізденістер, ойтолғау)*

(2 сағ.)

9. М.ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

*(Шығармаларды оқу, ұлттық құндылықтардың мәнін анықтау, түсіну, талқылау)* (1 сағ.)

10. М.ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ САРЫН

*(Ақын шығармаларындағы шын білім, шын ғылым мәнін түсіну)* (1 сағ.)

11. М.ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМ ФИЗИОЛОГИЯСЫ

*(Адам – Алла Тағаланың жер бетіндегі орынбасары. Дүниенің үйлесімділігі тек адамға байланысты деген ұғымды түсіну)* (1 сағ.)

12. М.ЖҮСІП – ТҮРКІЛІК-СОПЫЛЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ СОҢҒЫ БИІГІ

*(Мифтік және діни шығармаларын түсіну, талдау, бағалау)* (1 сағ.)

13. М.ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘУІР ШЫНДЫҒЫ

*(Мұсылманшылық, имандылық, қанағатшылыққа үгіттеген жырларындағы шындық хақында)* (1 сағ.)

14. М.ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ  
ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

(Адам өмірінің барлық кезеңі, дүние-жалған, адам-  
мейман астарын түсіну) (1 сағ.)

15. М.ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР  
БЕЙНЕСІ

(«Әйелдер туралы», «Жақсы әйел», «Жаман әйел  
туралы» т.б. өлеңдерін талдау) (1 сағ.)

16. М.ЖҮСІП ДАСТАНДАРЫ

(«Жарты нан» хикаясы», «Шайтанның саудасы»,  
«Гүлшат-Шеризат» дастаны» еңбектерімен танысу)  
(2 сағ.)

17. БАБА МҰРАЖАЙЫ

(Мектеп және Баянауылдағы мұражайларымен  
байланыс) (1 сағ.)

18. БАБА ЖӘДІГЕРЛЕРІ

(Баба мұражайындағы 650-дей жәдігерлер жайында)  
(1 сағ.)

19. БАБАНЫҢ ӘУЛИЕЛІК ҚҰПИЯ СЫРЛАРЫ (Бабаның  
құдіреті туралы оқушылар ізденісі)  
(1 сағ.)

20. БАБА РУХЫНА ТАҒЗЫМ

(Баянауылдағы жатқан жеріне саяхат)  
(8 сағ.)

21. МӘШҮР ЖҮСІП МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ  
ТАРИХЫ

22. АҚЫНДЫҚ ӨНЕР

(Сөз өнерінің аса қастерлі саласы, ақын бойындағы  
шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік  
өлшемі тұрасында) (1 сағ.)

23. БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ

(дөңгелек үстел, жылдық білімді жинақтау) (1 сағ.)

24. ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

(М.Жүсіп бойынша өз бетінше тұсаукесер ұсыну)  
(1 сағ.)

**“МӘШҲҮРТАНУ” ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫ  
БОЙЫНША  
ТАҚЫРЫПТЫҚ-КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР  
8-сынып**

№	Тақырып-тар	Оқу мақсаты	Тақырыптың мазмұны	Шығармашылық жұмыстар	Сағ. саны
1.	М ә ш Һ ү р Ж ү с і п т і ң ө м і р і мен шығармашы- лық жолы	М.Жүсіп шығармашы- лығымен танысу (ТЖ)	М. Ж ү с і п т і ң ө м і р і мен шығармашылығы т у р а с ы н д а жалпы мағұлмат	Мәшһүртанушы ғалыммен кездесу, әңгіме-сұхбат	1
2.	Ш о қ а н н а н к е й і н г і фольклоршы ғалым	Фольклоршы ғ а л ы м ретінде тану (ТЖ)	М. Ж ү с і п т і ң халық ауыз ә д е б и е т і н жынаудағы ерен еңбегі хақында	К і т а п х а н а қ о р ы н д а ғ ы материалдармен жұмыс	2
3.	М. Жүсіптің шығармашы- лығы	М. Жүсіптің шығармашы- лығын тану (ТЖ)	«Шайтанның саудасы», «Ағашсыз жапырақ» өлеңдерінің мазмұнына үңілу, өлеңдерге талдау	Аудио дисклермен, теллеарна материалдары- мен жұмыс	1
4.	М. Жүсіп араласқан адамдар	М. Жүсіп араласқан адамдарды білу (ТЖ)	а т а л а с Ж.Аймауытов, Ақан сері, Абай, Шәкәрім, Қажымұқан т.б. адамдармен байланысы	Филолог, тарихшы ғалымдармен сұхбат жүргізу	1
5.	М. Жүсіп шежірелері	М. Жүсіп шежірелерін білу (ТЖ)	«Қаз а қ ш е ж і р е с і», «Әбілғазы ш е ж і р е с і» бойынша ойқозғау	Доңгелек үстел ұйымдастыру	1
6.	М. Жүсіп еңбектеріндегі жер - су атауларының тарихы	Жер - су атауларының тарихын білу (ТЖ)	М. Ж ү с і п еңбектеріндегі ж е р - с у а т а у л а р ы н тарихына үңілу, тану, білу	Конспектiлеу жұмысы	1
7.	Абайдың қара сөздері сияқты М. Жүсіптің жазбалары	М.Жүсіптің жазбаларын талдау (АН)	М. Ж ү с і п жазбаларының философиялық мәнін тану, А б а й д ы ң қарасөздерімен с а л ы с т ы р у, талдау	Ұ л т т ы қ к і т а п х а н а м е н б а й л а н ы с, Абайтанушы мен Мәшһүр- танушылармен кездесу ұйым-ру	1

8.	Халық ауыз әдебиетін көп жинаған ірі фольклоршы	І р і фольклоршылығын тану (ТЖ)	«Мес» жинағы бойынша ізденістер, ойтолғау	«Мес» жинағы бойынша топтық, жұптық жұмыс	1
9.	М. Жүсіп шығармаларындағы ұлттық құндылықтар	Шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды талдау (АИ)	Шығармаларды оқу, ұлттық құндылықтардың мәнін анықтау, түсіну, талқылау	М. Жүсіптің шығармалар жинағымен, ғылыми авторефераттармен танысу	2
10.	М. Жүсіп шығармаларындағы ағартушылық сарын	Шығармаларындағы ағартушылық сарынды тану (АИ)	А қ ы н шығармаларындағы шын білім, шын ғылым мәнін түсіну	М. Жүсіп шығармалары бойынша вебиоматериалдармен жұмыс	1
11.	М. Жүсіп шығармаларындағы адам физиологиясы	Шығармаларындағы адам физиологиясы	Адам – Алла Тағаланың жер бетіндегі орынбасары. Дүниенің үйлесімділігі тек адамға байланысты деген ұғымды түсіну	Ғ а л ы м О. Ж а л е л м е н кездесу	1
12.	М. Жүсіп – түркілік сопылық әдебиеттің соңғы биігі	С о п ы л ы қ әдебиеттің соңғы биігін тану (АИ)	М и ф т і к және діни шығармаларын түсіну, талдау, бағалау	Ю т у б т а г ы О. Ж а л е л д і қ « Ғ а қ л и я » хабарын тыңдау, талқылау	1
13.	М. Жүсіп шығармаларындағы дәуір шындығы	Шығармаларындағы дәуір шындығын тану (БС)	Мұсылманышылдықтық, имандылық, қанағатшылыққа үгіттеген жырларындағы шындық хақында	Профессор, ғ а л ы м С. Негимовпен кездесу сұхбаты	1
14.	М. Жүсіп шығармаларының философиялық мәні	Шығарманың философиялық мәнін тану (АИ)	Адам өмірінің барлық кезеңі, дүние-жалған, адам-мейман астарын түсіну	«Дүние-жалған, адам-мейман» тақырыбында вебинар	1
15.	М. Жүсіп шығармаларындағы әйелдер бейнесі	Шығармаларындағы әйелдер бейнесін түсіну (ТЖ)	« Ә й е л д е р т у р а л ы », «Жақсы әйел», «Жаман әйел туралы» т.б. өлеңдерін талдау	«Қызың өссе, қылықтымен ауыл бол, Ұлың өссе, ұлықтымен ауыл бол» тренинг	1

16.	<i>М. Жүсіп дастандары</i>	<i>М. Жүсіп дастандарын түсіну (ТЖ)</i>	<i>«Жарты нан» хикаясы», «Шайтанның саудасы», «Гулиат-Шеризат» дастаны» еңбектері танысу</i>	<i>Аудио-материалдармен жұмыс</i>	2
17.	<i>Б а б а мұражайы</i>	<i>Б а б а мұражайымен танысу (ТЖ)</i>	<i>Мектеп және Баянауылдағы мұражайлармен байланыс</i>	<i>Б а я н а у ы л өлкесіндегі ақын мұражайымен танысу</i>	1
18.	<i>Б а б а жәдігерлері</i>	<i>Б а б а жәдігерлерін тану (АИ)</i>	<i>Б а б а мұражайындағы 650-дей жәдігерлер жайында</i>	<i>Б а я н а у ы л өлкесіндегі ақын мұражайындағы жәдігерлер тарихымен жұмыс</i>	1
19.	<i>Б а б а н ы ң әулиелік құпия сырлары</i>	<i>Б а б а н ы ң әулиелік құпия сырларын білу (ТЖ)</i>	<i>Б а б а н ы ң құдіреті туралы оқушылар ізденісі</i>	<i>Баба мешітінің, Сарыбұлақтың, Қоңырәулиенің сырымен танысу</i>	1
20.	<i>Баба рухына тағзым</i>	<i>Баба рухына тағзым ету (ТЖ)</i>	<i>Баянауылдағы жатқан жеріне саяхат</i>	<i>Баба рухына құран бағыштау, тағзым жасау</i>	8
21.	<i>Мәшһүр Жүсіп мұрасының зерттелу тарихы</i>	<i>Зерттелу тарихын білу (ТЖ)</i>	<i>Мәшһүр энциклопедиясымен жұмыс</i>	<i>Профессор, галым Қ.Пазылұлымен кездесу сұхбаты</i>	1
22.	<i>Ақындық өнер</i>	<i>Ақындық өнерді түсіну (АИ)</i>	<i>Сөз өнерінің аса қастерлі саласы, ақын бойындағы шығармашылық қуатпен шынайы таланттың биік өлиемі турасында</i>	<i>Поэзия сағаты. «Өлең мен сені аялап өтем»</i>	1
23.	<i>Білімдіден шыққан сөз (дөңгелек үстел)</i>	<i>Қорытындылауға үйрену</i>	<i>дөңгелек үстел, жылдық білімді жинақтау</i>	<i>«Білімдіден шыққан сөз» Дөңгелек үстел</i>	1
24.	<i>Қорытынды сабақ</i>	<i>Презентациялауға үйрену</i>	<i>М. Жүсіп бойынша өзбетінше презентация ұсыну</i>	<i>Презентациялар байқауы</i>	1
<i>Барлығы</i>					34



**“МӘШҺҮРТАНУ”  
ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫ БОЙЫНША  
ТАҚЫРЫПТЫҚ-КҮНТІЗБЕЛІК  
ЖОСПАР  
9-сынып**

№	Тақырыптар	Оқу мақсаты	Тақырыптың мазмұны	Шығармашылық жұмыстар	С а з.
1.	Мәшһүр Жүсіп шығармаларының зерттелу тарихына шолу	Шығармалардың зерттелу тарихын білу (ТЖ)	Мәшһүр Жүсіп шығармаларын зерттеген ғалымдардың еңбектерімен танысу	«Мәшһүр» деректі фильмі бойынша ойқорыту	
2.	Ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері	Өлеңнің көркемдік ерекшеліктерін тану (АИ)	Мәшһүр Жүсіп рубаяттарының көркемдік ерекшелігін, өлеңдерінің поэтикасын тану	Ақынның өлеңдер жинағымен жұмыс	1
3.	Ақын өлеңдерінің стильдік табиғаты	Өлеңнің стилін табиғатын тану (АИ)	Мәшһүр Жүсіп лирикасының даму тарихына шолу	Өлең талдау жұмысы	2
4.	Ақын өлеңдерінің жанрлық сипаты	Ақын өлеңдерінің жанрлық сипатын ажырату (АИ)	Зиялылар еңбектеріне шолу, қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ лирикасының жанрлық толысу, даму тарихына қатысты еңбектермен танысу	Өлең жазу жұмысы	2

5.	Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы және өзіне дейінгі ақындық дәстүр	Ақындық дәстүрдің сырын білу (ТЖ)	Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің тақырыбы, ойлы, нәмесе философиялық өлеңдері біртекті болып келуінің сыры	«Өлең – сөздің патшасы» тақырыбында вебинар	2
6.	Ақын өлеңдеріндегі дәстүр тағылымы, дәстүр сабақтастығы және бейнелілік	Дәстүр тағылымы, сабақтастығы, бейнелілін тану (АИ)	Мәшһүр Жүсіптің өлеңдеріндегі бейнелілік жайында	Хронологиялық кестемен жұмыс	2
7.	Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы жоқтау өлеңдері	Жоқтау өлеңдерін талдау (АИ)	Жоқтау өлеңдер туралы түсінік, оның табиғаты, жоқтау өлеңдерінің мазмұны, көркемдігі	Органайзерлермен жұмыс	1
8.	Әлем әдебиеті дамуына тән ортақ заңдылықтардың Мәшһүр Жүсіпке ықпалы	Әлем әдебиетіне ортақ заңдылықтардың ықпалын білу (ТЖ)	Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық табиғаты, мұңлы өлеңдері, мінәжат, элегия өлеңдері	Өлең формаларымен жұмыс	2
9.	Мәшһүр Жүсіп өлеңдеріндегі кездесетін: аз сөзге көп мән сыйғызу, шарттылық, тұспалдау, дерексіз ұғымды заттандыру, жандандыру т.с.с. көркемдік амалдарын қолдану ерекшелігі	Аз сөзге көп мән сыйғызу, шарттылық, тұспалдау, т.с.с. көркемдік амалдарын қолдану ерекшелігін бағалау (БС)	Мәшһүр Жүсіптің тұспалдау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі. Тұспалдау құралдарын (ауыстыру, алмастыру, кейіптеу т.с.с.) пайдалануда да әрі дәстүр, заман талабы ықпалы, әрі өзіндік ізденіс көрінісі қабат көрінетіні жайлы	Аудио-материалдармен жұмыс	2

10.	<i>Ақынның түрлі амалдарды игеруі, салыстыру, шендестіру, лирика жанры шеңберінде дамыту т.с.с. әдістері</i>	<i>Ақынның түрлі амалдарды игеруі, салыстыру, шендестіру т.с.с. әдістерін қолдану (АИ)</i>	<i>Мәшһүр Жүсіптің лирика жанры шеңберінде дамыту әдістері, өлеңдеріндегі психологиялық егіздеу</i>	<i>Жанр шеңберінде дамыту әдістері, өлеңдердегі психологиялық егіздеулерді анықтау (Зерттеу жұмысы)</i>	2
11.	<i>Отаршылдық қыспағында адамдар сезімін тұмшалауы мүмкін теріс ниеттерді т.с.с. кең ашыуда Мәшһүр Жүсіптің өзінің ізденістері</i>	<i>Отаршылдық қыспағында адамдар сезімін тұмшалауындағы өзіндік ізденістерді табу (ТЖ)</i>	<i>Отаршылдық қыспағында жазылған өлеңдері</i>	<i>Тарихи фильмді талқылау</i>	1
12.	<i>Мәшһүр-Жүсіптің хикаят өлеңдері</i>	<i>Мәшһүр-Жүсіптің хикаят өлеңдерін талдау (АИ)</i>	<i>Мәшһүр-Жүсіптің хикаят өлеңдерінің негізгі тақырыбы, идеясы, хикаят өлеңдеріндегі шығыстық сарын</i>	<i>Ютубтағы О.Жалелдің «Ғақлия» хабарын тыңдау, талқылау</i>	2
13.	<i>Мәшһүр-Жүсіптің айттыс өлеңдері</i>	<i>Мәшһүр-Жүсіптің айттыс өлеңдерін талдау (АИ)</i>	<i>Мәшһүр-Жүсіптің айттыс өлеңдерінің ерекшелігі, айттыс өлеңдерінің тақырыбы, көркемдігі</i>	<i>Профессор, ғалым С.Негимовпен кездесу сұхбаты</i>	2
14.	<i>Мәшһүр-Жүсіптің сауал өлеңдері</i>	<i>Мәшһүр-Жүсіптің сауал өлеңдерін бағалау (БС)</i>	<i>Сауал өлеңдерінің идеялық-тақырыптық негізі, сауал өлеңдеріндегі</i>	<i>Өлең тұлғаларын ажыратуға байланысты «жұмбақты тап»</i>	2

			өзіндік тартыс, ш и р ы ғ у ерекшелігі	жұмысы	
15.	Дәстүр тағдылымы және стиль	Дәстүр тағдылымы және стилін білу (ТЖ)	М. Жүсіптің стилі ерекшелігін танытатын шығармаларының зерттелуі, кезеңі, дәуір стилі	«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» тренинг	2
16.	Дін өнерді қатар алып жүріп, екеуі мен елге үлгі-өнеге шашуы	Дін мен өнерді қатар елге үлгі-өнеге шашуын түсіну (ТЖ)	«Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітабында өз дәуірінің сипатын суреттеп, көкейкесті мәселелерді көтеруі. т.б.	Сөз өнерін кешенді талдау	2
17.	«Хал-ахуал» жинағында заманасипатының кең суреттелуі	Жинақтағы заманасипатының кең суреттелуін түсіну (ТЖ)	Ақынның отаршылдықпен ере келген кесірлі сипаттарды аша білуі, «Сенбе жанның бәрі дос еді деп» атты өлеңдерінің мәні	Әдебиет теориясымен жұмыс	2
18.	Мәшһүр Жүсіп-суреткер ақын	Мәшһүр Жүсіп-суреткер ақын екенін бағалау (БС)	Мәшһүр Жүсіп пен Абай өлеңдеріндегі тақырып, ой үндестігі. Бейнелеу құралдарын жетілдірудегі сарындастық	Сұрақ қою техникасына сай жұмыс түрі	2
19.	Қорытынды сабақ	Фильм жасауға үйрену	М. Жүсіп бойынша өзбетінше фильм ұсыну	Кинокартиналар байқауы	1
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>				34

## **ОҚУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:**

- *Мәшһүр Жүсіп тұлғасын кеңінен танып білу;*
- *Мәшһүр Жүсіп шығармаларын оқу, білу, түсіну, қолдану;*
- *Мәшһүртану тарихын білу, түсіну;*
- *Шығармаларды талдай білу;*
- *Мәшһүр Жүсіп еңбектерін білу, түсіну, қолдану, талдау;*
- *Ғұлама ойшылдың пәлсапалық нақыл сөздерінің мән-мағынасын, маңызын түсіну;*
- *Ақынның ұлттық поэзия тарихына әкелген жаңалығын, шеберлігін тану;*
- *Ақын дастандарының өзіндік ерекшеліктерін тану, талдау;*
- *Мәшһүртану бойынша шығармашылық жұмыстар, ғылыми жобалар жазу;*
- *Театрмен, мұражай, өнер ордаларымен байланыс жасау;*
- *Ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасай білу.*

## **“МӘШҺҮРТАНУ” ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫ БОЙЫНША ИГЕРГЕН БІЛІМДЕРІНІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ҚАБІЛЕТТЕРІ БОЛУЫ КЕРЕК:**

- *М.Жүсіп шығармаларының зерттелу тарихын білуі;*
- *М.Жүсіп өлеңдерін талдай отырып, шеберлігін, ерекшелігін айқындай алуы;*
- *Пәлсапалық нақыл сөздерінің маңызын, тақырыбын айқындай алуы;*
- *Ізденімпаздық, зерттеушілік дағдыларын дамыта алуы;*
- *Шығармаларын әдеби талдау арқылы тақырыптық-идеялық негізін аша білуі.*

## **ҚЫСҚАША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ**

*Элективті курста дамыта оқыту технологияларын,*

интерактивтік оқыту әдістерін, жаңартылған білім мазмұнының идеяларын, басқа да оқытудың жаңа, әр түрлі әдістерін қолдану оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудың бір факторы болып табылады. Мұндай сабақтардың ерекшелігі өзіне деген сенімділігін арттырады, өзін еркін ұстай білуге баулиды, оларды шығармашылық жұмысқа бағыттайды, қызығушылығы мен қабілетін, небір дағдыларын арттырады, жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сабақ барысында әр оқушы өзіндік тұжырымы арқылы жаңа материалды саналы түрде игереді. Сабақтың қызықты, тартымды өтуі оның дұрыс ұйымдастырылуына, жоспарлануына байланысты. Сабақта жүргізілетін жұмыстардың түрлері ауысып, түрленіп отыруы міндетті шарттардың бірі. Әрбір жұмыс түріне берілетін уақытқа да ерекше көңіл бөлінуі қажет, өйткені бір жұмыс түріне уақыт көп бөлінсе, немесе жиі қайталанып отырса, ол оқушыларды жалықтырады. Сондықтан оқытушы сабақты дұрыс жоспарлауға, оны түрлі әдіс-тәсілдермен әсерлі өткізуге ерекше мән беруі қажет.

Көрнекі құралдар сабақтың ұтымдылығын арттыратыны белгілі. Қазіргі кезде қазақ тілі мен әдебиетіне байланысты цифрлық көрнекіліктер көптеп шығарылып жатыр. Осы тақырыпқа байланысты шығып жатқан әр түрлі фильмдерді, роликтерді, плакаттарды, буклеттерді, электронды материалдарды пайдалану арқылы сабақты түрлендіруге болады. Соның ішінде «сөйлейтін қалам» технологиясын пайдалану өте тиімді болмақ. Оқушылар бірте-бірте ғылымға аяқ басу үшін эсселер, ойтолғаулар, кері байланыстар мен рефлексиялар, мәнжазба, курстық жұмыс жазғызудың рөлі зор. Олар сол арқылы өзінше ойлауға, тұжырым жасауға икемделеді. Материал жинау мен оны саралауға үйренеді.

Техникалық құралдардың әр түрін, фильмскоп, үнтаспа қолдану да маңызды. Шығармаларды тыңдалым дағдысын жетілдіру үшін үнтаспалардан тыңдату өте қолайлы.

Элективті курста оқытушы жаңа материалды оқушының бұрын алған біліміне сүйене отырып ұсынуы және дайын білімге үйретпей жетелеуге басты назар аударуы керек.

Сонда оқушылардың бұрын алған білімі қайталанып отырылады да, жаңа материалды тез ұғуға мүмкіндік туады. Элективті курсқа арналған арнайы оқулық болмағандықтан төменде ұсынылатын әдебиеттерді негізге ала отырып, оқушының жас ерекшелігін ескеріп, материалдарды түсіну ұсынылады. Керекті материалдарды оқытушы өзі жинақтап, іріктеп алуы тиіс. Оқытушы материал жинақтаған кезде мәтіндердің тілінің жеңіл, жатық болуын, көлемінің оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес, рухани құндылықтарға толы ұлттық тәрбие беру арқылы ұлтжандылыққа тәрбиелеуге бола алатынын ескерген жөн.

## **ЭЛЕКТИВТІ КУРС БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЛҒАН БІЛІМІН ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ**

- Көп жауапты тест сұрақтарына жауап алу;
- Оқылған әдебиеттерге аннотация жаздыру;
- Әртүрлі шығармашылық жұмыстар жазғызу;
- Берілген жоспар бойынша ғылыми жобалар жаздыру;
- Әр тақырып бойынша құрастырылған сұрақтарға жазбаша жауап алу;
- Ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасай білуге үйрету.
- Берілген тақырыптар бойынша эсселер, ойтолғамдар, мәнжазбалар, курстық жұмыстар, ғылыми жобалар жаздыру, қорғату.

# ЭЛЕКТИВТІ КУРСТЫ ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА МҰҒАЛІМДЕРГЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

## Негізгі әдебиеттер:

1. Пазылов Ә. Мәшһүр-Жүсіп мұрасы, Қарағанды, 2010– 160 б.
2. Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы – фольклорист, Павлодар-Улаанбаатар, 2011- 195 б.
3. Мәшһүр тағылымы, Жинақ, II том, Павлодар, 2009-195 б.
4. Смагулова А. Я все же к вершине Машхура пойду // Білік. – 2012. – 22 мамыр – С. 3
5. Сіләмбекова Қ. С. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев поэмаларының ерекшеліктері («Гүлшат-Шеризат» поэмасы бойынша) / Қ. С. Сіләмбекова // «VII Сәтбаев оқулары» атты жас ғалымдар, студенттер және оқушылардың халықаралық ғылыми конференциясының материалдары / Павлодар, 2009
6. Мәшһүр Жүсіп шығармалары, Жинақ, V том, Павлодар, 2010 -409 б.
7. М.Мырзахметұлы «Абайтану» оқу құралы, Алматы, 2010ж
8. Абай жүрген ізбенен. Алматы, 1986ж
9. Абайдың адамгершілік мұраттары. Алматы, 1993ж
10. Абай энциклопедиясы – Алматы. Атамұра, 1995
11. Ж.Ысмағұлов Абай: ақындық тағылымы – Алматы. Ғылым, 1994 ж.
12. З.Қабдолов «Сөз өнері» - Алматы. Қазақ университеті, 1992 ж.
13. М.Әуезов «Абай Құнанбаев» Монография. Мақалалар, зерттеулер, 1967ж
14. Қ.Мұхамедханов «Абай мұрагерлері» - Алматы. Ата мұра, 1995 ж.
15. З.Ахметов Поэтика эпопей «Путь Абая» в свете



истории ее создания. Алма-Ата, 1984 г.

### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Негимов С. Көнеден жеткен көрікті ой: [Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көптомдық шығармалары жайлы] / Серік Негимов // Егемен Қазақстан. – 2010. – 12. маусым. – 10 б.
2. Жұматов Ғ. Мұрасы мол іздеген маржан табар: [павлодарлық ғалым Ә. Пазыловтың «Бабалар ғұмырнамасы және Мәшһүр Жүсіп Көпеев еңбегі жайлы] / Ғалымбек Жұматов // Сарыарқа самалы. – 2011. – 21 шілде. – 3 б.
3. Жүсіпов Қ. П. Мәшһүр Жүсіп мұралары: ашып қалсаң бір тарих / Қ. П. Жүсіпов // Егемен Қазақстан. – 2008. – 31 қаңтар. – № 24-27 (24604).
4. Бакытова А.И. великий Копеев станет ближе // Звезда Прииртышья. – 2009. – 7 апреля.
5. Жусупов Е. К. Проблемы отечественной истории по материалам Машхура Жусипа // ПГУ им.С.Торайгырова, г. Павлодар, 237 с. // Мәшһүр тағылымы: жинақ. – Павлодар, Кереку, 2010. – 2 бөлім. 256–259 б.
6. «Аңыз адам» журналы – Алматы, 2013, №19



## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің жаңа үлгісі қалыптасты.

Баяғыда Жапониядағы бір ұстаздан шәкірттері білім алудағы басты мақсат не екенін сұрапты. «Ертең бәріміз тауға серуенге шығайық. Сонда түсіндіремін. Жолға тамақ алындар, бірақ су қажет емес, барған жағымыздан табылар» дейді. Ертеңіне серуенде жүріп, ауқаттанып алғаннан кейін балалар шөлдегендерін айтқаннан соң ұстаз су көзін таба алмай қалғанын мәлімдеп, өздеріне су іздеуге кеңес береді. Түсте кеткен шәкірттері қас қарайғанда оралды. Шөлдерін қандырып, мәре-сәре болып келген шәкірттеріне қарап *«Бүгін шаршап-шалдыққандарыңызға қарамастан, өз беттеріңмен ізденіп жүріп, су таптыңдар. Біздің міндетіміз – сендердің өз беттеріңше еңбектенулеріңе жағдай жасау. Ішіңіздегі бір-екі бала маған арнайы су алып келіп, адамгершіліктерін танытты. Ал басты мақсатымыз – жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу»*, – деген екен. Елімізде қолға алынып жатқан білім реформасының да басты мақсаты осы хикаяға саяды. Нақтылап айтсақ, енді мектепте бұрынғыдай мұғалім 45 минут бойы сөйлеп, сабақты тәптіштеп түсіндірмейді. Ол тек оқушының өз бетімен оқып-ізденуіне жағдай туғызатын болады.

Жаңа бағдарлама құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік,

еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу тәрізді құндылықтарға негізделген. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен ізденуі оқу үдерісіне қойылатын басты талаптардың бірі болып табылады.

Осы талаптарды орындауда қазақ тілін оқытып, үйрету – көптеген ізденістерді, оқытудың белсенді әдіс – тәсілдерін пайдалануды қажет етеді. Сондықтан дәстүрлі оқыту процесін түгелдей өзгертіп, оқытудың шығармашылық қызметін дамытып, оқыту әдістерін жаңа өркениеттік бағыт тұрғысында жетілдіру керек. Осыған орай қазақ тілін оқыту белсенді әдістерді қолданумен байланысты болып отыр. Белсенді әдістерді қолдану өзара түсіністікті, өзара әрекеттестікті, өзара байыптауды қамтамасыз етіп, сабақ барысында материалды жақсы меңгеруге көмегін тигізеді, ең маңыздысы пікірді, қарым-қатынастарды, мінез-құлық машығын қалыптастырады. Сонымен қатар, белсенді әдіс оқытудың әлеуметтік мәнін, оқушының рухани өсуін, адамгершілік жағынан дамуын, ынтымақтастық, ортақ мақсат пен бірыңғай қағидалар негізінде біріктіруге ықпал жасайды. Белсенді әдістерді қолдану кезінде оқушылардың тыңдаушы емес, қатысушылар болуы, рөлге енуі, танымының қалыптасуы қарастырылады. Мұғалім дайын білімді бермейді, оқушыларды өз бетімен ізденуге, шешім қабылдауға, ойын айтуға үйретеді. Мұғалім мен оқушы арасындағы әрекеттің ауысуы, оқушының белсенділігіне орын береді. Белсенді оқыту мен оқу әдістерін таңдау, пайдалану және әзірлеу – оңай жұмыс емес, өйткені мұғалімдерде қандай да бір тәсілді қолданардың алдында көптеген сұрақтар туындайды, мысалы: Осы сабақ білім алушылардың жасына сәйкес келе ме? Сыныпта қандай балалар жиналған, мысалы, қабілеттерінің деңгейлері әртүрлі, саны, жынысы және т.б. Жекелеген оқушылар да жоспарлау барысында ескерілуі тиіс, инклюзивті білім алатын мұқтаждық бар ма?

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытуда белсенді әдістерді қолдану маңызды. Соның ішінде сөздік қорды қалыптастыру,

байыту мақсатында келесі белсенді әдістерді қолдануға болады.

### **1.Графикалық органиайзерлер**

Сөз

Анықтамасы

Мысал

Суреттер

Сөйлем

### **2.«Сөздіктің көмегімен сөздік қорды байыту»**

Сөз	Сіздің ойыңызша, оның қандай?	Сөздіктегі анықтамасы	Сөзді отырып, сөйлем	пайдалана құрылған

### **3.«Кесте»**

Түйін сөз	Анықтамасы

4. **«Сөзді тап»** – оқушы бір сөзді алады, сосын сөздің өзін атамастан, ол туралы басқа сөздерді айтады. Топтағы қалған оқушылар неғұрлым жылдамырақ сол сөзді табулары тиіс.

5. **Постерлер** – сөздердің мағынасын көрсететін визуалды суреттер.

6. **«Джигсо карточкалары»** – оқушылар сөздерді анықтамаларымен қосады.

7. **«Лотерея барабаны»** – оқушы сөзді суырып алып шығады да, ол туралы не білетінін айтады.

8. **«Бір минут»** – оқушылар жәшіктен сөз таңдап алады да, ол жайында бір минут бойы сөйлейді.

**9. «Сөзді бейнеле»** – «Суреті бойынша анықта» ойынының нұсқасы. Қатысушылар жәшіктен сөзді алып шығады да, 30 секунд бойы топтың басқа мүшелері үшін оның суретін салады.

**10.«Сөздік бинго»** – мұнда мұғалім анықтаманы оқиды, ал оқушылар өз карточкаларынан сол анықтаманы білдіретін сөзді бегілейді.

Өтілетін тақырыпты болжауда: «Сурет галлериясына саяхат», «СтопКАДР», «Әуен тыңдату» әдістері тиімді.

Жаңа тақырыпты меңгеруде келесі әдістерді жүйелі қолдануға болады:

«Бабл-габл», «Зуылдақ» – оқушылар өз ойларын бір мезетте мұғалім тоқтатқанша дауыстап айта береді. «Ойлан, жұптас, бөліс», «ДЖИГСО» әдістері оқушыларға ойларын жинақтауға, жұпта бөлісуге, топқа шығып сөйлеуге көмектеседі.

«**Фишбоун**» – балық қаңқасының басына тақырыпты, денесіне кілтті ақпараттарды, құйрығына қорытындыны, идеяны жаздыруға болады.

«**Артығын алып таста**» әдісін қолданғанда, оқушыларға сөздер немесе суреттер жинағын көрсетеді. Қай сөз немесе сурет тақырыпқа қатысты емес екенін анықтайды.

«**Ыстық орындық**» әдісінде 1 минут ішінде оқушылар қойған сұрақтарға жауап береді. Қате жауап берсе «күйіп кетеді».

**РАПТ әдісінің** тапсырмалары оқушылардың өз пікірлерін ашып көрсетулеріне және олар зерттеп отырған ақпарат мазмұнына қатысты өз идеяларын айқындауларына жағдай жасайды. Оқушылар келешек туралы ойландыратын жазылым бойынша сұрақтарға жауап беруге үйренеді. Р-роль, А-аудитория, П-пішін, Т- тақырып.

**Қалыптастырушы бағалауды «Кофе таяқшалары», «Қар кесегі», «Ұшақ» «Конверт – сұрақ», «Қара жәшік»,**

**«Алтын сандық» әдістерін қолданып ұйымдастырған тиімдірек болады.**

**Рефлексияда жиі қолданылатын әдістер:** «Екі жұлдыз, бір тілек»,

**«Бес саусақ» әдісі.** Параққа алақандарын қойып, оны жиегімен қаламмен айналдырып өтеді. Осыдан соң олар сабақ туралы мынандай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады:

**1. «Бас бармақ»- басты мәселе.** Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?

**2. «Балалы үйрек»- бірлесу.** Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым?

**3. «Ортан терек» – ойлану.** Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым?

**4. «Шылдыр шүмек» – шынайылық.** Сабақ маған ұнадыма? Неліктен?

**5. «Кішкентай бөбек» – көңіл-күй ахуалы.** Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?

**«Автор орындығы»** – қорытынды ойды, сәтті шыққан эссені тыңдауға болады.

**«Еркін микрофон»** – өз ойларын айтуға микорфон қызықтырады.

**«Аяқталмаған сөйлем», «Мұғалімге жеделхат»** тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады. Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:

- бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ....көзімді жеткіздім.

- бүгін сабақта қуантқаны.....
- мен өзімді.....үшін мақтар едім.
- маған ерекше ұнағаны.....
- сабақтан соң маған.....келді.

**«Бағдаршам» әдісі** арқылы сабақтан алған әсерлерін

төмендегі түстер арқылы көрсетеді:

**Жасыл түс** – сабақтан жаңа идеялар байқадым.

**Сары түс** – жаңа сабаққа көңілім толды.

**Қызыл түс** – бүгінгі сабақ сезіміме ерекше әсер етті.

**«БББ»** – **таныс әдіс**. Жаңа тақырып бастар алдында үш бағаннан тұратын кесте таратылады. Олар нені біледі? Олар нені білгісі келеді? Олар нені білді?

Оқытудың белсенді әдістері – оқу материалын игеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және тәжірибелік әрекетке итермелейтін әдістер. Онсыз білімді игеруде алға жылжушылық болмайды.

Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б., жаңа міндеттер қойылуымен қатар, функционалдық сауаттылықтарын қалыптастырумен байланысты.

**Г. Ж. НАУШИНА,**  
**№104 жалпы білім беретін мектептің**  
**директордың оқу-тәрбие ісі**  
**жөніндегі орынбасары.**  
Алматы қаласы,  
Әуезов ауданы

## **ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ – ОҚУ ФОРМАСЫНЫҢ ЖАҢА ТҮРІ**

XXI ғасыр – білім мен ғылым ғасыры. Елбасымыздың жолдауында: *«Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс»* – деп, атап көрсеткеніндей, қазіргі төтенше жағдайға байланысты мектеп оқушылары 6 сәуірден бастап қашықтан білім алудың жаңа форматына көшіп, бүгінгі таңда өз білімдерін жалғастыруда. Бұл шешім қабылданған күннен педагогтер үшін де, оқушылар мен ата-аналар үшін де оңайға түскен жоқ. Дегенмен, осындай қашықтан оқыту барысында жаңа ақпараттық технология құралдарына сүйене отырып, нәтижелі де жауапты жұмыстар атқаруға Алматы қаласындағы № 104 жалпы білім беретін мектептің ұстаздар қауымы үлкен жауапкершілікпен сәуір айының бірі күні өткен сынама сабақтарын ойдағыдай өткізіп, кірісіп те кетті. Цифрлық білім беру ресурстарымен, электронды оқулықтармен, электронды журнал жүйелерімен жұмыс істеп келген мұғалімдер мен оқушылар үшін компьютерлік сауаттылық - олардың ақпараттық мәдениетін арттырып, әртүрлі жағдайда проблемаларды анықтауға, жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға дайын болу керектігінің айқын көрінісі.

*«Біз білім беруді жалғастыруды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс»,* – деген Елбасының сөзін басты қару етіп алған мектеп директоры Айза Алпамысқызы



Мұхтарқұлова өз шәкірттеріне сапалы, нәтижелі білім беруді мақсат еткен басшы. Ал осы істі ұйымдастырып, үйлестіруші Зульфира Қайырбекқызы Мадаутова және сынып жетекшілері оқушыларды техникалық құралдармен қамтамасыз етіп, барлық оқушылар оқумен толық қамтылып отыр.

Әрбір ұстаз, мектеп әкімшілігі, әдістеме бірлестік жетекшілері, өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдана отырып атқарса, өзіне деген жауапкершілігінің арқасында нәтижелі еңбекке жетелеп, рухымызды шыңдайды.

Оқушы мен ұстаздардың арасындағы бір-біріне деген сенімділігі – олардың танымдық-шығармашылық қабілетін арттырып, барлық орындар жұмысты қашықтан өткізуге жоспарлап, қысқа мерзімді оқу жоспарын қашықтан білім беру жүйесімен ағастырып, оқу үрдісінің барысын қадағалап, оқушылардың тапсырмаларды өз бетімен орындауына ұсыныстар беріп, кері байланыс жасау. Қашықтан оқыту жүйесінің әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы сабақ кестесінің ретін сақтай отырып, оқушыларға ұсынылған тапсырмалардың анық-қанығын, оқу материалдарының толық қолжетімділігі үнемі бақылауда. Оқушылар да оқулықтарда берілген тапсырмаларды толық орындап, қосымша ізденіс құралдарының көмегімен мұғалімдердің берген білімін толықтай қабылдап, оны әрі қарай өз бетінше орындап, жүйелі түрде кері байланыс жасап отыр.

Сол сияқты мектеп мұғалімдері Алматы қаласы қалалық білім берудегі жаңа технологиялар ғылыми-әдістемелік орталығы мен Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университетінің «Информатика және қолданбалы математика» кафедрасы оқытушылары және НЗМ қызметкерлерінің ұйымдастыруымен өткізілген вебинарларға қатысып, қажетті ақпараттармен танысып, сабақтарына қолданып отыр.

Оқушылар мектебіне, ұстаздарына деген ыстық

сағыныштарын, алғыстарын жолдауда. Ата-аналарымыз да қандай жағдай болмасын, балаларының қасында отырып, отбасы болып сабаққа дайындалып, әр шаңырақта «Біз біргеміз!» ұранын іске асыруда. Осындай сын сағатта балалары мен ұстаздарға қолдау көрсетіп, шыдамдылық танытып отырған ата-аналарға алғысымыз шексіз. Ұстаздарымыз, ата-аналарымыз, оқушыларымыз бірлесе отырып, ынтымақтасып жұмыс жасаса, кез келген кедергілерді жеңеріміз сөзсіз. Ең бастысы, мынадай төтенше жағдайдағы ережелерді сақтап, мектебімізге оралар күн туарына сеніміміз мол!



## ПОЭМА ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

### *Аннотация:*

*Поэма – әдебиеттегі іргелі жанрлардың бірі.* Онда қоғамдағы алуан түрлі іргелі мәселелер, көкейкесті тақырыптар қозғалады. Қазіргі поэма жанры тақырып түрлілігімен, дәуір, ұлт рухын беруімен, өткен оқиғаларға өз бағасын айтуымен ерекшеленеді. Жазба әдебиет дамуының өне бойында поэма – әдебиеттегі бірден-бір жетекші салаға жатады. Өзінің жанрлық мүмкіндігіне қарай, поэма әр түрлі көркемдік құрылымда, атап айтқанда, *сюжетті, сюжетсіз, драмалық, монологтық толғаныс түрлеріне* жіктеледі. Поэмада көтерілген проблемалар, тақырып пен идея, сюжет пен композиция, кейіпкерлер жүйесі эпикалық кең тынысқа негізделеді. Қазақ әдебиеті тарихында қара сөзбен жазылған поэмалар да бар. Мақалада поэманың осындай ерекшеліктері жіктеліп көрсетіледі.

*Түйін:* Бүгінгі таңда әдебиетті оқытуда мән бермей кететін тұстар жеткілікті. Соның бірі мақалаға негіз болған поэма жанры және оның ерекшеліктері.

Қазақ әдебиетінде әрбір жанрдың өз туу, қалыптасу, даму жолдары, ерекшеліктері мен ғалымдар арасында сан алуын ой-пікірлер бар. Сол сияқты, поэма жанры да әлі күнге дейін толық зерттеліп бітпеген, халық ауыз әдебиеті үлгілері негізінде қалыптасқан жанр түрі болып саналады. Поэманы оқыту үшін оның тарихын баяндау, сонымен қатар форматының ерекшелігі жанрлық тұлғасын қалыптастыратындығын, оны жазудағы автор мақсатын түсіндіру арқылы біз оқырманның танымының кеңеюіне

әсер ете аламыз.

**Тірек сөздер:** әдебиет, поэма, жанр, ұлт, рух, тарих

**Резюме:** На сегодняшний день недостаточно внимания к изучению литературы. Одним из них является жанр поэмы, опирающийся на статью и его особенности.

В казахской литературе есть мнение о том, что каждый жанр имеет свои роды, пути становления, развития, особенности и многообразие ученых. Так же жанр поэмы до сих пор не изучен и считается жанром, сформированным на основе образцов устной литературы народа. Для изучения поэмы, изложив его историю, а также специфику формата, мы можем повлиять на расширение познания читателя путем объяснения цели автора в его написании.

**Ключевые слова:** литература, поэма, жанр, нация, дух, история.

**Subject:** Features of the poem genre.

**Abstract:** To date, there is not enough attention to the study of literature. One of them is the genre of the poem, based on the article and its features.

In the Kazakh literature there is an opinion that each genre has its own kinds, ways of formation, development, features and diversity of scientists. Also, the genre of the poem has not yet been studied and is considered a genre formed on the basis of samples of oral literature of the people. For the study of a poem, by setting out its history as well as the specifics of the format, we can influence the expansion of the reader's knowledge by explaining the author's purpose in writing it.

**Keywords:** pair literature, poem, genre, nation, spirit, history.

**Поэма – өлең сөбен жазылған, сюжеттік желісінде аңгімелесу сипаты басым көлемді туынды.** Сюжетті поэмалармен қоса, таза лирикалық сюжетті қамтитын поэмалар да болады. Поэма жанрының көлемдік ерекшелігі, тарихи-мәдени және әдеби процестегі рөлі туралы айтқанда, екі мәселені бөліп алуға болады. Гегель «Эстетика туралы дәрістерінде» эпикалық поэзияның мазмұнында жалпы әлем шеңберіндегі ұлттық дүниетаным көрінеді деген ой айтады.

[1, 17] Осылайша поэма мазмұнында арқау болатын оқиғаның тарихи көлемі анықталады. Гегельдің көзқарасынша, эпикалық дүниенің негізі ретінде халықтың рухын көтеретін жалпыхалықтық іс көрінеді. Гегельмен бірге Белинский өзінің белгілі «Поэзияны тегі мен түріне қарай бөлу» деген мақаласында поэмадағы жеке субъектінің рөліне, авторлық басталуға көбірек көңіл бөліп, нақты эстетикалық және тарихи әдеби талдау кезінде, баяндаушының лирикалық тебіренісі, оқиға мен кейіпкерлерге деген қарым-қатынасы, көңіл-күйі эпикалық шығармаға үлкен эмоция беретінін айтқан. [2, 112]

Қазақтың жазба әдебиетінің қалыптасуында эпикалық жанрдағы жетекші түрлердің бірі поэма екендігі әдебиеттану ғылымында айтылып жүрген пікір болғанымен, бұл саладағы көркем жетістіктердің негізінде романтикалық бейнелеу тәсілінің жатқаны арнайы сөз студі қажетсінетін мәселе. Қазақ романтикалық поэмасы Мағжанға дейінгі кезеңде кем дегенде үш типті көрінеді деуге негіз боларлық әдеби көркем деректер баршылық. Мұндай тұжырым жасауға Абайдың және оның ақын шәкірттері шығармашылығындағы эпос жанрының сипаты негіз бола алады», – дейді романтикалық поэма табиғатын дербес зерттеу нысаны еткен ғалым Е.Тілешов. Абай поэмаларындағы романтикалық шарттылық оның ағартушылық ойларын бетуындылардың идеялық, көркемдік қасиеттерін танытатын сипат «Дағыстан», «Меғдат-Қасым» поэмаларынан анық аңғарылады. Осы поэмалардағы басты тартыс – махаббат мәселесінен бастау алады. Осыдан барып бас қаһарман ортасынан оқшауланып, кек алу әрекетін ойластыра бастайды. Байрон, Пушкин шығармаларында да өзге елдегі, ортадағы жағдай, табиғат суреттеліп, кейіпкерлері де батыл, өжет мінезді болып келеді. Яғни, қазақ романтикалық поэма жанрының қалыптасуы, оған өзге халықтар әдебиетінің ықпалы туралы айтқанда, Ақылбайдың «Дағыстан», Мағауияның «Меғдат-Қасым» поэмаларын атаған орынды. Романтикалық поэма үлгісін Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн»

поэмасынан да байқаймыз.

Мағжанның романтикалық сипаттағы поэмаларының басы *«Ертегі» поэмасы*. «Ертегі» поэма атауы фольклор жанрын емес, идеялық мазмұнды меңзейді. Қазақтың кешегі азат күйі, көшпелі ерікті тірлігі – ертегідей елестейді. Романтикалық идеалды бейнелеудің формалары, мазмұны бұдан кейінгі «Қорқыт», «Оқжетпестің қиясы», «Батыр Баян» поэмаларында байқалады.

Әрбір зат пен құбылыс негізсіз, себепсіз туындамайтыны сияқты, қазақ әдебиетіндегі поэма жанрының арғы тегі ұлттық фольклорымыздың аса өнімді де бай саласы – батырлық, ғашықтық эпостарда жатқандығы анық. Сондықтан да поэма жанрының тууы мен қалыптасуы, этногенезісін қарастыруда халық ауыз әдебиетінде ғасырлар бойы жасап келе жатқан эпикалық дастандарымызды зерттеудің маңызы зор.

Мәселен, Еуропалық әдебиеттанушылар ежелгі грек заманында туған Гомердің «Иллиадасы» мен «Одиссеясын» көне поэмалардың қатарына жатқызады. Олардың генезистік пайда болу жағдаяттары мен мүмкіншіліктерімен салыстырғанда, қай жағынан алғанда да ешбір кем соқпайтын түркі (қазақ) эпостарын да көне поэмалардың қатарына жатқызуға болады деп білеміз. Дегенмен, көне гректің аталған эпостық поэмаларын «Соқыр Гомер атты ақын (біздіңше жырау) шығарыпты-мыс» делініп, авторлық шығарма ретінде танылса, түркілік (қазақ) бірде-бір эпостық поэма авторлық шығарма ретінде қарастырылмағандығын ескеруіміз керек. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырын үлкен бір эпикалық дастан деп қарастыратын болсақ, оның авторы ретінде Марабайды да, Жанақты да, Біржан Толымбаевты да тани алмайтынымыз анық.

Әуел баста қара сөзбен жазылған «Қорқыт ата кітабынан» бастау алып, қоңырат руы арасында кең тарап, кейіннен бірнеше түркі халықтарына ортақ сипат алған ұзақ жыр – «Алпамыс батырдың» қысқаша, үзік-үзік сұлбасы байқалатынына қарап, біз эпостық поэманың

тууы мен даму динамикасын аңғарамыз. Осы құбылысты бағамдаған академик Қ.Жұмалиев былай деп тұжырым жасайды: *«Қазақтың батырлар жыры бірден-ақ бір бүтін ұзақ бола салған емес. Бұлар әуелде батырлардың әртүрлі оқиғаларда істеген ерліктері жөнінде жеке жырлардан құрастырылған. Әрбір батырлардың әр кездегі ерліктері жөнінде шығарылған жырлар, бір батырдың не бір оқиғаның маңына жинастырылып, біріктіріліп жазылғаннан кейін, эпостық поэма атағын алады»* [2, 158].

Қазақ поэмаларының еуроамерикандық және ресейлік әдебиеттерден тыс, өзіндік даму сатысына мән берген әдебиетші ғалым Ж.Толыспаева эпостық поэма жөнінде мынадай ой айтады: *«XX ғасырдағы жанр теориясында поэманың бастауларын эпостан іздеу керек деген ортақ тұжырым бекітілген. Егер бұл жанрдың қайтадан ұйымдасу заңдылықтары туралы айтар болсақ, поэма әрбір тарихи ұрымтал кезеңде өзінің эпостық бастауларына оралу арқылы жаңғыратынын, бірақ әрқашан қайталанбас, сапалық жаңғыру бейнесінде болатынын айту керек. Жаңа мыңжылдықтағы қазақстандық поэма да эпосқа оралуда...»*[3,208]. Демек, қазақ поэзиясындағы сарқылмас қуаттың көзі, бүгінгі және болашақ ақындардың айқын бағыт алар нысанасы – ұлттық жадымен суарылған эпостық поэмалар болып табылады және ғаламдасу дәуірінде ұлт ретінде жойылып, жұтылып кетпедің басты амалдарының бірі де осы болмақ.

Поэманың жоғарыда біз прототегі ретінде алған эпостық поэмадан өзге де түрлері болғандықтан және олардың біріне тән анықтаманың екіншісіне қатысты дәлме-дәл келе бермейтіндігін де ескергеніміз жөн. Осыған байланысты, нақты сипатын ашатындай, дәл анықтамасы жасалған деп айта алмаймыз. Поэманың негізгі құндылығы – оның көлемінде емес, өлеңмен жазылғандықтан, поэзияға тән ұтқырлық пен айқындыққа құрылған көркем поэтикасында, оқырманға әсерлілігінде деп қарастыруға әбден болады.

Жазба әдебиетте поэманы тектік тұрғыда эпостық,

лирикалық, драмалық деп бөлу үрдісі (аристотельдік-гегельдік теория) ежелден қалыптасқандығы белгілі. Стильдік әдіс тұрғысында, яғни өмір шындығын бейнелеу қалпына қарай реалистік, фантастикалық, романтикалық, психологиялық, педагогикалық поэмалар туып қалыптасқандығын белгілі бір қоғамның даму кезеңдеріне, ондағы сұраныс пен таным-түсініктерге негізделгендігімен түсіндіруге болады. Кеңестік дәуірдегі коммунистік мұрағаттарды жүзеге асыру жолындағы ұраншыл пафосқа құрылған «қызыл жалынды» поэмалардағы өмір шындығын бейнелеу тәсілі бұған мысал бола алады.

Поэма жанрының теориялық негіздері жөнінде академик Зейнолла Қабдолов мынадай тұжырым жасайды: *«Поэма – өмірде болған, не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипатты өлеңмен суреттеу. Поэмалар түрлі-түрлі: сюжетті поэмалар да, сюжетсіз поэмалар да болады. Поэмаларда жасалатын адам образдары да әралуан: эпикалық образ да, лирикалық образ да, реалистік образ да болады. Поэма – қазіргі қазақ поэзиясындағы мол өркендеп, кең өріске шыққан шеңбері жанрлық түрлердің бірі»*[4, 313]. Міне, З. Қабдоловтың көрсетуінше, поэма сюжетті де, сюжетсіз де болады. Бейнелері де әр алуан: эпикалық бейнеде, реалистік бейнеде болады. Ал, белгілі әдебиет зерттеушісі Ә.Нарымбетовтың пікіріне жүгінсек: *«Поэма – өлеңмен жазылған шығарма. Оның басты сипаттары – сюжет. Характер, лиризм, драматизм. Әрине, бұл поэма біткеннің бәрін қамтып тұр деп үзілді-кесілді айта алмаймыз. Және бұл айтылған сипаттар бір поэманың бойынан түгел табылуы да мүмкін емес. Бір поэмада бірнешеуі ұшырап, бір сыпат жетпей, не жоқ болып шығуы да ықтимал. Поэманың даму жолында аталған компоненттің біреуі алдыңғы планға шығып, кейбірі көмескіленуі де зажап емес. Бұл жай басқа халықтармен қатар, қазақ поэмаларының даму процесінде жиі байқалады»*. [3.16]. Ал әдебиет зерттеушісі



Ө. Күмісбаев: «Поэма – оқиганы өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр толғау түрінде келетін көлемді шығарма»,– деп аталған жанр жайлы ой топшылайды. [4.274]. осы тұста «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» толғау мен поэмаға ұқсас жанрлар ретінде мынандай түсінік берілген: «**Толғау** – қазақ, сондай-ақ, қарақалпақ, ноғай секілді басқа да халықтардың ауызша поэзиясында кең тараған қоғамдық-саяси лириканың бір түрі. Әрбір даму кезеңінде толғау мазмұны жағынан да, бірталай өзгеріп, жаңаша сипат алды. Тоғау кейде күрделі, лирикалық туынды, тіпті сюжетсіз поэма дерліктей сипат алады.» [4.328].

XIX ғасырдың екінші жартысында жазба әдебиет негізін салушы Абай Құнанбаев шығыс тақырыбынан стильдік, жанрлық сипаты қисса-дасандарға келетін поэмалар жазды. Сол уақытта профессионалды әдебиеті әлдеқашан қалыптасып классикалық үлгілер тудырған Батыс Еуропа, орыс әдебиетінің жетілген композициялық құрылысы, шеберлігі де Абайдан бастап қазақ әдебиетіне үлгі болып ене бастады. Кейіннен уақыт өте сана дамып, ой көркейекеле, өмірдің өзінен тың тақырып, жаңа идеялар туындады.

Әу баста эпос назарында бүкіл халық оның психологиясы дүниетанымы болса, енді поэма жанры жеке адам әлеміне оның күрделі, қарама-қайшылықты жаратылысына үңілді. Бұл – эпос табиғатындағы үлкен сілкініс болғанымен ежелгі жанр табиғаты мүлдем өлген жоқ. Ал, ежелгі жанр бойындағы өміршең бір құбылыс драмалық шиеленіс. Құр бояуды өлең құрылысының факторынан сырт қалдыра отырып, пома өз бойына ұтымды, тиімді әдістер қабылдады. Мысалы, психологиялық портрет, лирикалық толғаулар, мотив т.б. яғни, поэмада автор тарихи құбылсқа жеке таным, субъективті мәселелері негізінен қарайды. Осы дәстүр XX ғасыр басында, әсіресе, Мағжан поэмаларымен дамыды. Яғни, XX ғасыр басы қазақ әдебиетінде поэма жанры үшін өсу кезеңі болды. Жиырмасыншы жылдары поэма жанрында сюжеттік тұтастық, композициялық берік желі табу, нақтылы көркем тұлға тудыруда белгілі

бір қоғамдық дамудың эстетикалық соны талап-тілектерін танытатын шығармалар Мағжан Жұмабаев пен Сәкен Сейфуллин поэмалары. Міне, осыдан бері поэма жанры да өзге жанрлар сияқты өзіндік табиғатын байытып, теориялық заңдылықтарын тұрақтандыра, өз алдына жеке өмір сүріп келеді. Поэмада тарих характерін ашатын баяндау, сюжет, шындықтың эпикалық тұрғыда суреттелуі, автордың ашық айтылған эмоциялы көңіл-күйімен боялып беріледі. Осы ерекшелігімен поэма табиғаты кей жағдайда «лиро-эпикалық» жанрды да танытқандай. Өйткені, поэмада автор басты тұлғаның бірі, тіпті, біз өмірді жеке автордың лирикалық қабылдаулары арқылы танимыз. Ақынға жүктелер міндет, біріншіден белгілі бір тақырыпқа барар алдында сол құбылыстың эстетикалық кескіні қай жанрда көріне алады деген сұраққа жауап іздемекке керек.

*Поэmanın осындай ерекшелігінің бірі – өмірден объект етіп алып отырған құбылысын терең түсініп, елеп-екшеп, маңыздысын таба біліп, оны бейнелеуге сөз кеңінен ең лайықтысын тауып, жұмсай білуі. Себебі, «жанр – эстетика үшін ең белді категория. Ол суреткер талантының түгел рухани орбитасын танытады»* (Ә.Кекілбаев). Поэма жанры төңірегінде 1962-1966 жылдар арасында қазақ әдебиетінде үлкен пікірталас болды. «Қазақ әдебиеті» бетінде Е.Ысмаилов, Ә.Қоңыратбаев, А.Сүлейменов, М.Мақатаев, Ә.Кекілбаевтар жанр табиғаты хақында құнды ой, салмақты пікірлер айтты. Бұл мақалалар ішінде тоқталарымыз Ә.Кекілбаевтың «Өлі жанды неге Пушкин жазбаған?» атты мақаласы. Мақала өз талантына кәміл сенетін ұлы Пушкиннің әдебиеттің бел қасиеттерінің бірін атап өте алмай, Гогольдік әлемге мәшһүр еткен «Ревизор», «Өлі жандар» шығармаларына негіз болған екі оқиғаны досына ұсынғандығынан басталды. Автор талант, өмірлік құбылыс, шығарманың бір-біріне қарсылықты байланыстарын айқын аша отырып, жанрдың табиғатына тоқталды. Ол болмыс құбылыстарының эстетикалық сипаттарына тоқталып, поэма жанрын асқақтық сипатына

іш тартатынын дәлелдей баяндайды. Яғни, мақала авторы *«Поэма прозадай, психологиялық драмадай адам жанының ұңғыл-шұңғылын зерттемейді. Проза мен драманың табан тірер адам психологиясы бір кісі характері болмаса, поэманың табан тірер адам рухы»* – деген ой түйеді. [3] Сонымен, мақала пікірі бойынша, шиеленіскен оқиғаның шарықтау шегі, тіпті, оқиға болмаған күнде де лирикалық толғаудың көңіл кілтін ашар негізгі тұсы - поэма жанрының ерекшелігі. Бұдан кейінгі поэма жанры төңірегіндегі көлемді еңбек Ә.Нарымбетов, Қ.Алпысбаев зерттеулері және 1982 жылғы «Жұлдыз» журналында «Қазақ поэмасы туралы кейбір ойлар» атты көлемді мақаласы. Мұнда кезкелген оқиғаның поэмаға материал бола алмайтындығын, тақырыпқа салмақ, идеяға ірілік керек екендігін айтады. Сонымен бірге, поэма жазу үшін талант дайындығы, тәжірибе және білімділік керек. Соңғы зерттеу мақала еңбектері ішінен Б.Ыбырайымовтың «Әдеби тарихымызыдың тағылымдары» барынша жанр табиғатының күрделі сұрақтарын шешуге ниет қалғандымен ерекшеленеді. Мақаладан, *«...көлем поэма жанрының негізгі айқындаушы белгісі емес... көркем бейненің бірегей бітімі айқын сомдалмайына поэма деудің қиысыны жоқ»*. [4, 25]

Сонымен, поэма жанры төңірегінде кең көлемді, тиянақты зерттеу болмаса да, әр кезеңде бір-бірімен пікір, талап-тілектері сәйкес еңбектер болғандығымен қанағаттанамыз. Яғни, поэма жанры үшін сөз қолданыстағы биік эстетикалық талғам, оқиға мен жанр сәйкестігі, образ сомдаудағы жауапкершілік, ой шеберлігі, ақын мәдениеті, білім тереңдігі бірінші орында болмақ. Поэма еркін құрылысты синтездік жанр. Бұнда ой-қиял әлемі, жан дүние жұмбақтары, өмір сырлары, жеке торығу, драмалық ширығу, трагедиялық шешім, көркем шындық, пессимизмге бой ұру немесе оптимистік рухтар, бәрі, бәрі аралас келеді. Поэма табиғатының астары да сезімде жатыр. Орыстың үлкен сыншысы Ф.Г.Белинский: *«Өмірдің биік сәттерін қамти отырып, тамаша шындықты суреттейді»*, – дейді. [6, 62]

Әйтсе де, аталып кеткендей, кез келген сезімге әсер етуші құбылыстар поэма туғыза алмайды. Өйткені, поэма табиғаты өлеңнен өзгереді. Поэмаға көбіне – көп қызмет етуші тарихи оқиғалар, жеке тұлға іс-әрекеті, махаббат трагедиясы т.б., сюжетсіз толғау түріндегі поэмаларға негіз болатын мәңгілік мотивтер – торығу, үмітсіздік, өлім, қуану т.б.

Сөз соңында айтылар дүние әдебиетіміздің тарихында айтарлықтай дамыған поэма жанры табиғатын ашып, принциптерін анықтар теориялық еңбектер, барымызды жүйелеп, жіктеп танытар монографиялық зерттеулер керек екенін айтқымыз келеді. Қазіргі қазақ поэзиясын, оның ішінде поэма жанрын өзіндік бояу-реңкімен даралап көрсетумен қатар, әлемдік поэзиямен жымдаса кіріккен, біртұтас бірлікте алып қарастыруға болады. Сонда ғана әлемдік эпикадағы поэтикалық кеңістік пен талғам – қазақ әдебиетінде де барын анық дәлелдер едік.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. М. Қаратаев. Әдебиет және эстетика. – Алматы: «Жазушы», 1970. – 429 б.
2. Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалар. 1-кітап. Алматы: «Жазушы», 1948. – 521 с.
3. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 1997. – 368 б.
4. ҚР ҰҚК архиві материалдары. №7854-іс, 7-том.
5. Алпысбаев Қ. Қазіргі қазақ лирикалық поэмасы. Оқу құралы. – Алматы, 1989.
6. Белинский В.Г. Собрание сочинений в 13-ти томах, 5-т. Москва: 1954. – 481с.

**А. М.МЫРЗАБАЕВА,**  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық  
университетінің II курс магистранты.

**Ғылыми жетекшісі:**  
**Д.А.САТЕМИРОВА,**  
Филология ғылымдарының кандидаты.

## **КЕЙІПКЕР ЖАСАУДАҒЫ ЖАЗУШЫ ШЕБЕРЛІГІ**

Қазақ – сөз құдіретін өз құдіретім деп білетін асыл халық. Ал біз сөз етіп отырған өнердің тарих сахнасынан да алатын орны да ерекше. Кешегі әлмисақтан бергі көне дәуірдің барлығында сөз құдіретінің тұғыры биік болған.

Әдебиет пен көркем өнердегі ұлттық дәстүрлер ұрпақтың дүниені көркем оймен тану жолындағы озат тәжірибелерінен жасалғаны мәлім. Дәстүр – болмысты көркем образға айналдырудың ғасырлар бойы машықталған тәсілдерінен және айналамызды қоршаған қоғамдық орта мен табиғатты ой таразысына сала отырып бейнелеудің ұрпақтардан ұрпақтарға мирас боп келе жатқан қағидаларынан құралады. Дәстүр тұлғасы — тарих талқысынан өткен, халықтың ой-сезіміне етене болған, халықтың эстетикалық талғамына төтеп бере алатын бейнелеу нақыштары мен күллі ұлттық тіл байлығы арқылы айқын көрінеді.

Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі жастар бейнесі жан-жақты зерттелген мәселе емес. Әдебиетші ғалымдар тарапынан мақалалар, дәстүр жалғастығы түрінде зерттелгенімен, тұтас зерттеу нысанына айналмаған.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап қазақ прозасының поэтикалық болмысын ашатын әдеби көркемдегіш құралдарының тұтастығы жазушыларымыздың ерекше сөз қолдану, кейіпкер характерін ашудатүрлі стильдік ерекшеліктерді ұтымды қолдану жетістіктерімен көзге

түсті. Қазіргі прозаның бейнелеу тәсілдері һәм стильдік ерекшеліктері жағынан біршама дамығаны жөнінде аға буын, орта буын, жас буын өкілдерінің туындылары дәлел. Олар қазақ тілдік қорымыздың бай мүмкіндігін көрсетіп, терең де сұлу сөз қолдану өзгешелігімен құбылыс болып отыр. Жалпы бір ғана шығарманың ішінде қолданатын көркемдік тұтастығы сол туындының ішіндегі бос сөздерден айырып, бұрын-соңды болмаған суреткерлікке, образдылыққа итермелейді. Демек, тәуелсіз қазақ әдебиетінде бұл жазушылардың шығармашылығы осы кезеңнің сипаты ғана емес, прозалық тілдік қолданыстағы қазынамыздың байытушы қызметінде атқарып отыр. Мұның барлығы прозадағы еркіндіктің, ой-сананың тәуелсіздігінің арқасы.

Жазушының жаңашылдығы – көркемдік бейнелеу құралдарын қолданудағы ешкім ойына келмеген жерден сөздерді өз прозасының тұғырына қондыруында тіл құнарлығын дамытып, нұрлы ой-арманымен тоғыстыра әдемі сөз жасауында және оның ұлттық санамен байланысуында.

Соңғы жиырма жыл ішінде қазақ қоғамында болып жатқан түбегейлі өзгерістер әлеуметтік рухани өмірімізді жаңа белеске шығарды. Алайда көркем өнер тез күш жинап, уақыт көшінен қалмай, жемісті ізденістерге батыл кіріскенін зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр.

Үшқыр да оңтайлы жанр – поэзияны былай қойғанда, шығармашылық толғанысы ұзаққа кететін проза жанры ширақ қимылдап, жаңа заман биігінен қарап жазылған бірқатар үлкенді-кішілі шығармалар жаңа тақырып, тың сюжеттерді алып келді.

*«Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сынышы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы боуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек».* [1]

Қазіргі қазақ прозасының көркемдік көкжиегі кеңейіп, шағын жанр әңгіме мен повесть жанрының болсын шығармашылық объектілері көбейді. Белгілі жазушылардың көркем тілін танып зерттеуде әдеби тілдің

даму барысындағы жетістіктер тіл ғалымдарының сан-салалы ғылыми жұмыстарда өз көрінісін тапты.

Қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеңіп, кеңестік жүйе кезіндегі жазылмақ түгілі айтуға болмайтын «жабық» тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды. Алдымен, халқымыздың ұлттық танымын, рухын көтеретін романдармен қоса қазақы ұлттық мінезімізді, салт-дәстүрімізді әспеттеген және жаңа заманның құрдастарының бейнесі де әңгіме, повестерде пайда болды.

Әрбір суреткер әдебиет арқылы өз бойындағы энергиясын шығаруға машықтанды. Көп жазушылар оқырман қабылдауымен санаспайды. Олар үшін тек субъективті дүниетанымын суреттеу ғана маңызды болды. Не болмаса, шығарма терең ойлы, ерекше саналы оқырманға лайықталады. Әдебиет қоғамдағы өзгерістерді жіті бақылап отыр, әйтсе де сол құбылыстарға ілесе алмай қалатын кездер де байқалады.

Әдебиет жазушы еңбегі арқылы жасалса, жанр да, кезі келгенде сөз суреткерлерінің ізденістерінен туады. Барлық жанрлар да өздерін қызықтырған нәрсені жалаң оқиғалар тізбегімен дәлелдей салмай, образ арқылы көрсетеді, бейнелейді, суреттейді. Суреттеу, дәлелдеу арқылы өздерін тебіrentкен, толқытқан жайдың сырын ашып, жазушы жанрды идеялық ой жеткізуге тәсіл, амал есебінде пайдаланады. Қалаған жанрды таңдауға жазушы ерікті, ықтиярлы.

Көркем прозаға қатысты көрікті ой мен табиғатты толыққанды танып, көңіл көрігіне суара білетін сөз зергері жазар әлемін әдбен зерттеп, зерделеп, иін қандырып, илеуін пісірмей, тақырыбына тағдырын танып, табиғатын түгендемей, тәуекелге бармайды. Орнықсыз ой балалатып, орынсыз күшену, кейіпкерін тізелетіп тезге салу, жалған, жылтыр сөйлеу жазушыға жат.

Жалпы прозаның көркемдік сапасы, идеялық мазмұны қоғамдық әлеуметтік мәні бар күрделі, қомақты шындықтарды көтеріп, соған байланысты философиялық

тың ойлар түйіндеумен өлшеніп таразыланады.

Әрине, әлеуметтік шындықты көркемдік шындыққа айналдыруда жазушыға ең қажетті фактордың бірі – суреткерлік екеніне көз жеткіземіз.

Л.И.Залеская кеңес әдебиетінде: “Қаһармандық-романтикалық, алайда типтік характерлер ерекше тосын болғанмен, өмірлік, типтік ахуалдарда ашылатынын” айта келіп, дербес поэтикасына қарамастан, романтизм реализмнің бір стильдік қанатына жатаныны туралы бір пікірге келеді. Осы ретте кейбір мағыналық ұғымдарды анықтап алу үшін ақиқатқа жақын пайымдауларға жүгінеміз. *“Романтизм қашанда лирикалық табиғатқа ие. Әйтсе де, лирикалық әуенділік шығарманың романтикалық сипатына дәлел емес. Лирикалық өнер әрі реалистік негіздерде өмір сүреді”*, – дейтін С.А.Липин лиризмнің белгілі бір көркемдік әдістер мен бағыттарға тәуелсіздігін, психологизм сияқты әдебиеттің “тектік” қасиетіне бейім екенін аңғартады [2.162].

Адамның мінез-қырларын белгілі бір сәттердегі сезім – күйлерін тапқыр әрі ұтымды, қысқа да мағыналы бейнелеуде диалог ерекше тәсіл. Яғни, автор кейіпкер характерін ашу үшін диалогті қолданады. Әрине кейіпкердің іс - әрекетімен сөйлер сөзінде тамырластық болу шарт. Әдебиет зерттеушісі М.Базарбаев: *«Тіл көркемдігінің бір байқалар тұсы диалог пен монолог құруда. Мұнда шеберлік керек – ақ. Өйткені диалог адам мінездерін ашуға бірден – бір қолайлы форма»* [3,53], - деп атап өтеді. Жалпы кейіпкердің сөзі өмірдегі ауызекі тілге мейлінше жақын болып келеді. Әрине, көркем диалог пен ауызекі әңгімелесу тілі толық сай келуі мүмкінде емес. Сөзі өмірдегі ауызекі тілге мейлінше жақын болып келеді. Бұл орайда орыс ғалымы Р.Будагов көркем диалогтың ауызекі тілден төрт түрлі айырмашылығы бар екенін көрсетеді.

*1. Көркем диалог белгілі бір дәрежеде созылықы болып келеді, өмірдегі диалог үшін бұл міндетті емес.*

*2. Автор көркем диалогты алдын – ала ойластырып алады, табиғи диалогта сөйлеуші оны ойластырып жатпайды.*



3. Көркем диалог – оқиганы дамытып, оның алға жылжуына қызмет етеді, оның барлық элементтері өзара тығыз байланысты, бұл да өмірдегі диалог үшін міндетті емес.

4. Көркем текстегі диалог уақыттың, ырғақ пен қарқынның ережелеріне бағынады. Бұларсыз көркем мәтін болмайды.

Кейіпкер сөзінің тағы бір ерекшелігі туралы Л.Тимофеев: «Кейіпкерлердің өз мінездерінің ерекшеліктеріне жауап беретін, оның мәдени өресін, психологиялық қырларын, жан – дүниесінің жағдайын білдіретін өзіне ғана тірі адам тәрізді әсер етпек» [4,31] – дейді. Демек, диалогтан кейіпкер ерекшелігі моральдық-этикалық қасиеті, мінез-кұлқы, танымы, рухани дүниесі, психикасы, бір сөзбен айтқанда өзіндік болмысы, характері көрінеді. Түйіндеп айтқанда, шығармадағы шешуші сәттің бірі диалог құру. Диалог арқылы да кейіпкер психологиясын көрсете алады.

Әдебиеттегі психологизм дегеніміз – кейіпкердің ойы мен іс-әрекетінің кереғарлығы, сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік жүйе. “Алайда осы жерде ескерер бір жәйт - әдеби психологизмде автор мен кейіпкердің ой-толғаныстары мен ой ағымдары, сана қақтығыстары қайшылыққа толы болса да жүйеліліктің сақталатындығы, ал модернистік бағыттағы жазушылар пір тұтатын «сана тасқынында» жүйеліліктің ауылы алыс екендігі” [5,74].

Қазіргі қазақ прозасының өкілдерінің нақты бір бағыт ұстанып, мектепке бірікпеуінің тарихи астарлы себептері де бар. XX ғасырдың соңы – қандай да бір қоғамдық құрылымдар жойылып, ортақ идеялардан бас тарту заманы болды. Бірнеше адамның бір идеяны ұстануы сирек кездесетін құбылысқа айналды. Әр жазушы аласапыран дүниеден шындықты өзі ғана іздейді, әрі соны жалғыз ақиқат деп дәлелдеуге тырысады. Жазушылар әр қайсысы өз субъективті пікірін ұстанады, өз дүниетанымын өзгелерге танытуға ұмтылады. Сонымен қатар, әлемдік сананың өзгеруі жаңа дүниетанымға негіз болды, жаңа кейіпкер

типін жасауға, сол кейіпкер бойына көбіне өз субъективті қабылдаулары мен түсініктерін дарытуға әкеп соқты.

Қазіргі кейіпкер қоршаған әлемге салғырт қарай алмайды, ол бәрін де өз бойынан өткізеді. Сыртқы дүниеде болып жатқан өзгерістер кейіпкер санасына керемет әсер етеді, әрбір құбылысқа кейіпкер санасы сезімдік импульстармен жауап береді. Т.Нұрмағамбетов, С.Елубаев, М. Байғұтов, А.Асқар, Р.Мұқанова, Д.Амантай, А.Кемелбаева, Т.Ахметжан, Қ.Түменбай, Қ.Жиенбай, Ж.Қорғасбек, Ә.Асқар, К.Құдабаева, т.б. шығармашылығындағы қазіргі қазақ прозасы осы арнада дамып келеді. Бұл жазушылар үшін ең бастысы – ой қозғалысы, психологиялық күйлер ауысуымен біздің замандасымыз алдында тұрған ең маңызды мәселелерді ашып, анықтау.

*«Қазіргі қазақ прозасын саралау ол өз бейнелілігінің тұптамасына барып қана қоймай, кері байланыс та болуы мүмкін екенін мойындауға мүмкіндік береді: көркем түсініктерді жаңа бояулармен жаңартып, кең көлемді метафоралар қалыптастырып, қазіргі прозаның бейнелік қорын ғана емес, оның потенциалды жанрлық – стильдік арсеналында кеңейте отырып, бейнеліктің бастапқы архетиптері актуальданады» [6,23].*

Қазақ прозасында тақырып аясы кеңіді, суреттеліп отырған оқиға-ның әлеуметтік мазмұны тереңдеді, адам образы, характер күрделенді, соған орай көркемдік әдіс-тәсілдер жаңаша сипат алды. Аталмыш кезең қаламгерлері жаңа идеялар нәтижесінде терең ойға барып тың концепцияларды ұсынды. Ендеше, қазіргі қазақ әдебиетінен кейіпкер бейнесін сомдауда, характер даралауда авторлық шеберлік пен көркемдік әдіс-тәсілдердің өзара үйлесуінің биік үлгісін көре аламыз. Кейіпкер бейнесін беруде, оның ішкі жан сарайын, мінез-құлқын ашуда портрет, диалог, монолог, мақал-мәтел, сондай-ақ теңеу тағы басқа көріктеу құралдарының қызметі ерекше. Адамның күйініш-сүйінішін, ішкі толқынысын, сезімін, кескін-кейпін, қимыл-әрекетін, сондай-ақ табиғат құбылыстарын суреттеу

– осылардың бәрі, сайып келгенде, әдеби шығармадағы адамның сыртқы түрін анықтап, ішкі сырын ашу үшін керек. Сол арқылы жазушылар жаңа заман адамы, замандас бейнесін жасауда да дара қолтаңбаларын танытады және стильдік ерекшеліктерін байқата біледі.

Қазіргі қазақ прозасындағы дәстүрлі ұғымдарсоны сипаттағы өзгеріске ұшырып, жаңа кейіпке енді. Одан өзге интеллектуалды прозаның өзгешелігі ретінде бірнеше жаңа стиль түрлері құрылды. Қазіргі қазақ прозасында виртуалды бейне дамып, визуалды бейнемен иық тіресетін жағдайға жеткенін көреміз. Қазақ прозасы үздіксіз даму үстінде екендігін көркемдік ізденістердің советтік уақытқа карағанда бірнеше рет түрленіп, өзгергенінен бағамдауға болады. Осындай ізденістердің арқасында қазақ прозасы одан әрмен дами түсетіні анық.

Келесі кезекте қазақ прозасын зерттегенде мына бір нюанстарға назар аударуды сұрар едім. Қазақ прозасында қалыптасқан және қалыптаса бастаған құрылымдық жүйелерді жете зерттеу. Жастар бейнесінің қазіргі қазақ әңгімелерінде қаншалықты деңгейде дамығанын және қазақ жазушыларын түгелге дерлік қамтып, тереңіне үңілу. Прозалық үлгіде жазылған туындыларға зерттеу жұмыстарын одан әрмен жалғастыру.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А. Байтұрсынұлы. Қазақтың бас ақыны. / Қазақ газеті. 1913 жыл
2. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992 -350 бет.
3. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Алматы: Санат, 1996 -333 бет.
4. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – А: жазушы, 1991.
5. Тимофеев Л.И. Основы теории литературы. – М: Просвещение, 1971.
6. Майтанов Б. Суреттеу мен мінездеу. – А: Жазушы, 1991.

## СИНОНОИМДЕР

*(«Өзін-өзі тану» пәнімен интеграцияланған  
«Білім беру ұйымы анықтайтын пәнінің»  
сабақ жоспары)*

<p><b>Сабақ мақсаты:</b> <b>Білімділік:</b> Синоним тақырыбы бойынша толық мағлұмат беру, алған теориялық білімдерін бекіту, ана тілінің тарихын терең түсіндіру. <b>Дамытушылық:</b> Білім алушыларды өз бойларындағы мүмкіндіктерді тиімді пайдалана алуға үйрету, бір-бірінің пікірін тыңдауға, ізденушілік белсенділіктерін арттыруға үйрету. <b>Тәрбиелік:</b> дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу арқылы парасаттылыққа, отансүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеу.</p>	<p><b>Ресурстар:</b> Кітап, дәптер</p>
<p><b>Сабақ барысы:</b> <b>I. Ұйымдастыру кезеңі.</b> <b>Тыныштық сәті.</b> Тыныс алуға зейін қою. Мұғалім: Сіздерден аяқ-қолдарыңызды аяқастырмай, түзу отыруларыңызды өтінемін. Біз қазір</p>	<p>Сабақ барысын талқылау: Студенттердің емін-еркін дұрыс отыруын қадағалау.</p>

тыныс алу жаттығуын жасаймыз. Тыныс алуға зейін қойған кезде, біздің ақылымыз тынышталады. Тыныс алған кезде тыныштық пен ризашылық қабылдаймыз. Тынысты шығарған кезде өзіміздегі мазасыздықтарды сыртқа шығарамыз.

– *Кәне, дайындалайық, балалар. Көзімізді жұмамыз..., арқамызды тік ұстаймыз..., қолдарыңызды тізелеріңіздің үстіне қоюға болады... Тыныс аламыз, тынысты шығарамыз.*

**(9-10 рет жайлап).**

***Қандай әсер алдыңыздар?***

**5Т** – ережесі бойынша бүгінгі сабағымызды жалғастырамыз, яғни:

**1.Тәртіп. 2. Талап. 3.Тыныштық. 4.Тазалық. 5.Татулық.**

***Және де 5 құндылықты басты назарда ұстауымыз қажет:***

**1. Ақиқат** – адамның объективтік өмір шындығын дұрыс, дәл бейнелеуін, оны санаға өмірде қандай болса, сондай күйінде түсіруін айтады.

**2. Сүйіспеншілік** – дүниені өзгертуге бейім, өмір беруші және демеуші қуатты энергия.

**3. Дұрыс әрекет** – жүректен шығып, сосын сөз ретінде бейнеленетін және іс-жүзінде қолданылатын құндылық.

**4. Ішкі тыныштығы** – адам ақиқатты, сүйіспеншілік пен дұрыс әрекет істегенде ғана жан тыныштығын

<p>табады.</p> <p><b>5. Қиянат жасамау</b> – басқаларға зиян келтірмей өмір сүру.</p> <p><b>II. Үй тапсырмасын сұрау. 6-жаттығу.</b> <b>Қарамен жазылған сөздердің омонимін табу.</b></p> <p><b>1. Қар тепкенге қажымас қайран жылқы.</b> /Абай/ <b>Қажымас</b> – сын есім, шаршамайтын, қайратты; қажымау-етістік, налымайды, шаршамайды деген мәнде.</p> <p><b>2.Мәз болады болысың арқаға ұлық қаққанға.</b> /Абай/ <b>Мәз болады</b> – етістік, қуану мәнінде.</p>	
<p><b>3. Арық атқа қамшы ауыр./мақал/ Арық</b> – зат есім, су ағатын жер; сын есім, адамның дене мөлшеріне қатысты сөз;</p> <p><b>Зымыран сұрақтар:</b></p> <p><b>1.</b> Сөздің тура және ауыспалы мағынасы дегенді қалай түсінесіз?</p> <p><b>2.</b> Сөздің көп мағыналылығы деген не?</p> <p><b>3.</b> Омоним дегеніміз не?</p> <p><b>4.</b> Омоним мен көп мағыналы сөздердің айырмашылығын айтыңыз?</p>	
<p><b>Топқа бөлу.</b> Оқушыларға мағынасы жуық сөздер жазылған қима қағаздар беремін, әрқайсысы мағыналық жағына қарай 3 топқа топтасады.</p> <p><b>1 топ:</b> Туысқан, ағайын, тума,</p>	

туған-туыс, жегжат-жұрағат,  
жамағайын;

**2 топ:**

Данышпан, ұлы, ғұлама, ойшыл,  
білімдар, оқымысты, данагөй;

**3 топ:**

Азайту, алу, кеміту, шегеру, қысқарту.

**III. Жаңа сабақ.** Тақтада мына сөздер берілген, сұрағына қарай әр бағанға топтастырады.

Ұл. Жылдам. Тез. Іздену. Байсалды.  
Перзент. Оқу. Шапшаң. Әп-сәтте,  
лезде. Көңілге тоқу. Ұрнақ. Бала.  
Байыпты. Үйрену. Салмақты. Сабырлы.

Кім?	Қандай?	Не істеу?	Қалай?

Зат есім	Сын есім	Етістік	Үстеу
Кім?	Қандай?	Не істеу?	Қалай?
Ұл Перзент Ұрнақ Бала	Байсалды Салмақты Сабырлы Байыпты	Оқу Үйрену Іздену Көңілге тоқу	Тез Жылдам Әп-сәтте, лезде Шапшаң

**Синоним ережесін топтастыру арқылы шығарту.**

к е й синоним/ң  
 бірді- екілі дыб/да өзгеріс  
 болады: мағлұмат – мәлімет;  
 жара-жарақат, қап-қапшық



айтылуы, естілуі әркелкі,  
 мағыналары бір-біріне жуық

үнемі бір сөз табынан жасалады,  
 дыб/да өзгеріс яғни қазақ тілінде зат  
 есім,сын есім, болады:  
 етістік, үстеуден синонимдік қатарлар  
 түзіледі.

Сөйлемде бір мүше  
 қызметін атқарады

- синонимдер  
 кемінде 2 сөзден  
 болады, кейде 40

**Биік тау,  
 бойшаң жігіт**

Синоним сөздер талғампаз  
 таң асып жығылады.

#### **IV. Тәжірибелік дағды кезеңі.**

**Оқулықпен жұмыс. 8-жаттығу.** Төменде берілген сөйлемдердегі синонимдерді автор қандай мақсатта қолданғанын айтыңыз, әр синоним сыңарларын бір вагон деп есептеп, синонимдік сөздікті пайдалана отырып, синонимдер пойызын жасаңыз.

1. Елді, бейбіт жұртты тыныш ет./  
 ел, жұрт, халық, бұқара, қауым, көпшілік,  
 халайық, әлеумет, жамағат, жаран/

2. Залдың ортасында өңкей ажарлы  
 қыздар, әрлі әйелдер отыр. /ажарлы, әрлі,  
 әдемі, әсем, көркем, шырайлы, келбетті,  
 көрікті, реңді, өңді, дидарлы, кейіпті/



3. Гүлшат апай ақтарылмады, шешіліп сыр ашады. / ақтарылмау, сыр ашау, жарияламау, құпия сақтау, айтпау/

4. Бұның да жүрісі суыт, асығыс. / суыт, асығыс, ат үсті, тығыз, тығыз-таяң, тығыл-таяң, қарбалас, қауырт, жау-жалам/

5. Абай қаза тапты. Ұлы кеуденің демі тоқтады./ қаза тапты, демі тоқтады, өлді, қайтты, үзілді, қиылды, мерт болды, дүние салды, мүрдем кету, опат болды, шетінеу, жан тапсыру, жан тәсілім ету, көз жұму, бақилыққа аттану, өмірден өту /

**Жеке топтарға берілетін тапсырмалар.**

**1-топ.** “Домино” әдісі арқылы басқы әріптерінен «Қазақстан» деген сөз құралатындай етіп, төмендегі сөздерге синониммен сөзжұмбақ құрыңыз.

Қол	/әскер/
Айнала	/маңай/
Зайып	/жұбай/
Ажар	/көрік/
Қонақ	/мейман/
Сұрлану	/бозару/
Тамақ	/ас/
Аялдау	/кідіру/
Намыс	/ар/

**2-топ.** Мәтіндегі асты сызылған сөздердің синонимдерін табыңыз, өзіңіз білетін тойбастар әнін айтыңыз?

### **Тойбастар**

Тойдың кешкі ойынын өлеңмен бастайды. Сонда айтылатын өлең тойбастар деп аталады. Тойдың сәні тойбастарды әнші жігіт не қыз бастайды. Тойды бастағаны үшін жігіт не қызға той иесі рахмет айтып, сыйсияпат ұсынып, құрмет көрсетеді.

Тойбастарды бұрын елге белгілі ақындар мен әншілер бастаған. Мысалы: Баймағамбет сұлтанның Ақыл деген қызы ұзатылғанда тойбастарды атақты Шернияз ақын бастаған.

*Әнші, сазгер, өнер иесі, өлеңші, әртіс  
Белгілі, атақты, танымал, даңқты  
Ақын, шайыр, өлең шығарушы*

### **3-топ. «Жарнама құрастыру» ойыны.**

Елдігімізді айқындайтын, экономикалық маңызы бар ұлттық өнімге жарнама жасау. Жарнама мәтінінде синоним сөздер қолданылуы шарт.

#### **Жарнама тәртібі:**

1/. жарнамаланатын заттың сипаттары;

2/. артықшылықтары;

3/. пайдасы.

– Ойыннан кейін өздеріңді қалай сезіндіңдер?

Сендер қалай жұмыс жасадыңдар?

Топ жұмысының ең ұтымды мезеттері қандай болды?

**Жарнамаға  
қажетті өнім**

<p><b>Сәйкестендіру тесті:</b>  <b>Фразеологиялық синонимін тауып, дұрыс орналастыру:</b>  <i>Қас пен көздің арасында</i>      <i>есейді, орта жасқа келді</i>  <i>Жібектей есілген</i>                      <i>ісі алға басу</i>  <i>Жігіт азасы болды</i>                      <i>кекете күлді</i>  <i>Мырс етті</i>                                      <i>жылдам, әп-сәтте</i>  <i>Зызарданы қайнау</i>                      <i>шамадан тыс ашуға берілу</i>  <i>Тасы өрге домалау</i>                      <i>мінезі биязы, жақсы қылықты</i></p>			
<p><b>Венн диаграммасы. Омонимдер мен синонимдерді салыстыру.</b></p> <table border="0" style="width: 100%;"> <tr> <td style="text-align: center; width: 50%;"><b>ОМОНИМ</b></td> <td style="text-align: center; width: 50%;"><b>СИНОНИМ</b></td> </tr> </table> <p><b>Ұқсастықтары:</b> Қолданылу аясы кең, сөз байлығын көрсетеді, көркем әдебиетте көркемдік әдіс ретінде жұмсалады.</p>	<b>ОМОНИМ</b>	<b>СИНОНИМ</b>	
<b>ОМОНИМ</b>	<b>СИНОНИМ</b>		
<p><b>Әзіл аралас сұрақтарға жауап беріп, жасырылған сөздің синонимдерін табу.</b></p> <p>1. <i>Қандай бала сүйкімді? Өнерлі бала сүйкімді.</i></p> <p>2. <i>Тастың жеңілі бола ма? Керек тастың ауырлығы жоқ.</i></p>			

<p>3. <i>Адамның қай мүшесі қорқақ, қай мүшесі батыр? – Қол қорқақ, көз батыр.</i></p> <p>4. <i>Түкіріктен көл құрала ма? – Көп түкірсе көл.</i></p> <p>5. <i>Қандай кілт аспанда болады? Кісідегінің кілті аспанда.</i></p> <p>6. <i>Қорыққанын ғана сыйлайтын кім? Жаман қорыққанын сыйлар.</i></p> <p>7. <i>Адамда арқау бола ма? Ас – адамның арқауы.</i></p> <p>8. <i>Білгенің қанша, білмегенің қанша? Білгенім бір тоғыз, білмегенім тоқсан тоғыз.</i></p> <p>9. <i>Қайтсең тегін ішесің? Ексең егін, ішесің тегін.</i></p> <p>10. <i>Ананың сүті мен баланың тілі бірдей дейді? Сонда қалай? Ананың сүті мен баланың тілі бал.</i></p>	<p>Синонимдер сөздігі</p>
<p><b>Сабақты бекіту.</b></p> <p><b>Ішкі интеграция.</b></p> <p><b>«Биографиялық поэма»</b></p> <p><i>Құрметті студенттер, біздің сабағымыз аяқталып келеді, бәріңізді ортаға шақырамын. Бұл топта ең тамаша, керемет, өнегелі, тәрбиелі, иманды, қайырымды, үлгілі, тәртіпті студент бар. Мына қорапшада сол адамның суреті бар. Ол кім деп ойлайсыздар?</i></p> <p><i>Алдымен менің сұрақтарыма синоним сөздермен жауап берулеріңізді сұраймын.</i></p> <p>1. – Сіз кімсіз?</p> <p><i>/студент, ізденуші, іздепnaz, білім алушы, болашақ маман/</i></p> <p><i>/қыз, бойжеткен, қыз бала, қызалақ, әйел бала, қырықжесті/</i></p> <p><i>/ұл, ер бала, еркек бала, атұстар/</i></p> <p><i>/мұғалім, оқытушы, педагог, ұстаз, кәсіби маман/</i></p>	

*/мұрагер, мирасқор/: /мұсылман, пұсырман, исламды ұстанушы/*

2. – *Сіз қандайсыз?*

*/ақылды, зиялы, тәрбиелі, әдепті, есті, ақылман, интеллектуалды/*

*/ақкөңіл, ашық, еркін, ақжарқын, ақ көйлек, аңқылдақ, көңілішек, ақшелек/*

*/батыл, өжет, өр рухты, қайсар, күшті, қайратты, жігерлі, қажырлы, білекті, мығым, намысшыл/*

*/әдемі, көрікті, сұлу, ажарлы, келбетті, реңді./*

*/мейірімді, қайырымды, рақымды, мейірбан, иманды/*

3. – *Сүйікті іс-әрекетіңіз?*

*/кітап оқу, білу, үйрену, іздену/*

*/ән салу, шырқау, әуелету, өлеңдету/*

*/қыдыру, саяхаттау, көңіл көтеру, аралау, шарлау, кезбелеу/*

*/қошеметтеу, қолнаштау, дәріптеу/*

*/қонақтау, қонақшылау, меймандау/*

4. – *Өмірлік қағидаңыз?*

*/мақсатыма жету, мұраты орындалу, мүддесіне жету, ниеті орындалу, тілегеніне жету/*

*/ерекшелену, айрықшалану, өзгешелену/*

*/өтірік айтпау, жалған сөйлему, жасанды болмау, боямасыз өмір сүру/*

*/жақсылық жасау, оңалту, түзелу, жөнделу, дұрысталу, тәуірлену/*

*/еңбекқор болу, еңбекшіл, еңбекқой, еңбеккер, еңбекқұмар/*

5. *Бүгінгі сабақтан алған әсеріңіз?*

*Тамаша, керемет, гажайып, галамат, таңғажайып, керім, жойқын, алапат/*

*/көрдім, байқадым, үйрендім, білдім, ойыма түйдім/*

*Тамаша тілек білдіріңіз. /3 студенттен сұрау/*

*– Мінеки, студенттер, біздің арамызда өмірлік*

<p>қағидалары бар, бойына ізгілік пен парасаттылықты жиган тамаша жандардың бары сөзсіз. Қораптағы суретті көрсетпестен бұрын сіздерден кімді көргендеріңізді айтпауларыңызды сұраймын. / бәріне көрсетіп болған соң, кім екендігін сұраймын/</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Өз суретіміз, – деп жауап береді.</li> <li>– Ендеше, балалар, мұнда өзіміздің суретіміздің барына сендік пе?</li> <li>– Иә. Жоқ.</li> </ul> <p><b>Шетел жазушы Сэмюель Джонсон былай деген:</b> «Өз-өзіңе сенімділік-ұлы істерді жарату үшін адамзатқа ең бірінші қажеттілік». Мұғалімдік мамандығын таңдағандар үшін өз-өзіне сенімділік өте қажет. Өзіне-өзі сену- жеке адамның өмірге деген сезімі, өзін құрметтеуі. Адамның өзін-өзі құрметтеуінің негізі - өзінің ақылына сенуі, эмоциясына сенуі, өзінің сол бақытқа лайық екендігін мойындауда.</p> <p>Өзін-өзі құрметтеп білген адам: тәуелсіз, шығармашыл, уақыт өзгерістеріне төтеп бере алатын, басқалардың көрмегенін көре алатын, өз қатесін түсінетін, айналасындағылармен жоғары деңгейде қарым-қатынаста бола алатын адам. Өзіңізді өзіңіз құрметтеңіз. Мен білемін, білімдімін! Алланың бергенін басқаларға да үйрете аламын! Өмірде табысқа жетемін! Қазір және Осы жерде! Жылдам! Дауысыңыз барынша, баршаға естіртін айқайлаңыз! <b>МЕНІҢ ҚОЛЫМНАН БӘРІ КЕЛЕДІ! МЕН БАҚЫТТЫМЫН!</b></p> <p><b>Үйге тапсырма.</b> Синонимдер сөздігін пайдалана отырып, өзіңе таныс емес синонимдер қатарын жазып келу.</p> <p><b>Бағалау.</b> Белсенділік танытқан студенттер смайликтер арқылы бағаланады.</p>	<p>Синонимдер сөздігі</p>
--	---------------------------

З.Т. МУХАМЕДЬЯРОВА,  
№9 жалпы орта білім беретін  
мектебінің қазақ тілі мен  
әдебиеті пәні мұғалімі.  
БҚО,  
Орал қаласы

## БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ “МЕНИҢ АТЫМ – ҚОЖА”

<p><b>С а б а қ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)</b></p>	<p>Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу; Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау;</p>
<p><b>С а б а қ мақсаттары</b></p>	<p><b>Барлық оқушылар:</b> Мәтіннің мазмұнын ашуға, негізгі ойды ұғына білуге жағдай туғызу, мәтіннің авторы туралы және мәтін жайлы әңгімелей отырып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің әдептілік екенін түсіне білуге жол ашады.</p> <p><b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> і з д е н і м п а з д ы қ қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйренеді.</p> <p><b>Кейбір оқушылар:</b> Білімді сыныптастарына түсіндіріп, оқулықтан тыс ресурстар қоса алады.</p>

<b>Б а ғ а л а у критерийі</b>	Қазақ тіліндегі төл дыбыстарды үндестік заңына сай дыбыстап айтады және жазады. Зат есім мен сын есімдерді біледі. Сын есімнің түрлерін біледі.
<b>Т і л д і к қүзіреттілік</b>	Зат есім, сын есімдер.
<b>Ресурстар</b>	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған заттар топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер, ноутбук
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.
<b>П әне р а л ы қ байланыс</b>	Музыка, қазақ тілі.
<b>А л д ы ң ғ ы тақырып</b>	Б.Соқпақбаевтың өмірі мен әлемге танылған әйгілі шығармасы туралы білім беру, толықтыру.

<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Ж о с п а р л а н ғ а н жаттығулар (төменде ж о с п а р л а н ғ а н жаттығулармен қатар, ескертпелер</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Басталуы 3 минут</b>	<b>Психологиялық ахуал қалыптастыру: Оқушылар шеңберге тұрып бір-біріне сәттілік тілейді.</b>	<b>1 - т о п «Жазушы» 2 - т о п «Қожа» 3 - т о п «Жанар»</b>
<b>2 минут</b>	<b>Топқа бөлу 2 минут</b>	



<p><b>Ортасы 20 минут</b></p>	<p>Сабақты бастамас бұрын қазақ тілінің төл дыбыстарын қайталайық.</p> <p><b>«Ыстық үстел» әдісі</b> арқылы үй тапсырмасын тексеру.</p>	
<p><b>3 минут</b></p>	<p><b>1.</b> <i>Бердібек Соқпақбаев кім?</i></p> <p><b>2.</b> <i>Ол қашан және қай жерде дүниеге келген?</i></p> <p><b>3.</b> <i>Қай мектепті бітірген?</i></p> <p><b>4.</b> <i>Ол неше жасынан бастап өлең жазды?</i></p> <p><b>5.</b> <i>Қандай журналдарда жұмыс істеді?</i></p> <p><b>6.</b> <i>Бердібек Соқпақбаев балаларға арнап нелер жазды?</i></p> <p><b>7.</b> <i>«Менің атым – Қожа» фильмі қашан түсірілді?</i></p>	
<p><b>3 минут 1.</b></p>	<p><b>8.</b> <i>Бұл фильмді кімдер көреді?</i></p> <div data-bbox="360 915 762 1191" data-label="Image"> </div> <p>Олай болса, бүгін біз <b>«Қожа – әдепті бала»</b> тақырыбын жалғастырамыз.</p> <p>Алдымен өткен сабақта біз <b>«Сүйікті шығармам»</b> сөзіне</p>	

	<p>кластер жасадық, соған қайта оралайық.</p> <p>Сендердің жақсы көретін шығармаларыңның кейіпкерлеріне біраз тоқталайық.</p> <p>– «<i>Бауырсақ</i>» ертегісіндегі кейіпкерлер кімдер?</p> <p>– <i>Шал, кемпір, бауырсақ, қоян, қасқыр, аю, түлкі.</i></p> <p>– <i>Басты кейіпкер кім? Ол қандай?</i></p>	
<p>1 минут дайындық</p>	<p>– <i>Жұмсақ, ыстық, домалақ, қу.</i></p>	
<p>2 минут қорғау</p>	<p>– <i>Алдар көсе туралы не айта аласыңдар?</i></p> <p>– <i>Ол қу, ақылды, айлакер, көңілді, әзілқой, әр қашан ән айтып, күліп жүреді</i></p>	
<p>5 минут</p>	<p>– <i>Жақсы, балалар, жарайсыңдар. Шал, кемпір, бауырсақ, қоян, қасқыр, аю, түлкі – бұл сөздер қандай сұрақтарға жауап береді?</i></p> <p>– <i>Оларды біз қандай есім дейміз?</i></p> <p>– <i>Зат есім</i></p> <p>– <i>Ал енді қу, айлакер, жұмсақ, ыстық, ақылды деген сөздер қандай сұрақтарға жауап береді?</i></p>	

<p><b>3 минут</b></p>	<p><i>Оларды біз қандай есім дейміз?</i>  – <i>Жұмсақ қандай сын есім?</i>  – <i>Ақылды – қандай есім?</i>  <i>Туынды, дара, қатыстық.</i>  <i>Жарайсыңдар.</i>  <i>Олай болса, қазір топпен жұмыс істейік.</i></p>	
<p><b>3 минут</b></p>	<p><b>Топпен жұмыс.</b>  <b>1-топ.</b> <i>Мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазады – 5 сөз.</i>  <b>2-топ.</b> <i>Мәтіннен жалпы есімдерді теріп жазады – 5 сөз.</i>  <b>3-топ.</b> <i>Мәтіннен сын есімдерді теріп жазады – 5 сөз.</i>  <b>Топпен жұмыс. Үш топқа тапсырма</b>  – <i>Адам бойындағы қандай жақсы қасиеттерді айта аласың?</i>  <i>(балалар жауабы)</i></p> <p><b>Постер</b>  <i>таза жүреді, шыншыл білімді, ақылды, үлкенге жол береді, мейірімді,</i>  <i>жақсы қасиеттер: тәртіпті, әдепті, ұқыпты, тіл алғыш.</i></p> <p><b>Бағалау</b>  <b>“Теріп алу” стратегиясы</b></p>	

### **(Дәптермен жұмыс)**

*Алғыр, пысық, өтірікші, ақылды, сотқар, тентек, мейірімді, қу, зымиян, шыдамсыз, тиянақсыз, әділетті, ақын, әзілқой, арамза, тапқыр, қателіктерін түсіне біледі, жағымсыз*  
- *Ендеше, осындай жақсы, жаман қылықтар біздің басты кейіпкерімізде бар ма?*

Осы сөздерді пайдаланып, қазір Венн диаграммасын толтырыңдар.

#### **Қожа Ортақ Жантас**

Сонымен,

*Қожа – алғыр, пысық, ақылды, сотқар, тентек, мейірімді, әділетті, ақын, әзілқой, тапқыр, қателіктерін түсіне біледі.*

*Жантас – өтірікші, қу, зымиян, шыдамсыз, тиянақсыз, арамза, жағымпаз.*

#### **Жеке жұмыс**

*5-тапсырманы орындау.*

*6-тапсырманы орындау.*

*Бір-бірінің жұмыстарын бағалайды.*

#### **Сергіту сәті**

#### **Топпен жұмыс**

#### **Синквейн әдісі**

*1-топ – Қожа;*

*2-топ – Жантас;*

*3-топ – Соқпақбаев.*

#### **«Сен жалғастыр» ойыны**

#### **Ойынның мақсаты:**

*Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға, зейінділікке баулу.*

*Мұғалім сөздің басты буынын айтады, ал оқушылар оны аяқтайды.*

*Мысалы, Қо-, а-, ә-, сот-, ө-*

<p><b>Аяқталуы</b> минут</p> <p><b>3 минут</b></p>	<p><b>Рефлексия</b> <i>Оқушылар мына сұрақтарға жауап бере отырып, сабақта туындаған ойларын тізбектейді:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Алдымен біз былай деп ойладық.....</i></li> <li>• <i>Одан кейін біз мына кедергіге тап болдық.....</i></li> <li>• <i>Кедергіні шешу үшін..... жасадық.</i></li> <li>• <i>Бұдан біз..... көрдік.</i></li> <li>• <i>Демек, бұл мынаны білдіреді.....</i></li> <li>• <i>Сонымен біз..... деген шешімге келдік.</i></li> </ul> <p><b>Түбінде адам болаты бала.</b></p>	<p><i>Б ү г і н г і сабақтан алған әсерім.</i></p> <p><i>Стикерлерін себетке салады.</i></p>
--	--	--

<b>Қосымша ақпарат</b>		
<p><b>Саралау</b> – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қ а б і л е т і жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p><b>Бағалау</b> - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қ а л а й жоспарлайсыз?</p>	<p><b>П а н а р а л ы қ байланыс</b> <b>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс</b> <b>Құндылықтардағы байланыс</b></p>

Т.К.БАЙМУРЗИНА,  
 Жаңақоныс жалпы орта  
 білім беретін мектебі КММ,  
 қазақ тілі мен әдебиеті пәні  
 мұғалімі.  
 Ақтөбе облысы,  
 Шалқар ауданы

## М.СӘРСЕКЕ “ҚАНЫШ СӘТБАЕВ” РОМАН-ЭССЕСІ

<p><b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b></p>	<p><b>10.1.4.1.</b> Көркем шығармалардан алынған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;  <b>10.2.1.1.</b> Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау.</p>
<p><b>С а б а қ мақсаттары</b></p>	<p><b>– Барлығы орындай алады:</b>          – Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдай алады;</p>
	<p><b>Көпшілігі орындай алады:</b>          – Кейіпкер бейнесіне қатысты өзіндік пікір танытады;</p>
	<p><b>Кейбірі орындай алады:</b>          – Қаныш Сәтбаев идеяларының өміршеңдігі жайында көзқарасын білдіреді.</p>
<p><b>Бағалау критерийлері</b></p>	<p>– Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдай алады          – Кейіпкер бейнесіне қатысты</p>

	өзіндік пікір танытады; – Қаныш Сәтбаев идеяларының өміршеңдігі жайында көзқарасын білдіреді.
<b>Т і л д і к мақсаттар</b>	Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, роман-эссе, кейіпкерлер жүйесі, ұлттық мүдде, материалдық және рухани құндылықтар, т.б.
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	Ғалымның өнегесі мен еңбектері арқылы оқушыларды білімді, дарынды, өнегелі болуға тәрбиелеу, отансүйгіштік сезімдерін арттыру.
<b>Пән аралық байланыстар</b>	Тарих, география, музыка т.б.
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	Интербелсенді тақта
<b>Б а с т а п қ ы білім</b>	Қаныш Имантайұлының өмірі мен шығармашылығы

<b>Сабақ барысы</b>		
<b>С а б а қ т ы ң жоспарланған кезеңдері</b>	<b>С а б а қ т а ғы жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың басы  3 минут	<b>Психологиялық ахуал</b> <b>Топқа бөлу</b> <b>«Ұлытау» тобы</b> <b>«Жезқазған» тобы</b> Сабақ тақырыбы анықталған соң, оқу мақсаттары мен	

<p><b>5 мин.</b></p>	<p>бағалау критерийлері таныстырылады.</p> <p><b>С.</b></p> <p>Оқушылардың бүгінгі сабаққа деген қызығушылығын арттыру.</p> <p><b>«Миға шабуыл» стратегиясы</b></p> <p><i>Бала Қаныштың өмірге келуінің өзінде қандай ерекшелік бар?</i></p> <p><i>Романда қандай тарихи тұлғалар кездеседі?</i></p> <p><i>Қанышқа Жаяу Мұса қандай бата берді? Неліктен?</i></p> <p><i>Томск институтында Қаныш Сәтбаевтың табиғаттану іліміне құмарлығын ең алғаш аңғарған кім?</i></p> <p><i>Қаныш Семей мұғалімдер семинариясында қай жылдары білім алды?</i></p> <p><i>Қаныш Сәтбаевтың өнерге қабілетін қай оқигалардан біле аламыз?</i></p> <p><i>Қаныш өмірінде туған жердің тасын зерттеуге деген құштарлық қай кезде басталды?</i></p> <p><i>Қаныштың математикаға жүйрік екенін қандай оқигалар арқылы дәлелдер едің?</i></p>	
----------------------	--	--



<p>Сабақтың ортасы</p>	<p><b>Т.</b>  <b>«Ұлытау» тобы</b>  <b>«FILA толтыру» әдісі</b></p> <p>Топ құрамында төрт адам болады. Әрқайсысы тапсырма түрлерін бөліп алады, қорытындысында жұмыстарын біріктіріп, кестені толтырады.</p> <p><b>F /Дерек/</b> – шығармадан кейінкер бейнесін ашатын деректер жинау;  <b>I /Пікір/</b> – кейінкер туралы өзінің ой-пікірін білдіру;  <b>L /Сұрақ/</b> – кейінкер тұлғасын ашатын сұрақтар дайындау;  <b>A /Ис-әрекет/</b> – автордың кейінкерді суреттеудегі қолданған тәсілдерін анықтау.</p>	<p><i>М. Сәрсек</i>  <i>« Қ а н ы ш</i>  <i>С ә т б а е в »</i>  <i>роман-эссе</i></p>								
<p>10 мин.</p>	<table border="1" data-bbox="248 854 699 964"> <thead> <tr> <th data-bbox="248 854 357 917">Деректер</th> <th data-bbox="357 854 471 917">Ойлар</th> <th data-bbox="471 854 580 917">Сұрақтар</th> <th data-bbox="580 854 699 917">I с - әрекет</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="248 917 357 964"></td> <td data-bbox="357 917 471 964"></td> <td data-bbox="471 917 580 964"></td> <td data-bbox="580 917 699 964"></td> </tr> </tbody> </table> <p><b>Дескрипторлар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шығармадан кейінкер бейнесін ашатын деректер жинайды;</li> <li>- кейінкер туралы өзіндік ой-пікірін білдіреді;</li> <li>- кейінкер тұлғасын ашатын сұрақтар дайындайды;</li> <li>- автордың кейінкерді суреттеудегі қолданған тәсілдерін анықтайды;</li> <li>- топтық жұмысқа белсенді</li> </ul>	Деректер	Ойлар	Сұрақтар	I с - әрекет					
Деректер	Ойлар	Сұрақтар	I с - әрекет							

қатысады.

**«Жезқазған» тобы**

**«Кинометафора» әдісі**

Топ берілген бөлімдерден ауытқымай, сол бөлімдерге композициялық талдау жасайды:

- *Оқиганың басы;*
- *Байланысы;*
- *Дамуы;*
- *Шиеленісуі;*
- *Шарықтау шегі;*
- *Шешімі.*

Тапсырманы аяқтаған соң жұмыстарын алмасып бірін-бірі дескрипторға сәйкес бағалайды.

**Дескриптор:**

- *Берілген бөлім тәңірегінен ауытқымай тапсырманы орындайды;*
- *Оқигалар ретін сақтайды;*
- *Оқиға реттілігі бойынша ойларын жүйелі жеткізеді;*
- *Топта бірлікте жұмыс жасайды.*

**КБ «Мадақ. Сын. Мадақ»**



<p>7 мин.</p> <p>5 мин.</p> <p>3 мин.</p>	<p><b>Бейне көрсетілім</b> «Қаныш Сәтбаев туралы 15 қызықты дерек».</p> <p><b>ЖЖ.</b> <b>«Ұстаным, мүдде, қажеттілік» формуласы</b> <b>Дескриптор:</b> - Кейіпкер ұстанымын анықтайды; - Мүдделерін айқындайды; - Қажеттіліктерін табады.</p> <p><b>«Пікірлер қоржыны» әдісі</b> <b>«Қаныш Сәтбаев»</b> туралы ізденіп, тауып келген пікірлерін айтады.</p>	
<p><b>Сабақтың соңы</b></p> <p>5 мин.</p> <p>2 мин.</p>	<p><b>Рефлексия «Мендік пікір»</b> <i>Мені қызықтырғаны...</i> <i>Мені сүйсіндіргені ...</i> <i>Мені қайраттандырғаны...</i> <i>Мендік пікір...</i></p> <p><b>«Сәтбаев шыңы» бағалауы бойынша оқушылар өзін-өзі бағалайды.</b></p>	

<p><b>Саралау</b> – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз?</p>	<p><b>Бағалау</b> – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді</p>	<p><b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</b></p>
---	---	--

<p>Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>жоспарлайсыз?</p>	
<p>« FІLA толтыру» әдісі, «Кинометафора» әдісі кезінде қарым-қатынас формалары бойынша саралау жүргізіледі, яғни қабілеті орта оқушы өзінің құрбысынан көмек алуға мүмкіндігі бар. Қабілетті оқушылар өз ойы мен идеясын жүзеге асыру арқылы топ жұмысына үлесін қоса алады.</p> <p>«Ұстаным. Мүдде. Қажеттілік» стратегиясы кезеңінде нәтиже немесе жауап бойынша саралау барысында оқушыларға бірдей тапсырма ұсынылғанмен, түрлі деңгейдегі жауап күтіледі және қабылданады.</p>	<p>КБ« Мадақ. Сын. Мадақ» әдісі арқылы, дескрипторлар арқылы бағалаймын.</p>	

<p><b>Сабақ бойынша рефлексия</b></p>	<p>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>
<p><b>Жалпы баға</b></p> <p>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</p> <p><b>1: «Ұстаным, мүдде, қажеттілік» формуласы</b> оқушылардың сыни ойлап, шығарма мазмұны туралы түйінді ой айтуға көмектесті.</p> <p><b>2: КБ «Мадақ. Сын. Мадақ» әдісі</b> топтардың бірін-бірі тыңдап, шынайы бағалауына көмектесті</p> <p>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</p> <p><b>1:</b> Мақсатқа жеткізетін тиімді әдістерді талғап қолдану,</p> <p><b>2:</b> – Оқушыларға тапсырмаларды дұрыс беру; – сұрақтарды дұрыс құрастыру деп ойлаймын.</p> <p>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік /қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p> <p>Сабақ барысында жекелеген оқушылардың көркем әдебиет оқуға деген қызығушылығын байқадым, кей оқушылардың түпнұсқамен толықтай таныспағанын сездім. Келесі сабақта тапсырмаларды деңгейлеп құрастыруды жоспарладым.</p>	

А.С. ГУМАРОВА,  
А.Тайманов атындағы №34 МГ,  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Орал қаласы

## МАХАМБЕТ

### “МЕН, МЕН ЕДІМ, МЕН ЕДІМ”

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу.
Бағалау критерийлері	Шығарма идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазады.
Тілдік мақсаттар	Өлең, шығармашылық жұмыс
Құндылықтарды дарыту	<b>Жалпы адамзаттық құндылықтар:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• адамгершілік, мейірімділік, әділдік;</li> </ul> <b>Еліміздің құндылықтары;</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• рухани жаңғыру, ұлттық кодтың сақталуы.</li> </ul>
Пәнаралық байланыстар	Тарих, өнер
АКТ қолдану дағдылары	Презентация
Осыған дейін меңгерілген білім	«Мен, мен едім, мен едім»

Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дерек-көздер
<p><b>С а б а қ т ы ң басы</b> 3 минут</p>	<p><b>Қызығушылықты ояту</b> Аудиодан «<i>Мен, мен едім, мен едім</i>» өлеңін Ғарифолла Құрманғалиевтің орындауында тыңдау.</p>	
<p><b>Сабақтың ортасы</b> 5 минут</p> <p>5 минут</p>	<p><b>№1.</b> Оқушылар ақынның «<i>МЕН-інің</i>» мәнін алдымен жеке, жұпта талдап, топта «<i>Дастархан</i>» стратегиясы бойынша әрқайсысы өз ойларын және 1 проблемалық сұрақ жазады. «<i>МЕН</i>» «<i>МЕН</i>» «<i>МЕН</i>» «<i>МЕН</i>» «<i>МЕН</i>» <b>2.</b>Сағат тілімен айналдыра отырып, сұраққа жауап жазады. <b>3.</b> Топпен ақылдаса отырып, мәтіндегі өздері үшін ең маңызды ақпаратты дастарханның</p>	<p>Оқушылар ақынның «<i>Мен</i>»-інің мәні өзгеше, «<i>Мен</i>» - ақынның б ү к і л б о л м ы с ы , күрескерлік әлемі\батыр жүрегі, еліне деген шексіз махаббаты, е л д і ң тәуелсіздігі жолындағы күресі , дұшпанына деген ашу-ы з а с ы , бітіспес кегі көрінетінін түсінулері қажет.</p>

<p><b>7 минут</b></p>	<p>ортасына жазады.</p> <p><b>№2. «ПОПС» формуласы</b></p> <p>Оқушылар кестені толтырып болғаннан кейін шығарма үзінділері бойынша өз ойларын талқыға салады.</p> <p><i>«Менің ойымша, бұл...»</i></p> <p><i>«Себебі, мен оны былай түсіндірер едім...»</i></p> <p><i>«Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын...»</i></p> <p><i>«Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...».</i></p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p><i>пікірін жазады;</i></p> <p><i>дәлелдер келтіреді;</i></p> <p><i>қорытынды шешім айта алады.</i></p> <p><b>№3. Т. «КАСТ» әдісі</b></p> <p><b>1-топ: Көзқарас</b> – бағыттары, ақындардың өлең-жырларындағы ел тәуелсіздігі, азаттық, бостандық сияқты ұғымдардың көркем жинақталуы, отаншылдық рух – Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда қазақ поэзиясында жаңа көркемдік мазмұнмен жырланды.</p>	
-----------------------	---	--



Тәуелсіздік алғаннан кейін тарихи сананы ояту, ұлттық рухты көтеру басталды деп нық сеніммен айта аламыз. Дәстүрлі даму арнасынан ауытқымаса да мазмұн мен идеяда жаңашылдықтар, көркемдік жаңа айшықтаулармен ерекшеленді. Поэзияда ұлттық рух, ұлттық мұрат, тәуелсіздіктің лебі есіп тұратын кең тынысты жырлар жазыла бастады.

**2-топ: Аргумент – шығармалар.**

Ақын лирикасындағы ата дәстүрді аңсау, тарихи жадтың қайта оянуы.

Поэзияда дәуір шындығының көркем жинақталуы. Лирикалық пафос, интонациялық қызулық. Ақын поэзиясындағы көне түркілік сарын. Тәуелсіздік жылдарындағы поэзиядағы ел тәуелсіздігі, азаттық, бостандық сияқты ұғымдардың көркем жинақталуы, отаншылдық рух.

**3-топ: Себеп – тарихпен байланысы.**

Тәуелсіздік жылдарындағы поэзиядағы уақыт пен кеңістікті ел тарихымен сабақтастыру. Ұлттық сананың, тарихи сананың оянуы өткен жолымызға қайта үңілтіп, қаншама жылдар бойы айтылмай, жазылмай

келген ақиқаттың ақ таңдақтары мен қара таңдақтарын анықтауға, жүріп өткен асуларымыз бен алдық деген асқарларымыздың қаншалықты тарихи маңызы болғанын бағалауға, мәдени, әдеби әлеміміздегі жарық жұлдыздарымыздың тарихи әділетті орнын табуға мүмкіндік ашты.

**4-топ: Тұжырым: Ақын жырлаған жер,**

**тіл, дәстүр, тарих – тәуелсіз ұлттың төрт тірегі.**

Барлап қарасақ, тәуелсіздік жылдарындағы поэзиядағы ана тілі, ел тағдыры, жер тағдыры ең көп жырланған тақырыптар деп айтуға болады. Бұл тақырып бүгінде «Мәңгілік ел» идеясымен ұштасып жатыр.

#### **№4 Тапсырма**

Махамбеттің «Мен, мен едім, мен едім» өлеңіндегі негізгі идеяны баршаға ортақ мәселе тұрғысынан қарастырып, «Махамбет мұраты – мәңгілік» атты әдеби эссе жазыңыз.

#### **Эссенің жазылу құрылымы:**

**1. Кіріспе.** Тақырыптың негізгі мәні мен негіздемесі тезис түрінде көрсетіледі;

	<p><b>2. Тақырыпты дамыту:</b>  Тақырыпқа сәйкес бар біліміңізбен: теория, идея, фактілер, ақпараттар, теңеу, параллелдеу, аналогия, ассоциация, сұрақтар қою, т.б. қолданып, дәлелдейсіз (аргументация). Мыс. 1. Аргумент. түсіндіру мысал байланыстырушы сөйлем. 2. Аргумент. түсіндіру мысал байланыстырушы сөйлемдер; 3. Қорытынды. Жалпылау мен аргументтердің логикалық қорытындысы.</p> <p><b>Эссе екіге бөлінеді:</b>  1). субъективті; негізгі мақсаты – авторды жан-жақты ашу, таныту.  2). объективті; негізгі мақсаты – белгілі бір ғылыми тақырып бойынша автордың көзқарасын ашу, таныту.</p> <p><b>Дескриптор:</b>  – Білімалушы шығарма идеясын баршаға ортақ мәселелермен байланыстырады;  – Шығармадан мысалдар келтіреді; ойын дәлелді жеткізеді.</p>	
<p><b>Сабақтың соңы</b> <b>5 минут</b></p>	<p><b>Үй тапсырмасы:</b> Өлеңді жаттау.  <b>Рефлексия:</b> «Қызық. Қиын. Құнды».</p>	

**Н. Г. МУХАНГАЛИЕВ,**  
**М.Мирманов атындағы**  
**ЖОББМ,**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәндерінің мұғалімі.**  
 БҚО,  
 Жаңақала ауданы,  
 Бірлік ауылы

## ҚАЗАҚ БАЛУАНДАРЫ

<p><b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</b></p>	<p><b>6.1.3.1</b> тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау;  <b>6.4.4.2</b> етістіктің түрлерін, тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану;</p>
<p><b>С а б а қ т ы н ң мақсаты</b></p>	<p>Мәтіннің мазмұнын түсіну арқылы детальді ақпараттарды анықтауға үйрету, етістіктің етіс түрлерін сабақ барысында қолдану.</p>
<p><b>Б а ғ а л а у критерийлері</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтін мазмұнын түсінгенін сұрақтарға жауап беру арқылы көрсете алады;</li> <li>• Детальді ақпараттарды анықтайды;</li> <li>• Етістіктің етіс түрлерін ажыратады.</li> </ul>
<p><b>Т і л д і к дағдылар</b></p>	<p>Палуан, күрес, саясаткер, аңшы.</p>
<p><b>Құндылықтарды дарыту</b></p>	<p><i>Сабақ оқушылардың бойына топтық, жұптық жұмыс жасау барысында бірін-бірі тыңдай білу, өзгенің пікіріне құрметпен</i></p>

	қарау құндылықтарын дарыту, бірін-бірі бағалауы кезінде академиялық әділдік саясатын ұстануға үйретуге бағытталған.
<b>Пән аралық байланыс</b>	Спорт, Қазақстан тарихы, география.
<b>Бастапқы білім</b>	Оқушылар алдыңғы сабақта алған білімдеріне сүйенеді, спортшы туралы білімдерін толықтырады.
<b>Сабақ барысы</b>	

<b>Жоспарланған сабақ кезеңдері</b>	<b>С а б а қ қ а жоспарланған іс-әрекеттер</b>	<b>Дерек-көздері</b>
<p><b>Сабақтың басы</b></p> <p><b>10 минут</b></p>	<p><b>Топқа бөлу.</b>  <b>1 топ – «Тезірек»;</b>  <b>2 топ – «Биігірек»;</b>  <b>3 топ – «Күштірек».</b></p> <p>Артына сұрақ жазылған түрлі қағаз таратылады. Оқушылар жауап беріп сол түс бойынша үш топқа бөлінеді.</p> <p>О қ у ш ы л а р д ы ң қызығушылықтарын ояту мақсатында күрес жеңімпаздары туралы қысқаша бейнематериал ұсынады. Оқушылар мұқият қарап, сабақтың қай спортшыға арналатыны туралы айтады. Мұғалім аталған</p>	<p>Түрлі түсті қағаздар</p> <p>Қажымұқан Мұнайтпасов туралы бейнебаян  <a href="https://www.youtube.com/watch?v=JG0jGr0Ex8A">https://www.youtube.com/watch?v=JG0jGr0Ex8A</a></p>

	<p>спортшы туралы басқа қандай ақпараттар білетіндіктерін және ол туралы тағы қандай ақпараттар алғысы келетіндіктерін мына кестені толтыруға шақыру арқылы біледі.</p> <table border="1" data-bbox="280 357 762 467"> <tr> <td data-bbox="280 357 524 420"><i>Бұрыннан білетін ақпараттарым</i></td> <td data-bbox="524 357 762 420"><i>Балуан туралы білгім келеді</i></td> </tr> <tr> <td data-bbox="280 420 524 467"></td> <td data-bbox="524 420 762 467"></td> </tr> </table>	<i>Бұрыннан білетін ақпараттарым</i>	<i>Балуан туралы білгім келеді</i>					
<i>Бұрыннан білетін ақпараттарым</i>	<i>Балуан туралы білгім келеді</i>							
<p><b>Сабақ- т ы ң ортасы</b></p> <p><b>5 минут</b></p>	<p><b>Оқылым</b></p> <p>Оқылым мәтінімен жұмыс. Оқушылар мәтінді мұқият оқып, сұрақтарға жауап береді.</p> <table border="1" data-bbox="280 664 757 1088"> <tr> <td data-bbox="280 664 436 790"><i>Кейіңкер</i></td> <td data-bbox="436 664 757 790"> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Мәтін кім туралы болды?</i></li> <li>• <i>Негізгі ақпаратты анықтаңыз.</i></li> </ul> </td> </tr> <tr> <td data-bbox="280 790 436 915"><i>Спорт</i></td> <td data-bbox="436 790 757 915"> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Спорттың пайдасы қандай?</i></li> <li>• <i>Қосымша ақпаратты анықтаңыз.</i></li> </ul> </td> </tr> <tr> <td data-bbox="280 915 436 1088"><i>Балуан</i></td> <td data-bbox="436 915 757 1088"> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Мәтінде спортшының қандай іс-әрекеті туралы айтылды?</i></li> <li>• <i>Детальді ақпаратты анықтаңыз.</i></li> </ul> </td> </tr> </table> <p><b>Сараланған тапсырмалар:</b></p> <p><b>Қабілетгі оқушы:</b> қазақ балуандары жөнінде қосымша ғаламтордан мәлімет ұсынады.</p> <p><b>Қолдауды қажет ететін оқушылар:</b> 3 азат жолдағы етістіктерді өзгелік етіске айналдыру.</p>	<i>Кейіңкер</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Мәтін кім туралы болды?</i></li> <li>• <i>Негізгі ақпаратты анықтаңыз.</i></li> </ul>	<i>Спорт</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Спорттың пайдасы қандай?</i></li> <li>• <i>Қосымша ақпаратты анықтаңыз.</i></li> </ul>	<i>Балуан</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Мәтінде спортшының қандай іс-әрекеті туралы айтылды?</i></li> <li>• <i>Детальді ақпаратты анықтаңыз.</i></li> </ul>	<p><b>Пос- термен жұмыс</b></p>
<i>Кейіңкер</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Мәтін кім туралы болды?</i></li> <li>• <i>Негізгі ақпаратты анықтаңыз.</i></li> </ul>							
<i>Спорт</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Спорттың пайдасы қандай?</i></li> <li>• <i>Қосымша ақпаратты анықтаңыз.</i></li> </ul>							
<i>Балуан</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Мәтінде спортшының қандай іс-әрекеті туралы айтылды?</i></li> <li>• <i>Детальді ақпаратты анықтаңыз.</i></li> </ul>							

<p><b>15 мин.</b></p>	<p><b>ДЕСКРИПТОРЛАР</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мәтін мазмұнын түсінеді;</li> <li>– Мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпараттарды анықтайды;</li> <li>– Мәтінге қатысты сұрақтарға жауап береді.</li> </ul> <p><b>2.тапсырма. Аудиожазбадан тыңдалым.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мәтінді тыңдағанда <b>Кім? Не? Қайда? Қашан? Неге? Қалай?</b> деген сұрақтарға жауап іздейді.</li> </ul> <p>Тыңдалған мәтін бойынша негізгі ойды анықтау үшін журналистердің репортаж дайындау үшін қоятын сұрақтарын қолданады. Осы сұрақтарға тапқан жауаптар оқушыларға Қажымұқан туралы мәліметті жүйелі түрде және детальді ақпараттарды анықтауға мүмкіндік береді.</p> <p><b>Кім? Не? Қайда? Қашан? Неге? Қалай?</b> деген сұрақтар оқушыға негізгі мәліметті әртүрлі қырынан зерттеуге және қарастыруға мүмкіндік беретінін оқушы ұғынуы тиіс. Жауаптар жазылып болғаннан кейін оқушылар ойларын жинақтап, басқалармен бөліседі.</p> <p><b>Ықтимал жауаптар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Кім?</li> <li>– Қажымұқан – балуан.</li> </ul>	
-----------------------	---	--

<p><b>5 минут</b></p>	<p>Мұғалім оқушыларға орындаған жұмыстарымен оқып, бөлісулерін сұрайды. Сынып алдында оқушылар орындаған тапсырмаларын оқиды. Оқушылардың жұмыстарын мұғалім тыңдап, кері байланыс береді, дескрипторлар бойынша өз-өздерін бағалатады.</p> <p><b>ДЕСКРИПТОР:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мәтінге қатысты сұрақтарға жауап береді;</li> <li>– Сұрақтар арқылы мәтіннен детальді ақпараттарды анықтайды;</li> </ul>	
<p><b>Сабақтың соңы</b></p> <p><b>5 минут</b></p>	<p><b>Рефлексия</b></p> <p>Мен ... түйдім.</p> <p>Мені ойландырғаны ...</p> <p><b>Үй тапсырмасы:</b> «Батыр тұлғасы» сипаттамалық эссе жазу.</p>	<p>Түрлі түсті қағаздар.</p>



Ж. А. САҒЫНОВА,  
«Бейнеу ауданы әкімдігінің  
«Ж.Қалдығараев атындағы  
орта мектебі» КММ,  
Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Маңғыстау облысы,  
Бейнеу ауданы

## С. МҰРАТБЕКОВ “ЖУСАН ИІСІ”

<p><b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</b></p>	<p><b>7.Т/Ж2.</b> Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идея арқылы түсіндіру.</p>
<p><b>С а б а қ мақсаттары</b></p>	<p><b>1. Барлық оқушылар</b> әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені түсінеді.</p> <p><b>2. Оқушылардың көпшілігі</b> шығарманың идеясы мен тапсырмада берілген сөздердің мағынасын түсіндіре алады.</p> <p><b>3. Кейбір оқушылар</b> шығармадағы көтерілген әлеуметтік мәселені өмірмен байланыстырып, пікір айтады.</p>
<p><b>Бағалау критерийлері</b></p>	<p><b>1.</b> Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені түсіндіреді;</p> <p><b>2.</b> Шығарманың идеясы мен тапсырмада берілген сөздердің мағынасын түсінеді;</p>

	<b>3.</b> Шығармадағы көтерілген әлеуметтік мәселені өмірмен байланыстырып, пікір айтады.
<b>Т і л д і к мақсат</b>	<b>Оқушылар:</b> Шығармада көтерілген қоғамдық-әлеуметтік мәселені идея арқылы түсіндіреді және пікір айтады.
	<b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b>
	<b>Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:</b>
	<b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b>
	<b>Не себепті ... деп ойлайсыз?</b>
	<b>Ишара:</b> бас изеу (мақұлдау).
<b>Пәнаралық байланыс</b>	«Қазақстан тарихы», «География» пәндері.
<b>Құндылықтарға баулу</b>	<i>«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» тұғыры тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы арқылы білім алушыларды ұлттық құндылықтарға құрметке, өзара ынтымақтастыққа, қазақстандық патриотизмге, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу.</i>
<b>А л д ы ң ғ ы оқу</b>	Білім алушылардың М.Әуезов туралы жалпы мағлұматы бар.
<b>А К Т - м е н байланыс</b>	Ғаламтор материалдары.

<b>ЖОСПАР</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Ж о с п а р л а н ғ а н жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
<p><b>Басы</b> <b>8 минут</b></p>	<p><b>1. Б і л і м а л у ш ы л а р м е н сәлемдесу, түгендеу, оқу құралдарын тексеру. Білім алушылардың зейінін сабаққа аудару. Психологиялық ахуал қалыптастыру.</b> Бүгінгі көңіл-күйлерің қандай? <i>(1 рет қол шапалақтаймыз!)</i> Б і р - б і р і м і з д і тыңдап, белсенділік танытамыз ба? <i>(2 рет шапалақтаймыз!)</i> Бүгінгі сабақты қызықты өткізуге дайынбыз ба? <i>3 рет</i></p> <p><b>2. Үй тапсырмасы - «Блум түймедағы» әдісі бойынша оқушылар сұрақтарға жауап береді.</b></p> <p><b>3.</b> <b>Қ ы з ы ғ у ш ы л ы қ т ы ояту. «Миға шабуыл» әдісі бойынша білім алушыларға сурет көрсетіледі.</b></p>	<p><b>Қ и м а қағаздар</b> Ермекова Т. Н., Отарбекова Ж. К., Токтыбаева Г.Б. 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы. Астана: Арман-ПВ, 2018. (208 бет.)</p> <p style="text-align: center;"><i>Үнтаспа</i></p>

		<b>Сұрақтар қойылады:</b>	
<b>Сабақ ортасы</b>		<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>
	<b>5 минут</b>	<i>Мәтінді ұнтаспадан тыңдап, мазмұнын баяндайды.</i>	<i>Мәтінді тыңдайды, мазмұнын жеткізе біледі.</i>
		<b>Қалыптастырушы бағалау күлдіргіштер арқылы жүргізіледі.</b>	
<b>5 минут</b>			<b>- өте жақсы</b>
			<b>- жақсы</b>
			<b>-орташа</b>
<b>7 минут</b>		<b>3-тапсырма. ТЖ.</b>	
		Мәтінге сүйеніп, әлеуметтік желілердің пайдасы туралы диаграмма жаса. Диаграмманың негізінде мәтін құра.	
		<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>
		<i>Мәтінге сүйеніп, диаграмма жасайды.</i>	<i>Әлеуметтік желілердің пайдасы туралы диаграмма жасай алады.</i>
		<i>Диаграмманың негізінде мәтін құрастырады.</i>	<i>Диаграмманың негізінде мәтін құрастыра алады.</i>

*6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы. (110-бет)*

**Қалыптастырушы бағалау  
күлдіргіштер арқылы  
жүргізіледі.**

**4-тапсырма. ТЖ. «Ойшыл қалпақтар» ойыны.**

6 оқушыдан топтасып, 6 түсті қалпақ киіндер. Сұрақтарға жауап беріп, пікірталас ұйымдастырыңдар. Берілген сұрақтар бойынша өз ойларыңды айтыңдар. Қалпақты алмастырып, ойынды қайта жалғастырыңдар.

<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>
<i>6 түсті қалпақты киіп, әлеуметтік желі бойынша пікірлерін айтады.</i>	<i>Әлеуметтік желі туралы өз ойларын толық, нақты айта алады.</i>
<i>Ақ. Әлеуметтік желі туралы не білетінін айтады.</i> <i>Сары. Әлеуметтік желінің артықшылығын айтады.</i> <i>Қара. Әлеуметтік желінің зияны туралы айтады.</i> <i>Жасыл. Әлеуметтік желіні қалай пайдалану керектігін айтады.</i> <i>Қызыл. Айтылған ойлардың қайсысы ұнағанын, қайсысы ұнамағанын айтады.</i> <i>Көк. Бақылау және қорытындылау: айтылған ойлардың пайдалы және маңыздыларын айтады.</i>	<i>Әлеуметтік желі деген не?</i>  <i>Оның қандай пайдасы бар?</i>  <i>Оның қандай зияны бар?</i>  <i>Әлеуметтік желіні қай жағдайда қалай пайдалану керек?</i> <i>Айтылған ойларға қалай қарайсың?</i>  <i>Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?</i>

*6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы. (110-бет)*

<p>6 минут</p>	<p><b>Қалыптастырушы бағалау күлдіргіштер арқылы жүргізіледі.</b>  <b>Тілдік бағдар! Етістіктің шақтары.</b>  <b>9-тапсырма. Ж.</b>  Берілген етістіктерді мақсатты келер шаққа айналдырып, сөйлем құра.</p> <table border="1" data-bbox="249 475 754 624"> <thead> <tr> <th data-bbox="249 475 505 514"><i>Бағалау критерийі</i></th> <th data-bbox="505 475 754 514"><i>Дескриптор</i></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="249 514 505 624"><i>Берілген етістіктерді мақсатты келер шаққа айналдырып, сөйлем құрайды.</i></td> <td data-bbox="505 514 754 624"><i>Берілген етістіктерді мақсатты келер шаққа айналдырып, сөйлем құрай алады.</i></td> </tr> </tbody> </table>	<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Берілген етістіктерді мақсатты келер шаққа айналдырып, сөйлем құрайды.</i>	<i>Берілген етістіктерді мақсатты келер шаққа айналдырып, сөйлем құрай алады.</i>	
<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>					
<i>Берілген етістіктерді мақсатты келер шаққа айналдырып, сөйлем құрайды.</i>	<i>Берілген етістіктерді мақсатты келер шаққа айналдырып, сөйлем құрай алады.</i>					
<p>2 минут</p>	<p><b>Қалыптастырушы бағалау күлдіргіштер арқылы жүргізіледі.</b>  <b><i>Sergitu cәti</i></b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бір-аяқтың ұшымен тұру және күлу,</li> <li>• Екі – қолды жоғары көтеру және созылу,</li> <li>• Үш- жиырылу және керіліу,</li> <li>• Төрт-бәрін қайтадан бастаймыз.</li> <li>• Бес- қолды белге қоямыз,</li> <li>• Алты– денемізді бұрамыз,</li> <li>• Жеті -терең дем аламыз.</li> <li>• Сегіз–біз бір рет отырамыз,</li> <li>• Он – сабағымызды жалғастырамыз.</li> </ul>					
<p>Сабақ соңы</p> <p>4 минут</p>	<p><b>6-тапсырма. Ж. «Бір сөйлеммен түйінде» әдісі.</b>  <b>Тақырыпты түйіндейтін бір сөйлем жазу арқылы сабақты қорытындылау.</b></p>					

	Бағалау критерийі	Дескриптор	
	Тақырыпты түйіндейтін бір сөйлем жазады.	Тақырыпты түйіндейтін нақты бір сөйлем жаза алады.	
	<b>Қалыптастырушы бағалау</b> күлдіргіштер арқылы жүргізіледі.		
3 минут	<b>«Кері байланыс бутерброды»</b>  <p style="text-align: center;">Маған ұнады ....., себебі ....., енді/келесі жолы .....</p>		
<b>ҚОСЫМША АҚПАРАТ</b>			

<p><b>Саралау</b> – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p><b>Бағалау</b> – оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p><b>Пәнаралық байланыс</b> – денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс, құндылықтар мен байланыс.</p>
<p><b>Білім</b> алушыларға тапсырмаларды орындау кезінде ұсыныстар беру арқылы қолдау</p>	<p>Қалыптастырушы бағалау арқылы білім алушылардың оқу мақсатына қаншалықты</p>	<p>Пәнаралық байланыс - «Қазақстан тарихы», «География» пәндері.</p>

<p>көрсетіледі. Қабілеті жоғары білім алушыларға шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар беру арқылы топта көшбасшылық жасап, өз сыныптастырына үйрету міндеттеледі.</p>	<p>жеткені анықталады. Сондықтан берілген критерийлерді, нақты дескрипторларды басшылыққа ала отырып, білім алушылар өзін-өзі, бірін-бірі бағалайды. Қалыптастырушы бағалау күлдіргіштер арқылы жүргізіледі.</p>	<p>«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тұғыры – тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы арқылы білім алушыларды ұлттық құндылықтарға құрметке, өзара ынтымақтастыққа, қазақстандық патриотизмге, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу.</p>
--	--	--

<p><b>Рефлексия</b></p> <p>Сабақ /оқу мақсаттары шынайы ма?</p> <p>Бүгін оқушылар не білді?</p> <p>Сыныптағы ахуал қандай болды?</p> <p>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?</p> <p>Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?</p> <p>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Оқу мақсаттарына негізделген сабақ мақсаттары шынайы жасақталады. Білім алушылар әлеуметтік желі туралы мәлімет ала отырып, етістіктің шақтары туралы толық біледі. Жоспарланған саралау тапсырмалары тиімді болады, өйткені білім алушылардың мүмкіндіктері, қажеттіліктері</p>
--	---



	<p>ескеріледі.  Сыныпта білім алушылар оқу үрдісіне белсенді қатысып, үйлесімді, жақсы ахуал тудыра алады. Берілген уақыт ішінде тапсырмалар орындалып үлгеретіндіктен жоспарға түзетулер енгізілмейді.</p>
<p><b>Қорытынды бағамдау</b>  <b>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</b></p> <p>1. Мәтінге сүйеніп, әлеуметтік желілердің пайдасы туралы диаграмма жасау нәтижелі болады.</p> <p>2. «Ойшыл қалпақтар» әдісі арқылы әлеуметтік желі туралы пікірталасқа түсу табысты өтті.</p> <p><b>Қандай нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</b></p> <p>Онлайн түрде әлеуметтік желілерде қазақша жарияланған мәліметтердің қателерін тексеру.</p> <p><b>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген білім алушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</b></p> <p>Топтық және жұптық жұмыстарды ұйымдастыруда саралау тапсырмаларының нақтылығына назар аудару қажеттілігін білдім.</p>	

Б. Қ. ТЕМЕРХАНОВА,  
Шегірен ЖОББМ-і.  
Павлодар облысы,  
Шарбақты ауданы

## БЕСІККЕ САЛУ

<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	<b>(5.Т/А1.)</b> Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау. <b>5.Ж5.)</b> Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу.
<b>С а б а қ т ы ң мақсаттары:</b>	<b>Оқушылардың барлығы орындай алады:</b> Тірек сөздер мен иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжай алады. Негізгі ойды түсіне алады.
	<b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау дағдылары қалыптасады. Тыңдалым материалынан кейін негізгі ақпараттарды анықтай алады.
	<b>Оқушылардың кейбірі орындай алады:</b> Тыңдалым материалы негізінде негізгі ақпаратты сақтай отырып

	жинақы мәтін жаза алады. Оқиганың дамуын түрлі нұсқада болжай алады.	
<b>Бағалау критерийі:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Берілген суреттерге қатысты тірек сөздерді анықтайды.</li> <li>• Тірек сөздер мен суреттер бойынша тақырыпқа болжам жасайды.</li> <li>• Мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтайды.</li> <li>• Ақпараттарды қолданып, мәтінді өз сөзімен баяндайды.</li> </ul>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>Пән лексикасы және терминология: салт-дәстүр, бесікке салу, аластау, құндақтау, тыштырма, бата беру, құндылық.</i>	
<b>Құндылықтарды бағалау</b>	Салт-дәстүрді құрметтеу, рухани құндылықтарымызды дәріптеу, имандылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, ұлттық тәрбиені насихаттау.	
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Білу, түсіну, қолдану, Жоғары деңгей дағдылары	
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақта жоспарланған тапсырмалар түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>2 минут</b>	Сабақты ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу,	

**Түсіну**  
**2**  
**минут**

түгендеу.  
**Психологиялық ахуал туғызу:**  
«Жүректен-жүреке» әдісі  
арқылы бір-бірлеріне тілек  
білдіреді.



Оқушыларды топқа бөлу.

**1. Тыңдалым алдындағы тапсырма:** Тірек сөздер мен суреттерге қарап, ортақ тақырыпты болжау.

*Мереке, дәстүр, сәби, қуаныш, шаңырақ, бата, шашу, той, қуаныш.*



<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>
<i>Б е р і л г е н иллюстрациялар мен тірек сөздер арқылы тақырыпты болжайды.</i>	<i>Тірек сөздер арқылы тақырыпты болжайды.</i>  <i>Болжамның себебін түсіндіреді.</i>

<https://www.google.kz/>

бағалау  
Екіжұлдыз,  
біртілек





	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="300 125 515 196"><i>Бағалау критерийі</i></td> <td data-bbox="515 125 728 196"><i>Дескрипторлар</i></td> </tr> <tr> <td data-bbox="300 196 515 575" rowspan="4"><i>Оқушылар мәтінді түсінеді. Тақырыпты болжам айта алады.</i></td> <td data-bbox="515 196 728 357"><i>Мәтінді түсінеді. Мәтін мазмұнына сүйене отырып, тақырыпты болжай алады.</i></td> </tr> <tr> <td data-bbox="515 357 728 482"><i>Жұпта бірлесіп жұмыс жасай алады. Сұрақтарды құрай алады.</i></td> </tr> <tr> <td data-bbox="515 482 728 575"><i>Әрі қарай тақырыпты меңгеруге ынталанады.</i></td> </tr> </table>	<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескрипторлар</i>	<i>Оқушылар мәтінді түсінеді. Тақырыпты болжам айта алады.</i>	<i>Мәтінді түсінеді. Мәтін мазмұнына сүйене отырып, тақырыпты болжай алады.</i>	<i>Жұпта бірлесіп жұмыс жасай алады. Сұрақтарды құрай алады.</i>	<i>Әрі қарай тақырыпты меңгеруге ынталанады.</i>	
<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескрипторлар</i>							
<i>Оқушылар мәтінді түсінеді. Тақырыпты болжам айта алады.</i>	<i>Мәтінді түсінеді. Мәтін мазмұнына сүйене отырып, тақырыпты болжай алады.</i>							
	<i>Жұпта бірлесіп жұмыс жасай алады. Сұрақтарды құрай алады.</i>							
	<i>Әрі қарай тақырыпты меңгеруге ынталанады.</i>							
	<b>Түсіну</b>	<p><b>3-тапсырма</b> Мәтіндерді түсініп оқиды. Ақпаратты өзара салыстырады, жүйелейді.</p> <p><b>1-мәтін</b> <b>Бесік</b> – сан ғасырлар бойы ұлттың ұясы, қазақы тәлім-тәрбиенің қайнар көзі, бабамыздан қалған киелі</p>	<a href="https://kk.wikipedia.org/wiki/Бесік">https://kk.wikipedia.org/wiki/Бесік</a>					

мүлік, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай тіршіліктің белгісі іспетті. Бесікті қатты қадірлейтіндігі соншалықты, қазақ атасы жатқан бесікке бала, немере, шөбере, шөпшек, тіпті туажатына дейін бөлейді.



Бесік тек қана қазаққа тән емес, ол Орталық Азия, Кавказ, Үндістан, Қытай жерін мекендеген көп халықтың ұл мен қызын ұйықтатып, оянганда қолын шешіп ойнатып, анасының ақ сүтін беріп, тіл-көзден сақтайтын ағаш төсегі. Тек олардың әр халықта жасалуы түрліше болып келеді. Қазақтар бесікті негізінен қайың, қарағай, талдан иіп жасаған әрі жеңіл келеді. Бесіктің тағы бір ерекшелігі – оның көшіп-қонуға ыңғайлылығы, алып жүруге жеңілдігі. Бөленген баланы алыс-алыс жерге шеру тартқанда ат үстіндегі кез келген адам алдына өңгеріп алып, емін-еркін жүретін болған. Жаугершілік заманда

жау тұтқиылдан шабуыл жасағанда, бесіктегі сәбиді әке-шешесі ат үстінен оңай іліп алып, дұшпан тырнағынан тез сытылып кетіп отырған.

**2-мәтін Момышұлы «Бесігі жоқ елден қорқамын» дейтін.**

Дегенмен, бүгінде сәбиін бесікке бөлейтін отандастарымыз азайып барады. Жастарымыз бесіктен заманауи тербеткішті артық көргені ме, әйтеуір бесік қолданыстан шығып барады. Оның үстіне дәрігерлер жас аналарды баланы бесікке бөлеу зиян деп үгіттейді. Кейбір мамандар керісінше, бесіктің медициналық тұрғыда пайдалы екенін айғақтайды. Сонымен қайсысы зиян, қайсысы пайдалы? Ақ халаттылар, жас аналарға бесікке бөлеген баланың денесі демалмайды, тіпті, бала денсаулығына қауіп төндіреді деп тұжырымдауда. Медицинаға жүгінсек, бесікке жатқан баланың қан айналымы дұрыс болмай, басы үлкейіп, аяғының ұршығы шығады екен. №4 қалалық емхананың дені сау бала бөлімінің медбикесі Жанар Сабированың



	<p>айтуынша, бұрынғы заманда бесік қазақ халқының көшуіне ыңғайлы болған. Бұрындары әжелеріміз бесікке бөленген баланың ұйқысы тыныш, бойы жылы, тәні таза болады деуші еді. Талай батырлар мен ғалымдар бөленген тал бесігімізді әрбір қазақтың шаңырағында, төрінде тұр деп ауыз толтырып айта алмаймыз. «Бесікті пайдаланбау нәтижесінде «бесікке бөлеу», «ана жыры», «тыштыма» секілді ұлттық салт-дәстүріміз де күн санап жоғалып барады. (300 сөз)</p>	
<p><b>Қолдану</b></p> <p><b>10</b> <b>минут</b></p>	<p></p> <p><b>“Сүзіп алу” әдісі</b></p> <p>Графикалық органайзермен жұмыс</p> <p><b>Тапсырма.</b> Мәтін мазмұнымен танысады. Екі мәтіндегі ақпаратты саралай тұрып бесіктің әлді және әлсіз жақтарын графикалық орғанайзерге енгізеді.</p>	<p><b>Қолпаштау</b> <b>ә д і с і</b> <b>б о й ы н ш а</b> <b>бағалау</b></p> <p></p>

	<p><i>Күшті жағы</i>   <i>Әлсіз жағы</i></p> <hr/> <p><i>Мүмкіндіктері</i>   <i>Қауіптер</i></p>	<p>Үлестір мелі материалдар жинағы, 210 бет.</p>				
	<table border="1"> <tr> <th><i>Бағалау критерийі</i></th> <th><i>Дескриптор</i></th> </tr> <tr> <td><i>Берілген мәтіндердегі ақпаратты жетік түсінеді. Негізгі ойды бөле алады. Ақпаратты еркін саралайды.</i></td> <td><i>Мәтін мазмұнын түсінеді. Ақпаратты салыстыра алады. Керекті ақпаратты таба алады.</i></td> </tr> </table>		<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Берілген мәтіндердегі ақпаратты жетік түсінеді. Негізгі ойды бөле алады. Ақпаратты еркін саралайды.</i>	<i>Мәтін мазмұнын түсінеді. Ақпаратты салыстыра алады. Керекті ақпаратты таба алады.</i>
	<i>Бағалау критерийі</i>		<i>Дескриптор</i>			
<i>Берілген мәтіндердегі ақпаратты жетік түсінеді. Негізгі ойды бөле алады. Ақпаратты еркін саралайды.</i>	<i>Мәтін мазмұнын түсінеді. Ақпаратты салыстыра алады. Керекті ақпаратты таба алады.</i>					
<p><b>Жинақтау</b> <b>7 минут</b></p> <p><b>Дәйектеме:</b> <i>Жазылым стारेгиясын дамытуға арналған тапсырма. Графикалық организермен жұмыс жасау барысында оқушылардың ой-өрісі жетіліп, жазылым дағдылары дамиды. Мәтінді меңгеру барысында оқушылар ақпаратты ұйымдастырады, пайымдап көрсетеді, өңдейді. Не білетіндерін көрсетеді. (Үлестірмелі материал 170-173 беттер)</i></p>	<p><a href="https://www.google.kz/search?q=картинки">https://www.google.kz/search?q=картинки</a></p>					

## Тапсырма

Берілген мәтінді мұқият түсініп оқыңыз. Оқу барысында мәтіндегі



маңызды ақпараттарды белгілеп отырыңыз. Кестенің екінші бағанына белгіленген ақпараттарды қолдана отырып, мәтін мазмұнын жинақтап, өз сөзіңізбен жазыңыз (60-70 сөз).

Мәтін	Жинақы мәтін
<p><b>Бесік</b>—санғасырлар бойы ұлттың ұясы, қазақы тәлім-тәрбиенің қайнар көзі, бабамыздан қалған киелі мүлік, қой үстінен бозторғай жұмыртқалаған мамыражай тіршіліктің белгісі іспетті. Бесікті қатты қадірлейтіндігі соншалықты, қазақ атасы жатқан бесікке бала, немер, шөбере, шөпшек, тіпті туажатына дейін бөлейді. Бесік тек қана қазаққа тән емес, ол Орталық Азия, Кавказ, Үндістан,</p>	

Тапсырма  
лар жинағы,  
18 бет.

Басбармақ  
әдісі арқылы  
бағалау



[https://  
kk.wikip  
edia.org  
/wiki  
/Бесік](https://kk.wikipedia.org/wiki/Бесік)

Қытай жерін мекендеген көп халықтың ұл мен қызын ұйықтатып, ояғанда қолын шешіп ойнатып, анасының ақ сүтін беріп, тіл-көзден сақтайтын ағаш төсегі. Тек олардың әр халықта жасалу ерекшеліктері түрліше болып келеді. Қазақтар бесікті негізінен қайың, қарағай, талдан иіп жасаған әрі жеңіл келеді. Бесіктің тағы бір ерекшелігі - оның көшіп-қонуға ыңғайлылығы, алып жүруге жеңілдігі. Бөленген баланы алыс-алыс жерге шеру тартқанда ат үстіндегі кез келген адам алдына өңгеріп алып, емін-еркін жүретін болған. Жаугершілік заманда жау тұтқиылдан шабуыл жасағанда, бесіктегі сәбиді әкешесі ат үстінен оңай іліп алып, дұшпан тырнағынан тез сытылып кетіп отырған.

<https://www.google.kz/search?q=картинки>

Бағалау әдісі



	<i>Бағалау критерийі</i>	Дискрипторлар
	<i>Мәтіндегі маңызды ақпаратты жетік түсінеді. Негізгі ақпаратты сақтай отырып, жинақы мәтін жазады.</i>	<i>Мәтіндегі маңызды ақпаратты белгілеп алады.</i> <i>Тріктелген ақпараттар негізінде мәтінді өз сөзімен жазады.</i>
<b>5 минут</b>	<p><b>Дәйектеме:</b> Жинақы мәтінмен жұмыс жасау барысында негізгі ақпаратты түсінеді, оның негізгі мазмұн желісін сақтай алады. Мазмұнының негізгі ой желісін сақтай отырып, жинақы мәтіннің мазмұнын жоспарлай алады. Мәтінді өңдейді, құрайды. Осы тапсырманы орындау барысында оқушылардың ойлау қабілеттері дамиды. Шығармашылық әлеуеті арта түседі.</p> <p><b>Төрт сөйлем тәсілі</b></p> <p><b>1. Пікір.</b> Тыңдаған тақырып бойынша өзіндік пікірі бар бір сөйлем жазу.</p> <p><b>2. Дәлел.</b> Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді.</p> <p><b>3. Мысал.</b> Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді.</p> <p><b>4. Қорытынды.</b> Тақырып бойынша қорытынды шығарады.</p>	



**Дәйектеме:** Жаңа материалды жинақтауға, жазылым дағдыларын жетілдіруге бағытталған тапсырма. Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылар оқылым мен тыңдалым бөлігінде танысқан мәтіндерден алған ақпаратты жүйелейді, реттейді, саралайды. Білген ақпаратты өмірлік мысалдармен байланыстырады, дәлелдейді. Тапсырманы орындау барысында оқушылардың ойлау қабілеті дамыды, өзіндік пікірі қалыптасады. Ұжымда жұмыс жасау дағдылары жетіледі.

К е р і  
бай-  
ланыс  
5  
минут

**Рефлексия:** «Телефон» әдісі арқылы оқушылар бір-біріне телефон соғып, бүгінгі сабақты қорытындылап диалог жүргізеді.



**Дәйектеме:** Оқу жетістігін бағалау білім алушының кері байланыс арқылы оқу мақсаттарына сәйкес жоспарланған білім беру үдерісін реттеу және түзету арқылы нақты

[https://  
www.  
google.  
kz/  
search?q  
=  
картин-  
ки](https://www.google.kz/search?q=картинки)

<p><i>қол жеткізген нәтижесін белгілеу үдерісі. Оқушылар сабақ бойы өтілген материалды қорытындылайды. Ойында қалыптасқан түсініктерін жүйелеп, қысқа жауап береді. Тапсырманы орындау кезінде оқушыларды коммуникативтік дағдылары жетіледі.</i></p>
---

<p><b>Саралау</b> – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай түсіндіресіз?</p>	<p><b>Бағалау</b> – оқушыға білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p><b>Пәнаралық байланыс</b> – денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. <b>Құндылық-тармаен байланыс</b> (тәрбие элементтері).</p>
<p><b>Барлық оқушылар:</b> Тірек сөздер мен иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжай алады; негізгі ойды түсінеді.</p> <p><b>Көптеген оқушылар:</b> Мәтін мазмұнын түсіне алады. Мазмұнына бағытталған сұрақтарға жауап бере алады. Өз ойын еркін жеткізе алады.</p> <p><b>Оқушылардың кейбірі орындай алады:</b> Мәтіннің мазмұны бойынша өз пікірін білдіре алады. Оны қорғай алады. Тыңдалым материалы негізінде негізгі ақпаратты сақтай отырып жинақы мәтін жаза алады. Оқиғаның дамуын түрлі нұсқада болжай алады.</p>	<p>1. Жұптық бағалау; 2. Жеке бағалау; 3. Топтық бағалау; 4. Өзін-өзі бағалау; 5. Жалпы сыныптық.</p> <p>Қалыптастырушы бағалаудың бес негізгі стратегиясын ұстанамын. Оқушыларды өздігінен оқу үшін саналы адам ретінде әрекетке тартамын. Бағалау арқылы кері байланыс орнатамын. Кері байланыс үшін «Екі жұлдыз бір тілек», «Бас бармақ», «Бағдаршам», «Қопаштау», «Смайликтер» тәсілдерін қолдандым</p>	<p><i>Сабақта АҚТ, интербелсенді тақта, үлестірмелі материалдар тиімді пайдаланған. Шығармашылық, сын тұрғысынан ойлау, халқымыздың асыл мұрасын қастерлеуге баулу аспектілері тиімді қолданылған.</i></p>

**Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»**  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.05. 2020 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32  
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

И.Каримов көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және  
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №5, 2020 ж., 144 бет, Алматы.